

№1 2026



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



ОРЛЕУ

Шымыкент



РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

МЕДЕТБЕКОВА МЕРУЕРТ АСҚАРБЕКҚЫЗЫ – БАС РЕДАКТОР,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шымкент қаласы бойынша ҚДИ» филиалының директоры, ф.ғ.к.

ФАЗЛАЕВА АЛЬБИНА РИНАТОВНА – ЖАУАПТЫ ХАТШЫ, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шымкент қаласы бойынша ҚДИ» филиалы директорының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, педагогика ғылымдарының магистрі

РАБИҒА ҚУАТБЕКОВА ӘБДІМҰСАЕВНА, профессор, медицина ғылымдарының докторы, Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің ректоры

СИХИМБАЕВА СВЕТА МАМЕТҚЫЗЫ, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің доценті, биология ғылымдарының кандидаты

ДЖУМАГУЛОВА ГУЛЬНАРА ШИНГИСОВНА, Орталық Азия инновациялық университетінің «Жалпы педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының кандидаты

РАХИМЖАНОВА ГУЛЬФАЗИРА ҚОЗЫБАЕВНА, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шымкент қаласы бойынша ҚДИ» филиалы, кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к.

ШОЙМАНОВА МОЛДИР БАЛГАБАЕВНА, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шымкент қаласы бойынша ҚДИ» филиалы, кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к.

АРЫСБАЕВА ЖАРҚЫНАЙ АСЕТУЛЛАЕВНА, Шымкент қаласы білім басқармасы, Әдістемелік орталықтың «Жалпы орта білім беру» бөлімінің басшысы

ШЕРАЛХАН ГҮЛМИРА, Шымкент қаласы Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер

СЕЙТКАЗИЕВА ЗАМИРА САТАРОВНА - шығарушы редактор

НАРМЕТОВА ДИЛЬДАР ХАЛМЕТОВНА - техникалық редактор.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Шымкент қаласы, Дулати көшесі, 201
Жұм.тел: 8(7252)32-32-40

Электрондық пошта: shymkentorleu@gmail.com

Сайт: <https://orleu-edu.kz/>



Медетбекова М.А. Адал азамат: педагог этикеті – құндылықтар бастауы	3
Керімбекова Р.Ә. «Менің бабаларым – қыпшақтар» тақырыбындағы дуэт сабақ: зерттеуге негізделген оқыту тәжірибесі	5
Хавасханова М.Т. Қазақ әдебиетін оқытуда «оқушы – мәтін – өмір» байланысын жасанды интеллект арқылы қалыптастыру	7
Илюбаева Д.Т. Нейропсихологические практики «Мозгового фитнеса» как средство развития когнитивных процессов детей в условиях инклюзивной школы	9
Кидирбаева К.Б. CLIL әдісі: тілді пәнмен біріктіріп оқытудың заманауи тәсілі	11
Мейрбекова Г.А. Білім беру жүйесін жаңғыртуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері	13
Мынбаева Ж.Т. Методические аспекты индивидуализированного обучения говорению на английском языке младших школьников с особыми образовательными потребностями	14
Ерубаева Ж.Н. Иммундық патруль платформасы: мектеп оқушыларының иммундық сауаттылығын қалыптастырудағы инновациялық әдіс	17
Павлова Н.В. Использование искусственного интеллекта для повышения мотивации учащихся при изучении истории	19
Жақат А.Ж. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы АКТ мүмкіндіктері	21
Рыскиева А.А. Сыни тұрғыдан ойлау: заманауи білім берудің іргетасы	23
Салимов Б.Е. Физика сабағында жасанды интеллектті қолданудың негізгі бағыттары	25
Тураева Г.Т. Дизайн-ойлау: болашақ ұрпақтың шығармашылық пен сыни ойлау мектебі	29
Утеминова С.Б. Алғашқы қадамнан үлкен жетістікке: бастауыш білім берудегі тиімді әдіс-тәсілдер мен инновациялық тәжірибелер	31
Мынбаева Ж.Т., Забиякина О.С. STEAM и искусственный интеллект: образование без границ (Разработка дидактических материалов в формате HTML-приложений для уроков биологии и химии в 8 классе)	34
Түнжарық С.Ә. Ерекше балаға – ерекше әрекет	37
Усубалиева Б.О. Бастауыш сынып оқушыларының білімін бағалаудың кейбір педагогикалық-психологиялық негіздері	39
Жусипова А.А. Бастауыш сынып оқушыларының өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру	41
Айбосынова Ф.Ж. Бастауыш сыныпта математика пәнін оқытудың ерекшеліктері	42
Ануарова Г.Т. Физика сабағындағы ынтымақтастық ойлау: Think-Pair-Share әдісі	44
Аргимбаева А.К. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу қабілетін дамыту	46
Палходжаева Д.И. Диалог және рөлдік ойын арқылы сөйлеу қабілетін арттыру	47
Арипбаева К.О. Физика сабақтарында танымдық іскерлікті арттыру құралы ретінде «аударылған сынып» моделі	49
Жетписбаева А.Ж. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мәтінді оқыту әдістерінің тиімділігі	50
Қараулова Г.Ә. Бала тәрбиесіндегі ұлттық рухани сана	52
Жумагулова Ж.Т. Проектная деятельность как эффективный подход к развитию языковой компетенции и гибких навыков учащихся	55
Маметова А.Т. Информатика пәніне жасанды интеллекттің пайдасы	56
Ибрагимова А. Бастауыш сыныптағы педагогикалық технологиялардың теориялық-әдіснамалық негіздері	57
Sarsenova M.B. Present simple tense: usage and teaching methods	59
Сеитова А.Ж. Один класс – разные маршруты: дифференциация на уроке русского языка	61
Жиенқожа Ж.О. Ағылшын тілін оқытуда тиімді қолдануға арналған мәтіндер мен тапсырмалар	63
Аманжолова А.Б. Қазақ әдебиеті сабағында көркем шығармаларды оқу мақсатына сай талдай оқытудың тиімді жолдары	65
Бекмамбетова М.С. Авторская программа элективного курса «Travel English: Planning Your Dream Trip» как средство формирования коммуникативной компетенции учащихся 8 класса	67
Сейдахметова К.А. Мектепке дейінгі білім беруде жасанды интеллектті қолдану: жаңа мүмкіндіктер мен педагогикалық тиімділік	68
Ищанова Е.К. Решение математических задач как инструмент формирования функциональной и коммуникативной грамотности школьников	70
Рыжкова О.П. Текст как инструмент формирования функциональной и коммуникативной грамотности школьников на уроках литературы	73
Мамытова А.М. Современные подходы к развитию читательской грамотности на уроках русского языка и литературы	75



МЕДЕТБЕКОВА МЕРУЕРТ АСҚАРБЕКҚЫЗЫ

“Өрлеу” БАҰО” АҚ
“Шымкент қаласы бойынша
“Педагогтердің кәсіби даму
институты” филиалының
директоры, ф.ғ.к.

АДАЛ АЗАМАТ: ПЕДАГОГ ЭТИКЕТИ – ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ

Қазіргі тіл білімінде сөйлеу мәдениетінің прагматикалық аспектілерін зерттеу – тілдің коммуникативтік табиғатын, яғни адам мен қоғам арасындағы қатынасты нақты түсіндірудің маңызды бағыты. Педагогтің кәсіби сөйлеу мәдениеті білім беру үдерісінде басты рөл атқарады, өйткені ол арқылы тұлғалық ықпал, басқару, сендіру, үйрету жүзеге асады. Сөйлеу мәдениетінің прагматикалық қыры педагогтің сөйлеу актісіндегі адресат факторымен, яғни тыңдаушыға бағытталу сипаты мен тілдік әсер ету стратегияларымен тығыз байланысты.

Искери тілдегі адресат ұғымы. Ресми-іскери стильде адресат әкімшілік, құқықтық және нормативтік ақпаратты қабылдаушы тұлға ретінде танылады. Бұл стильдің ерекшелігі – нақтылық, дәйектілік және тыңдаушыға түсінікті болу. Бұйрық, жарлық, қаулы, хаттама, өтініш, баяндама сияқты жанрларда мәтіннің құрылымы тыңдаушының әлеуметтік мәртебесіне сай құрылады. Автор көпшілікке немесе жекелеген топтарға бағытталған хабарламаны нақты, ресми қалыпта ұсынады.

Адресаттың коммуникативтік-прагматикалық сипаты

Ауызша тілде тыңдаушы — жеке, нақты тұлға ретінде қатысатындықтан, сөйлеу актісінің прагматикалық компоненттері әлеуметтік рөл, эмоциялық фон, интенция (мақсат) және перлокутивті әсер арқылы көрінеді. Әрбір сөйлеу актісі адресатқа бағытталған және оның пресуппозициясына (бұрынғы білімдеріне), интенционалдық үміттеріне (күтілетін әсерге) тәуелді.

Тыңдаушы (білім алушы) диалогқа 6 түрлі әсер етуі мүмкін:

- келісуі;
- қарсылық білдіріп, кешірім сұрауы;
- бәсекелес ретінде қабылдауы (қарсылық білдіру);
- кешірек әсер етуі (қарсылық білдіру, қайта сұрау);

- нақтылаушы әсер (сіздің бұныңыз қалай);
- мән бермеуі мүмкін.

Диалогта тыңдаушы мен сөйлеуші өзара ауысып отыратындықтан, оны С – сөйлеуші, Т – тыңдаушы түрінде белгілеуге болмайды, ол С1, С2 түрінде белгіленуі керек. С2 сөйлеуші ретінде сұраққа жауап бергенде, адресант қызметіне ие болып, алдыңғы репликаларға тәуелді болады.

Сөйлеуші өзінің әлеуметтік, психологиялық қызметін (басқарушы не бағынушы, ересек не бала т.с.с.) көрсетеді, оның шешім қабылдау, коммуникативтік үлесі зор, тыңдаушыға әсер ететін тақырыпты, стратегия мен тактиканы таңдауға еркі бар. Ықпал етуші актілер мен психологиялық қалыптың арасындағы байланыстың орны ерекше екендігін айта келіп, профессор З.Ерназарова: «Сөйлеу актісінің түрін анықтауда тыңдаушының, сөйлеу актісіне қатысушылардың психологиялық қалпын ескеру қажеттігі де айтылады. Ықпал етуші актілер мен психологиялық қалыптың арасындағы байланыстың орны ерекше. Өйткені кез келген сөйлеу актісін жүзеге асыру үшін сөйлеуші қажетті психологиялық қалыпта болу керек. Бір нәрсені нақтылап жеткізу үшін сөйлеуші алдымен өзі оның шынайылығына сену керек. Немесе тыңдаушыға бұйрық бермес бұрын, оны өзі қатты қажет етуі, тілеуі керек», – деп жазады.

Бақылаушы – сөйлеушілердің әңгімесіне қатысы бар адамның пассив қызметі. Бақылаушы (жанама адресат) сөзді түзетіп, қайта сұрай алмайды. Қаттырақ айтшы, қайталап жіберіңізші, естімей қалдым т.с.с. деп сөйлеушілерге талап қоя алмайды. Бақылаушы сөйлесу субъекті ретінде көп көрінбейді. Ол коммуниканттардың әрекеттерін сырттай бағалайды. Жағдаят пен коммуникация бақылаушыға әсер етіп, оның ойын өзгертуі, көңіл күйіне әсер етуі, белгілі бір шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін т.с.с. Осыған байланысты бақылаушы сөйлесудің әрі субъекті, әрі объекті бола алады.

Сондықтан, педагогтің кәсіби коммуникациясында адресат тек ақпарат алушы емес, сонымен бірге мәтін интерпретаторы, яғни мағынаны өз тәжірибесі мен мәдени тезаурусы арқылы түсіндіруші тұлға болып табылады.

Қаратпа және тілдік этикеттегі адресат факторы

Қаратпа сөз – адресатпен тікелей байланыс орнатудың прагматикалық құралы. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы психологиялық және әлеуметтік арақатынасты білдіреді. Профессор З. Ерназарова қаратпалардың түрлерін анықтауда пресуппозиция мен сөйлеу жағдаятының шешуші рөл атқаратынын айтады.

«Мен – сен – осында – қазір» компоненттері

тілдік этикеттің прагматикалық өзегін құрап, сөйлесушілердің мәртебесін, арақатынасын және интонациялық ерекшеліктерін айқындайды. Ресми қатынаста «сіз», бейресми қатынаста «сен» есімдіктерінің қолданылуы – тілдік дистанцияны көрсететін маңызды құрал.

Мысалы, мұғалім мен білім алушы арасындағы диалогта:

- Сізге сұрақ қоюға бола ма?
- Иә, айта беріңіз.

Мұнда ресмилік сақталса, бейресми жағдайда сол қатынас «сен» арқылы жүзеге асады.

Бұйрықты сөйлеу актісі және директивті интенциялар

Бұйыру, өтіну, ұсыныс жасау, кеңес беру сияқты директивті сөйлеу актілері педагогтік дискурстың маңызды бөлігі. Бұл актілердің басты ерекшелігі – адресатқа бағытталған әрекет қозғау сипаты. Мұғалімнің бұйрық не нұсқау беруі – тек тілдік форма емес, оның әлеуметтік мәртебесін, интенциясын және тыңдаушының әрекетке дайындық деңгейін көрсететін прагматикалық процесс.

Педагогтік сөйлеу мәдениетінде адресат факторының рөлі

Педагогтің сөйлеу мәдениеті тек тілдік нормаларды сақтау емес, сонымен бірге тыңдаушыға тиімді ықпал ету тетігі. Адресат факторы педагогтің кәсіби сөйлеуінде келесі функцияларды атқарады:

- Ақпараттық функция: тыңдаушыға нақты білім мен нұсқау жеткізу;
- Психологиялық функция: тілдік құралдар арқылы жағымды эмоциялық байланыс орнату;
- Прагматикалық функция: тыңдаушының іс-әрекетіне әсер ету, белсенділікке ынталандыру.

Сөйтіп, адресат факторы педагогтің сөйлеу актісін мақсатты, мазмұнды және этикалық тұрғыдан үйлестіруге мүмкіндік береді.

Педагогтік сөйлеу мәдениетінің прагматикалық аспектісі – адресатқа бағытталған тілдік және психологиялық ықпал ету жүйесі. Искери және ресми стильдегі коммуникацияда адресат тыңдаушы ретінде ғана емес, тілдік серіктес, интерпретатор, тіпті мәтіннің мағынасын толықтырушы ретінде көрінеді.

Сондықтан педагогтің сөйлеу мәдениеті тек тілдік сауаттылықпен шектелмейді; ол тыңдаушының реакциясын болжай білу, контекст пен жағдаятқа сай тілдік этикетті сақтау және сөйлеудің прагматикалық тиімділігін арттыру сияқты кешенді дағдыларды қамтиды.

Ғалым Н.Уәлиев ауызша сөйлеудегі әр

стильдің өзіндік ерекшелігіне талдау жасай келіп: «Қолына қалам, қағаз алған адам өз ой-пікірін, сезімін жеткізуде әдеби тілдің функционалдық стильдерінің бірін пайдаланады. Сондай-ақ шаршы топ алдына шығып сөйлеуші қай жерде, қандай ортада, кімдердің алдында сөз саптауына қарай, алдына қойған мақсатына орай тілдік амал-тәсілдерді талғайды.

Ауызша іскери тіл мен іскери жазба тіл сандық жағынан да, сапалық жағынан да ерекшеленеді. Искери жазба тіл мәтін бірліктері тұрақты болса, ауызша тілде предикативті бірлік еркін. Шұғыл диалог тілінің негізгі белгілерімен қатар ауызша іскери тілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Жай тіркестер мен жай сөйлемдердің көп қолданылуы, қыстырма сөз, бірыңғай мүше, релятив сияқты күрделендірушілердің қолданылуы, сөйлемнің толымсыз болып келуі, тұрпат межесі мен мазмұн межесінің сәйкес келмеуі жағынан ауызша іскери тіл сөйлеу тіліне жақын. Осыған байланысты ауызша іскери тіл мен жазба іскери тілдің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болады. Сөйлеудің мәтіндік ұйымдасуы іскери жазба тіл канондық мәтіндері формалды-логикалық құрылымды болып келіп, сөйлем мүшелерінің тұрақты орны т.б. ерекшеліктері болса, ауызша тілдің принциптері мүлде бөлек.

Ауызша іскери тілдің мәтіндік ұйымдасуының өзіндік белгілері бар: біріншіден, қатынас түріне және диалогты тілдің типологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ол қалыпты жазба мәтіндерден ерекшеленеді. Екіншіден, бір тақырыпқа негізделуі, ассоциативті байланыстардың болмауы, этика талаптарының қатаңдығы жүзеге асуы жағынан сөйлеу тілінен бөлек болып келеді. Лексикалық, морфологиялық және синтаксистік сипаты бойынша, ауызша іскери тіл сөйлеу тіліне жақын болғанымен, әңгіме ресми жағдайда, ресми қарым-қатынаста жүзеге асатындықтан, ауызша іскери тіл мен сөйлеу тілін теңестіруге болмайды. Лексикасының терминдік сипатының басым болуы, зат есімнің жиі қолданылуы, үстеудің сирек қолданылуы, іскери стильдің тұрақтанған тіркестерінің қолданылуы, диалогтың сюжетке құрылмауы, тілдік ниетінің жүзеге асуы, этикет талаптарының сақталуы ауызша іскери тіл өзіндік ерекшелігі болып табылады. Ауызша іскери тілдің стильге қатысын айқындауда іскери қатынаста қандай тіл басым екенін анықтаудың маңызы зор.



ӘОЖ 371.3

**Керімбекова
Раушан Әпенқызы**

«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шымкент қаласы бойынша ҚДИ» филиалының жаратылыстану-математикалық бағыттағы кафедраның аға оқытушысы

«МЕНИҢ БАБАЛАРЫМ – ҚЫПШАҚТАР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДУЭТ САБАҚ: ЗЕРТТЕУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада тәжірибеден өткен дуэт сабақтың тиімділігі мен оны ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Сонымен қатар сабаққа талдау беріледі. Сабақ берудегі екі мұғалімнің командада жұмыс жасауының тиімді жолдары мен оның теориялық негіздемелерінен дәлелдемелер келтіріледі. Дуэт сабақ оқушылардың белсенділігін арттыруға, командалық жұмысқа дағдыландыруға көмектеседі.

«Сапалы білім» жобасының жоспарына сәйкес 2026 жылдың 18 ақпан күні «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шымкент қаласы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушылары мен Шымкент қалалық білім басқармасы Әдістемелік орталығының әдіскерлері дуэт сабағын өткізді.

Педагогикада бұл тәсіл көбіне бірлескен оқыту (co-teaching) немесе командалық оқыту (team teaching) деп аталады. Дуэт сабақтың негізгі ерекшелігі – сабақтың мазмұнын, құрылымын және әдістерін екі мұғалімнің бірлесіп жоспарлауы және жүзеге асыруы. Бұл үйлесім педагог қызметкерлерді кәсіби даярлықтан өткізетін аға оқытушылар мен әдістемелік қолдау көрсететін әдіскерлердің арасында орын алды.

Дуэт сабақтың дәстүрлі сабақтан негізгі айырмашылықтары бірнеше аспектіден тұрады.

1. Бірлескен жоспарлау. Дуэт сабақта екі педагог сабақтың мақсаттарын, тапсырмаларын және бағалау тәсілдерін бірге анықтайды. Бұл сабақ мазмұнының терең әрі жан-жақты құрылуына мүмкіндік береді.

2. Оқытудағы рөлдердің бөлінуі. Сабақ барысында педагогтер белгілі бір рөлдерді бөліседі. Мысалы, бір мұғалім жаңа тақырыпты түсіндірсе, екіншісі оқушылардың жұмысын бақылап, кері байланыс береді.

3. Әдіс-тәсілдердің көптүрлілігі. Екі педагогтің тәжірибесі мен педагогикалық стилі әртүрлі болғандықтан, сабақта қолданылатын әдістер де алуан түрлі болады. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырады.

4. Сараланған қолдау мүмкіндігі. Дуэт

сабақта оқушылармен жеке немесе шағын топтармен жұмыс істеу мүмкіндігі артады. Бір мұғалім сыныптың негізгі бөлігімен жұмыс істесе, екіншісі қосымша қолдауды қажет ететін оқушыларға көмектесе алады.

5. Кәсіби тәжірибе алмасу. Мұндай сабақтар мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етеді. Себебі педагогтер бір-бірінің тәжірибесін бақылап, тиімді әдістерді үйренеді.

Дуэт сабақтың ғылыми негізі ХХ ғасырдың ортасында қалыптасқан командалық оқыту (team teaching) теориясына байланысты. Бұл әдіс алғаш рет 1960-жылдары АҚШ пен Ұлыбритания мектептерінде қолданылған. Педагогикалық зерттеулерде командалық оқытуды дамытуға Джером Брунер, Дэвид Джонсон және Роджер Джонсон сияқты ғалымдардың еңбектері ықпал етті.

Дуэт сабақ (co-teaching) оқыту сапасын арттыруға бағытталған тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі болғанымен, оны жоспарлау және жүзеге асыру барысында мұғалімдер бірқатар қиындықтарға тап болуы мүмкін. Бұл қиындықтар көбіне ұйымдастырушылық, әдістемелік және кәсіби өзара әрекеттестік мәселелерімен байланысты. Зерттеушілердің пікірінше, co-teaching тиімді болуы үшін мұғалімдерге жоспарлау үшін арнайы уақыт бөлу қажет. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, сабақтың құрылымы толық үйлеспей қалуы мүмкін (Friend & Cook, 2010).

Дуэт сабақта әр педагогтің рөлі нақты анықталуы тиіс. Кейбір жағдайларда, міндеттер нақты бөлінбегенде бір мұғалім белсенді, ал екіншісі пассивті болуы мүмкін. Сабақ барысында қай мұғалімнің қандай әрекет жасайтыны түсініксіз болады, оқушылардың назарын басқару қиындық туғызады. Сондықтан дуэт сабақта оқыту, бақылау, бағалау және кері байланыс беру міндеттері алдын ала келісіліп жоспарлануы қажет.

Әр мұғалімнің өзінің жеке педагогикалық стилі, оқыту әдісі және тәжірибесі болады. Кей жағдайда мұғалімдердің оқыту тәсілдері бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, бір мұғалім дәстүрлі түсіндіру әдісін қолданса, екіншісі белсенді оқыту әдістерін қолдануы мүмкін. Бұл айырмашылықтар кейде сабақтың бірізділігін бұзып, оқушылардың түсінуіне әсер етуі мүмкін.

Кейбір оқушылар бір сабақта екі мұғалімнің болуы жағдайына бірден бейімделе алмайды. Әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін: екі түрлі талапқа бейімделу, екі түрлі нұсқауды қабылдау, назарды шоғырландыру қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан дуэт сабақта мұғалімдердің талаптары мен нұсқауларының бірізді болуы маңызды.

Жоғарыдағы бірнеше тәжіриберлерді ескере отырып 3-сыныптың дүниетану пәні бойынша «Менің бабаларым – қыпшақтар» тақырыбындағы сабақтың жоспары құрылып, жүргізілді.

Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға қыпшақ тайпаларының өмір салты, тұрмыс-тіршілігі

мен мәдениеті туралы білім бере отырып, зерттеу және салыстыру дағдыларын қалыптастыру.

Сабаққа дайындық барысында қысқа мерзімді жоспар бірлесіп құрылды, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер анықталды. Сабақ барысында белсенді оқыту әдістері, зерттеуге негізделген тапсырмалар және цифрлық ресурстар қолданылды.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында Wordwall платформасы арқылы «Құпия сандық» ойыны ұйымдастырылды. Ойын барысында ежелгі сақ дәуірінен келе жатқан түрлі тұрмыстық құралдардың суреттері көрсетіліп, оқушылар олардың атауы мен қолданылу мақсатын анықтады.

Бұл әдіс оқушылардың өткен білімдерін еске түсіріп, жаңа тақырыпқа логикалық түрде өтуіне мүмкіндік берді. Белсенді оқыту тәсілдерін қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, танымдық белсенділігін күшейтеді (Hattie, 2012).

Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында модельденген оқу әдісі қолданылды. Оқушыларға қыпшақ тайпаларының тарихи кезеңі, мекендеген аймақтары, негізгі шаруашылық түрлері және тұрмыс-тіршілігі туралы мәліметтер берілді.

Ақпарат арнайы дайындалған презентация арқылы ұсынылды. Көрнекілік әдісін қолдану оқушылардың ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, олардың есте сақтау қабілетін арттырады (Блум, 1956).

Жаңа білімді бекіту мақсатында оқулықпен жұмыс жүргізілді. Бұл кезеңде «Досыңмен оқы» әдісі қолданылып, оқушылар мәтінді кезектесіп оқыды. Бірлескен оқу әрекеті оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және бір-бірінен үйренуіне мүмкіндік береді.

Жұптық жұмыс барысында «Деректі ізде» және «Бос орынды толтыр» тапсырмалары ұсынылды. Тапсырманың негізгі мақсаты – оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту және тарихи ақпаратты түсіну деңгейін анықтау.

Оқушылар оқулықтағы мәтінді пайдалана отырып, қыпшақтардың мекендеген жерлері, негізгі кәсібі, өсірген мал түрлері және тұрмыс-тіршілігі туралы ақпараттарды тапты. Сонымен қатар бос орындарды тиісті сөздермен толықтырды. Тапсырма орындау барысында қолдауды қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылып, сараланған оқыту элементтері қолданылды. Сараланған оқыту әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуына мүмкіндік береді (Tomlinson, 2014).

Сабақтың келесі кезеңінде «Ұқсастық шеңбері» атты тапсырма орындалды. Презентация арқылы қыпшақтар мен қазіргі



қазақтардың ұлттық киім үлгілері көрсетілді. Оқушылар суреттерді салыстыра отырып, екі халықтың киім үлгілеріндегі ұқсастықтарды анықтады және Венн диаграммасы арқылы дәптерлеріне жазды. Бұл тапсырма тарихи сабақтастықты түсінуге және салыстырмалы талдау жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Сабақ барысында оқушылардың белсенділігін сақтау мақсатында «Көшпелі тайпа» атты қимылды ойын ұйымдастырылды. Оқушылар малшылар, жауынгерлер және шеберлер болып үш топқа бөлінді. Әр топ өздерінің рөлдерін қимыл арқылы көрсетіп, басқа топтар олардың қандай кәсіп иелері екенін анықтады. Бұл тапсырма оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге ықпал етті.

Топтық жұмыста зерттеу әдісі қолданылды. Оқушыларға қосымша дереккөздер ұсынылып, тарихи тұрмыстық заттарға зерттеу жүргізу тапсырылды. Топтарға келесі тақырыптар берілді: 1-топ – тары, 2-топ – ат әбзелдері, 3-топ – киіз үй.

Оқушылар берілген дереккөздерді пайдаланып заттың сипаттамасын, қолданылу мақсатын және шығу тегін зерттеп, кесте арқылы қорытынды жасады. Зерттеуге негізделген оқыту оқушылардың сыни ойлауын дамытуға және өз бетімен білім алуына мүмкіндік береді (Bruner, 1961).

Сабақ соңында «Бір сөзбен айт» әдісі арқылы кері байланыс жүргізілді. Оқушылар қыпшақтардың өмір салты туралы үш мысал келтіріп, сабақ барысында алған білімдерін қорытындылады.

Сабақты бірге жүргізген әріптесіммен рефлексия жасап, келесідей тұжырымға келдік.

Біріншіден, зерттеу әдісіне оқушылардың толық дағдыланбағаны байқалды. Қосымша дереккөздермен жұмыс жасау барысында кейбір оқушылар қиындықтарға тап болды.

Екіншіден, зерттеу тапсырмаларындағы ашық сұрақтарға жауап беру кезінде оқушылар салыстыру және болжам жасау дағдыларын жеткілікті деңгейде қолдана алмады.

Алдағы тәжірибеде зерттеу тапсырмаларын біртіндеп күрделендіру, жоғары деңгейлі сұрақтарды жүйелі қолдану және қосымша дереккөздермен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару жоспарлануда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Блум Б. Таксономия образовательных целей. – Нью-Йорк, 1956.
2. Bruner J. The Process of Education. – Harvard University Press, 1961.
3. Hattie J. Visible Learning for Teachers. – London: Routledge, 2012.



ӨЖ 372.882

**Хавасханова
Мукаддам Тахировна**Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Қарасу ауылы, №74 жалпы білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДА «ОҚУШЫ – МӘТІН –
ӨМІР» БАЙЛАНЫСЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде «оқушы – мәтін – өмір» арасындағы мазмұндық байланысты қалыптастырудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Автор әдеби шығарманы оқытуда оқушының жеке өмірлік тәжірибесіне, құндылықтық бағдарларына және сыни ойлау қабілетіне сүйене отырып, жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану мүмкіндіктерін талдайды. Зерттеудің мақсаты – қазақ әдебиеті сабақтарында жасанды интеллект технологияларын пайдалану арқылы оқушының әдеби мәтінді терең түсінуін, оны өмірмен байланыстыра талдауын және функционалдық сауаттылығын арттырудың педагогикалық моделін ұсыну. Зерттеу барысында жасанды интеллект негізінде құрастырылған тапсырмалар (кейіпкермен диалог, өмірлік жағдаятты модельдеу, мәтінге рефлексиялық сұрақтар құрастыру, балама шешімдер ұсыну) жүйеленіп, олардың оқу үдерісіндегі тиімділігі тәжірибе жүзінде сараланды. Мақалада ұсынылған әдістемелік тәсілдер қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің тәжірибесінде қолдануға бағытталған және білім алушылардың тұлғалық дамуына ықпал ететін тиімді құрал ретінде сипатталады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, жасанды интеллект, «оқушы – мәтін – өмір» байланысы, функционалдық сауаттылық.

Кіріспе. Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушының білімді дайын күйінде қабылдаушы емес, оны өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып саналы түрде меңгеретін тұлға ретінде қалыптасуы – басты басымдықтардың бірі болып отыр. Бұл талап қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде ерекше маңызға ие, себебі көркем мәтін оқушының дүниетанымын, құндылықтық бағдарын және азаматтық көзқарасын қалыптастырудың негізгі құралы саналады. Алайда дәстүрлі оқыту тәжірибесінде әдеби шығарманы тек мазмұндық талдау немесе теориялық сипатта меңгеру басым болып, оқушының мәтінді өз өмірімен байланыстыра

қабылдауы жеткілікті деңгейде жүзеге аса бермейді. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби білім беруде «оқушы – мәтін – өмір» арасындағы мазмұндық байланысты жүйелі түрде қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Аталған байланыс оқушының көркем шығарманы жеке тәжірибесі, өмірлік ұстанымы және әлеуметтік ортасымен сабақтастыра түсінуіне мүмкіндік береді, нәтижесінде әдеби мәтін оқушы үшін өмірлік мәні бар рухани құндылыққа айналады. Соңғы жылдары білім беру үдерісіне қарқынды енгізіліп жатқан **жасанды интеллект технологиялары** оқытудың мазмұны мен форматын жаңғыртуға жаңа мүмкіндіктер ұсынып отыр. Жасанды интеллект негізіндегі құралдар оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге, тапсырмаларды даралауға, мәтінмен интерактивті жұмыс жүргізуге және рефлексиялық ойлауын дамытуға жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде қазақ әдебиеті сабақтарында мәтінді оқушының өмірлік тәжірибесімен байланыстыра талдаудың тиімді жолдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған байланысты қазақ әдебиетін оқытуда жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып, «оқушы – мәтін – өмір» байланысын қалыптастырудың педагогикалық және әдістемелік негіздерін айқындау қажеттілігі туындап отыр. Бұл бағыттағы зерттеулер әдеби білімнің сапасын арттырумен қатар, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңашыл тәсілдерді ғылыми тұрғыдан негіздеуді көздейді. Осы мақалада қазақ әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті қолдану арқылы әдеби мәтінді оқушының өмірімен байланыстыра оқытудың тиімді жолдары талданып, тәжірибелік тұрғыда негізделген әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Әдістеме. Зерттеу жұмысы қазақ әдебиеті сабақтарында «оқушы – мәтін – өмір» арасындағы байланысты қалыптастыруда жасанды интеллект технологияларын қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу үдерісінде теориялық талдау, педагогикалық тәжірибе және рефлексиялық бағалау әдістері кешенді түрде қолданылды. Зерттеу сапалық және тәжірибелік-бағдарланған сипатта жүргізілді. Негізгі назар оқушылардың әдеби мәтінді қабылдау ерекшеліктерін, оны өмірлік жағдаяттармен байланыстыра талдау дағдыларын және жасанды интеллект көмегімен орындалған тапсырмалардың оқу нәтижесіне ықпалын анықтауға аударылды. Зерттеу жұмысына жалпы білім беретін мектептің 7–9-сынып оқушылары қатысты. Оқушылардың жас ерекшеліктері, оқу деңгейлері және әдеби мәтінді қабылдау қабілеттері ескерілді. Сабақ барысында әртүрлі деңгейдегі оқушыларға арналған дараланған тапсырмалар ұсынылды. Зерттеу барысында төмендегі әдістемелік құралдар қолданылды:

– Жасанды интеллектке негізделген мәтінмен жұмыс тапсырмалары (кейіпкермен диалог құру, мәтіндегі мәселені қазіргі өмірмен салыстыру,

балама шешім ұсыну);

– Рефлексиялық сұрақтар жүйесі, оқушының жеке көзқарасын қалыптастыруға бағытталған;

– Өмірлік жағдаятты модельдеу әдісі, яғни көркем шығармадағы оқиғаға ұқсас қазіргі өмірден алынған жағдайларды талдау;

– Жеке және топтық жұмыс формалары, оқушының коммуникативтік және сыни ойлау қабілетін дамыту мақсатында;

– Салыстырмалы талдау әдісі, әдеби мәтін мен қазіргі әлеуметтік шындық арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін.

Жасанды интеллект құралдары оқушыға дайын жауап ұсыну үшін емес, ой қозғау, сұрақ қою, бағыт беру құралы ретінде пайдаланылды. Мұғалім тарапынан тапсырмалардың мазмұны мен бағыты қатаң педагогикалық бақылауда болды.

Практикада қолдану. Ұсынылған әдістеме қазақ әдебиеті сабақтарында жүйелі түрде тәжірибеде қолданылды. Сабақ барысында көркем шығарманы меңгерту үдерісі оқушының жеке тәжірибесіне сүйене отырып ұйымдастырылып, әдеби мәтіннің мазмұнын өмірлік жағдайлармен байланыстыруға басымдық берілді. Жасанды интеллект құралдары мәтінмен жұмыс барысында бағыттаушы және көмекші ресурс ретінде пайдаланылып, оқушылардың дербес ойлауын дамытуға жағдай жасалды. Практикалық жұмыс барысында оқушыларға әдеби шығарма кейіпкерлерінің әрекеттеріне қатысты ашық сұрақтар ұсынылып, оларды қазіргі өмірлік жағдаяттармен салыстыру тапсырылды. Мысалы, кейіпкердің таңдауы мен мінез-құлқын бүгінгі қоғамдағы ұқсас жағдайлармен байланыстыра талдау, балама шешім ұсыну, жеке көзқарасын дәлелдеу сияқты тапсырмалар орындалды. Жасанды интеллект көмегімен құрастырылған сұрақтар мен бағыттаушы тірек сөздер оқушылардың ой қорытуына қолдау көрсетті. Сабақтың келесі кезеңінде оқушылар мәтін мазмұнына негізделген қысқаша рефлексиялық жұмыстар орындады. Олар көркем шығармадағы көтерілген мәселенің өз өміріндегі маңызын анықтап, алған әсері мен тұжырымын жазбаша түрде білдірді. Бұл жұмыс формасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, әдеби мәтінді саналы қабылдауына ықпал етті. Практика нәтижесінде оқушылардың әдеби мәтінді талдау белсенділігі артқаны, өз ойын еркін әрі дәлелді жеткізу дағдысы қалыптасқаны байқалды. Сонымен қатар көркем шығарманың өмірлік мәнін түсіну деңгейі жоғарылап, оқушылардың әдебиет пәніне деген қызығушылығы артты. Ұсынылған тәсілдер қазақ әдебиеті

сабақтарында тиімді қолдануға болатын практикалық құрал ретінде өзіндік нәтижесін көрсетті.

Ұсыныстар. Қазақ әдебиетін оқытуда «оқушы – мәтін – өмір» байланысын жасанды интеллект арқылы қалыптастыруда жасанды интеллект құралдарын әдеби мәтінді терең түсінуге, оқушының жеке көзқарасын дамытуға және өмірлік тәжірибесімен байланыстыруға бағытталған көмекші құрал ретінде қолдану ұсынылады. Әдеби шығармаларды меңгерту барысында кейіпкерлердің іс-әрекеттерін қазіргі өмірлік жағдаяттармен салыстыруға, балама шешімдер ұсынуға және мәтінге рефлексия жасауға негізделген тапсырмаларды жүйелі түрде енгізу маңызды. Сонымен қатар оқушылардың оқу деңгейі мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жасанды интеллект көмегімен дараланған тапсырмалар әзірлеу әдеби талдау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сабақ құрылымында оқушының өз ойын еркін білдіруіне жағдай жасайтын қысқаша рефлексиялық жұмыстарға басымдық беру оқушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Жасанды интеллектті қолдану үдерісінде мұғалімнің бағыттаушы және бақылаушы рөлі сақталып, барлық тапсырмалар педагогикалық мақсат пен оқу мазмұнына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер қазақ әдебиеті сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен өмірлік маңызға ие ой қорыту дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды. Қазақ әдебиетін оқытуда «оқушы – мәтін – өмір» байланысын жасанды интеллект арқылы қалыптастыру оқушылардың әдеби мәтінді саналы түрде меңгеруіне және оны өмірлік тәжірибесімен байланыстыра талдауына мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік бағыт болып табылады. Зерттеу барысында жасанды интеллект құралдарын бағыттаушы әрі көмекші ресурс ретінде қолдану оқушының дербес ойлау қабілетін сақтауға, жеке көзқарасын қалыптастыруға және шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал ететіні анықталды. Тәжірибелік жұмыс нәтижелері әдеби мәтінді талдау үдерісінде оқушылардың белсенділігі артқанын, өз ойын дәлелді жеткізу және рефлексия жасау дағдыларының қалыптасқанын көрсетті. Сонымен қатар көркем шығарманың өмірлік мәнін түсіну деңгейі жоғарылап, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен пәнге деген қызығушылығының артқаны байқалды. Ұсынылған әдістемелік тәсілдер қазақ әдебиеті сабақтарының мазмұнын жаңғыртуға, оқыту үдерісін тұлғалық-бағдарлы бағытта ұйымдастыруға және заманауи білім беру талаптарына сәйкес сапалы нәтиже көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту тәжірибесін жетілдіруге негіз бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 36- қосымша. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>
3. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған "Қазақ әдебиеті" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 78-қосымша <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Лабиринт, 2019.
5. Bloom B.S. Taxonomy of Educational Objectives. Handbook I: Cognitive Domain. – New York: Longman, 1984.
6. OECD. Innovative Learning Environments. – Paris: OECD Publishing, 2020.
7. Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: Атамұра, 2020.
8. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 2018.



УДК 376

**Илюбаева
Динара Ташетовна**

педагог-психолог
КГУ «Общеобразовательная школа
села Двуречное» Есильского района,
Ақмолинской области

**НЕЙРОПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРАКТИКИ
«МОЗГОВОГО ФИТНЕСА» КАК СРЕДСТВО
РАЗВИТИЯ КОГНИТИВНЫХ ПРОЦЕССОВ ДЕТЕЙ В
УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОЙ ШКОЛЫ**

Аннотация. В статье рассматривается опыт внедрения коррекционно-развивающей программы «Мозговой фитнес», направленной на развитие межполушарного взаимодействия и когнитивных функций обучающихся в условиях инклюзивного образования. Раскрывается значение нейробиологических и кинезиологических упражнений в системе психолого-педагогического сопровождения детей школьного возраста. Представлена структура программы, включающая сенсомоторные, дыхательные и когнитивные упражнения. Результаты апробации свидетельствуют о положительной динамике развития внимания, саморегуляции и учебной мотивации учащихся.

Современная система образования Республики Казахстан ориентирована на формирование личности, обладающей высоким уровнем функциональной грамотности, развитым интеллектом и способностью к успешной социальной адаптации [1]. В условиях инклюзивного образования особую значимость приобретает развитие профессиональной культуры специалистов психолого-педагогического сопровождения, которые обеспечивают поддержку обучающихся с различными образовательными потребностями.

Младший и средний школьный возраст характеризуются интенсивным развитием высших психических функций и формированием межполушарных связей головного мозга. Нарушения взаимодействия между полушариями могут проявляться в трудностях концентрации внимания, снижении темпа переработки информации, проблемах саморегуляции поведения и учебной деятельности.

Исследования в области нейробиологии подтверждают, что целенаправленная стимуляция сенсомоторной сферы способствует гармонизации когнитивных процессов и развитию регуляторных функций мозга [2]. В этой связи особый интерес представляют упражнения, направленные на активизацию межполушарного взаимодействия.

Одним из таких методов является «**мозговой фитнес**», представляющий собой систему двигательных и когнитивных упражнений, способствующих улучшению работы мозга и повышению эффективности учебной деятельности.

Цель и задачи исследования

Цель исследования – теоретически обосновать и апробировать коррекционно-развивающую программу «Мозговой фитнес», направленную на развитие межполушарного взаимодействия и когнитивных процессов у детей 7–13 лет в условиях инклюзивной школы.

Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи:

- проанализировать научные источники по проблеме нейробиологической коррекции;
- разработать структуру коррекционно-развивающей программы;
- адаптировать упражнения к возможностям обучающихся с различным уровнем подготовки;
- определить динамику когнитивных показателей учащихся;
- оценить влияние программы на уровень саморегуляции и учебной мотивации.

Теоретические основания программы.

Методологическую основу исследования составляют положения нейробиологической теории системной динамической локализации высших психических функций, разработанной А. Р.

Лурией [2]. Данная концепция рассматривает психические процессы как результат взаимодействия различных функциональных систем мозга.

Важное значение имеют также исследования А. В. Семенович, посвященные нейробиологической коррекции нарушений развития в детском возрасте [3]. Автор отмечает, что развитие сенсомоторных функций является основой формирования более сложных когнитивных процессов.

Дополнительную теоретическую основу составляют кинезиологические методы развития межполушарных связей, представленные в работах П. Деннисона [4]. Перекрестные движения и координационные упражнения способствуют активизации мозолистого тела и интеграции функций обоих полушарий.

Важное значение для понимания развития ребенка имеет культурно-историческая теория Л. С. Выготского, согласно которой психическое развитие происходит в процессе социальной деятельности и взаимодействия ребенка со взрослым [5].

Структура программы «Мозговой фитнес»

Занятия проводятся 2–3 раза в неделю. Продолжительность одного занятия составляет 25–30 минут.

Программа включает четыре основных блока.

1. Кинезиологический блок

Основная задача блока – активизация межполушарного взаимодействия и развитие координации движений.

Используются упражнения:

- «Перекрестные шаги»
- «Ладонь – кулак – ребро»
- «Ухо – нос»

Регулярное выполнение перекрестных движений способствует улучшению концентрации внимания и повышению работоспособности учащихся.

2. Сенсомоторный блок

Задача блока – развитие мелкой моторики и зрительно-двигательной координации.

Применяются следующие упражнения:

- рисование одновременно двумя руками;
- графомоторные дорожки;
- пальчиковая гимнастика.

Развитие мелкой моторики положительно влияет на формирование речи и интеллектуальных процессов [3].

3. Дыхательно-регулятивный блок

Этот блок направлен на развитие навыков саморегуляции и снижение уровня тревожности.

Используются упражнения:

- «Квадратное дыхание»
- диафрагмальное дыхание

- упражнение «Свеча».

Такие упражнения способствуют нормализации эмоционального состояния учащихся и повышению устойчивости к стрессовым ситуациям.

4. Когнитивный блок

Включает упражнения, направленные на развитие внимания, памяти и логического мышления.

Применяются:

- задания на переключение внимания;
- упражнения на развитие зрительной и слуховой памяти;
- логические мини-игры.

Результаты практической апробации

Апробация программы проводилась в группах обучающихся в возрасте от 7 до 13 лет.

Наблюдения показали положительные изменения в следующих направлениях:

- увеличение продолжительности произвольного внимания;
- снижение количества ошибок в письменных заданиях;
- улучшение дисциплины на уроках;
- повышение учебной мотивации.

Например, у одного из учащихся 8 лет, ранее испытывавшего трудности концентрации внимания, после восьми недель занятий наблюдалось значительное снижение импульсивности и улучшение результатов учебной деятельности.

Использование перекрестных упражнений перед началом уроков способствовало повышению включенности обучающихся в учебный процесс.

Практическая значимость исследования

Разработанная программа может использоваться: педагогами-психологами общеобразовательных школ; учителями инклюзивных или общеобразовательных классов; специалистами системы психолого-педагогического сопровождения.

Преимуществом программы является возможность ее применения без использования специального оборудования, что делает методику доступной для школ с различным уровнем материально-технического обеспечения.

Заключение. Результаты исследования показывают, что использование нейробиологических упражнений в формате «мозгового фитнеса» является эффективным инструментом развития когнитивных функций и межполушарного взаимодействия у детей школьного возраста.

Включение подобных практик в систему психолого-педагогического сопровождения способствует повышению эффективности образовательного процесса и формированию инклюзивной образовательной среды.

Развитие нейробиологических



технологий открывает новые возможности для совершенствования профессиональной деятельности педагога-психолога и повышения качества психолого-педагогической помощи детям.

Список литературы:

1. Лурия А. Р. Основы нейропсихологии. – М.: Академический проект, 2019. – 352 с.
2. Семенович А. В. Нейропсихологическая коррекция в детском возрасте. – СПб.: Питер, 2021. – 448 с.
3. Деннисон П., Деннисон Г. Развиваем интеллект ребенка: упражнения «Брейн Джим». – М.: Речь, 2020. – 176 с.
4. Выготский Л. С. Проблемы детской психологии. – М.: Педагогика, 2018. – 320 с.
5. Слободчиков В. И., Исаев Е. И. Психология развития человека. – М.: Школа-Пресс, 2020. – 512 с.

ӨЖ 372.882



Кидирбаева Кунсулу Боранбаевна

Шымкент қаласы, М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 мамандандырылған гимназия, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

CLIL ӘДІСІ: ТІЛДІ ПӘНМЕН БІРІКТІРІП ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі білім беру жүйесінде қолданылып жүрген CLIL (*Content and Language Integrated Learning*) әдісінің маңызы қарастырылады. Мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың пәндік білімін тереңдету және тілдік дағдыларын дамыту мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар бұл технологияның білім сапасын арттырудағы тиімділігі мен заманауи білім беру үдерісіндегі өзектілігі сипатталады.

Қазіргі заманның білім беру жүйесі үздіксіз жаңарып, дамып келеді. Оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдері жаңа педагогикалық технологиялармен толықтырылып, оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған инновациялық тәжірибелер кеңінен қолданылуда. Осы тұрғыдан алғанда, CLIL әдісі – Content and Language Integrated Learning, яғни мазмұн мен тілді біріктіріп оқыту технологиясы – бүгінгі білім кеңістігінде ерекше орын алады. Акимбекова Ш.А., Алипова Ә.Т. және Малгаждар М. атап өткендей, CLIL тәсілі шет тілін оқытудағы заманауи, тиімді педагогикалық бағыттардың бірі болып табылады [1]. Бұл әдіс оқушыларға бір мезгілде пән мазмұнын игеруге де, тілдік дағдыларын дамытуға да мүмкіндік

береді. Оның тиімділігі сан алуан елдердің мектептері мен жоғары оқу орындарында дәлелденген болса да, Қазақстан үшін де бұл тәсіл аса маңызды және өзекті болып табылады.

CLIL әдісінің мәні мен философиясы. CLIL әдісі алғаш рет 1990-жылдары Еуропада кеңінен тарала бастады. Бұл термин негізін қалаушы David Marsh (1994) CLIL-ді «пән мазмұнын шетел тілінде меңгеру және де көзделген пәнді меңгере отырып, шетел тілін үйрену» деп сипаттады [2]. Яғни, бұл оқыту тәсілінде пән оқу объектісі болса, тіл сол пәнді меңгерту құралы ретінде қарастырылады. Оқытудың мақсаты білім алушыда бір уақытта пән мен шетел тілінің құзыретін қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі күнге дейін CLIL – жаһандану кезеңінде еш өзгеріске түспеген, тұрақты педагогикалық технологиялардың бірі ретінде әлемдік білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуда.

Бұл әдіснаманың ғылыми негізі ретінде Д. Койл ұсынған «4C» моделі белгілі: Content (мазмұн), Communication (коммуникация), Cognition (когниция) және Culture (мәдениет) [1; 2]. Осы төрт бағыт оқушының тілдік және танымдық дамуын кешенді қамтамасыз ету мақсатын алға қояды. Букабаева Б.Е. және т.б. зерттеулерінде атап өткендей, «Content» қағидасы пән мазмұны мен білім берудің мақсаттарын; «Cognition» қағидасы Блум таксономиясы негізінде ойлау қабілетін дамытуды; «Culture» қағидасы мәдени құзыреттілікті қалыптастыруды қамтиды [2]. Яғни, CLIL сабағында оқушы тек жаңа сөздер мен тіркестер үйреніп қоймайды – ол сыни ойлауын жетілдіреді, пәндік білімін тереңдетеді және мәдениетаралық сауаттылығын дамытады.

CLIL үдерісінде оқушының танымдық-академиялық тілдік құзыреті (CALP – Cognitive Academic Language Proficiency) қалыптасады. Дж. Кумминстың теориясына сәйкес тілдің екі түрін ажырата білу маңызды: қарым-қатынас тілі (BICS) және академиялық тіл немесе ойлау тілі (CALP) [3]. CLIL үдерісі осы екі деңгейдің де дамуына ықпал ете отырып, білім алушының коммуникативтік де, академиялық да құзыреттілігін бір мезгілде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиетін тарих және өнер пәндерімен байланыстыру. Қазақстандық мектептерде CLIL әдісін қолданудың ең табиғи жолдарының бірі – қазақ әдебиетін тарих және өнер пәндерімен байланыстыра оқыту. Мәселен, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын оқып жатқан оқушы тек шығармашылық мәтінмен ғана шектелмей, Абай Құнанбаевтің өмір сүрген тарихи дәуірін, ол кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдайды, дала өркениетін де зерделейді. Зерттеушілердің пайымдауынша, CLIL тәсілі «білім алушының белгілі бір пәннің арнайы тілдік терминологиясын меңгеруін, оларды білім үрдісінде немесе тәжірибеде қолдана білуге дайындауды» қамтиды [4]. Бұл принцип қазақ тілі мен әдебиеті

сабақтарына да толық қолданылады: тарихи деректер, мәдени контекст пен өнер тілі оқушының тілдік сауаттылығын жетілдіреді.

Өнер пәнімен байланыс та сондай нәтижелі. Ақын-жыраулардың шығармаларын талдағанда олардың орындалу стилін, музыкалық мәнін, домбыра өнерімен сабақтасуын зерттеу оқушыны тіл мен мәдениеттің бірлігін терең сезінуге итермелейді. Акимбекова және т.б. атап өткендей, CLIL шеңберінде пәндік тақырыптар бойынша материалдарды қолдану арнайы сөздік қорды меңгеруге және академиялық сөйлеу дағдыларын дамытуға тікелей ықпал етеді [5]. Жоғары оқу орындарында CLIL элементтерін шағын модульдер түрінде енгізу тәжірибесі мұның тиімді жолы ретінде ұсынылады. Мұндай сабақтарда студенттер кәсіби мәтіндерді оқиды, талқылайды, жобалар орындайды.

Пәнаралық байланыс арқылы тілдік құзыреттілікті арттыру. Пәнаралық байланыс CLIL әдісінің іргелі тіреуі болып табылады. Бір ғана тақырыпты – мысалы, «Жер және табиғат» тақырыбын – бірнеше пән тарапынан бірдей зерделеу оқушының ойлау аймағын кеңейтеді. Осы тақырып аясында биология пәні табиғаттың ғылыми сипатын берсе, қазақ әдебиеті – Сәкен Сейфуллиннің немесе Ілияс Жансүгіровтің табиғат лирикасын ұсынады, ал тарих сабағы – халықтың жер мен табиғатпен тарихи байланысын ашады. Осылай кешенді оқу үрдісі тілдік сөздік қорды органикалық жолмен байытып, тіл мен мазмұнды бөліп-жармай қабылдауға жол ашады.

Тілдік құзыреттілік – бұл тек сөйлей немесе жаза білу ғана емес, тілді мақсатты, мазмұнды, шығармашыл түрде қолдана алу. Букабаева Б.Е. және т.б. зерттеушілер CLIL педагогіне тілдік даярлау мен кәсіби дайындық модульдерін бөлек жоспарлауды ұсынады: тілдік дайындық модулі педагогтың шетел тіліндегі академиялық тілдік құзыретін (CALP) қалыптастырса, кәсіби дайындық модулі CLIL әдісін практикада жүзеге асыру дағдыларын меңгертеді [2]. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мектеп бағдарламасын CLIL принциптеріне сәйкес жоспарлау, мұғалімдердің пәнаралық ынтымақтастығы мен жалпы педагогикалық мәдениеті ерекше маңызға ие болады.

Scaffolding тәсілі де CLIL үдерісінде маңызды орын алады. Л.С. Выготскийдің «проксималды даму аймағы» концепциясына негізделген бұл тәсіл педагогтың рөлін оқушыға танымдық мәселелерді шешуде ықпал жасаушы ретінде анықтайды [2]. Яғни, мұғалім оқушыны жай мазмұн беруші ғана емес, оны пән тіліне бауырластырушы, ойлауын дамытушы тұлға ретінде қатысады. Бұл CLIL-дің пәнаралық байланыс тұжырымдамасымен органикалық үйлеседі.

Жасанды интеллект, цифрлық ресурстар және CLIL оқытудың болашағы. Заманауи

технологиялардың білім беру саласына енуі CLIL әдісінің мүмкіндіктерін бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеруде. Айтбенбетова А.Қ. және Жолдасова Н.Н. зерттеулерінде атап өткендей, бүгінгі күні мұғалімдер онлайн-платформалар мен қосымшаларды сабақтың тиісті кезеңдеріне кіріктіріп, «оларды тек қосымша материал ретінде ғана емес, сабақ өткізудің негізгі құралы ретінде де пайдалана бастады» [3]. Бұл тәжірибе CLIL принципімен үндес: тіл мен пән мазмұны цифрлық ортада да бір-бірімен ажырамас байланыста дамиды.

Мысалы, отандық BilimLand платформасы – мультимедиялық сабақтар мен интерактивті жаттығулар арқылы мұғалімдердің тиімді көмекшісіне айналған кешенді білім беру порталы. Платформадағы бейнесабақтар мен анимациялар арқылы берілген ақпарат оқушылар үшін қызықтырақ әрі түсініктірек болады [3]. Сол сияқты, Kahoot, Quizlet сияқты интерактивті құралдар сабаққа ойын элементтерін енгізіп, жаңа сөздерді, грамматикалық ережелерді немесе пәндік терминдерді тартымды форматта меңгертуге мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, осындай жылдам кері байланыс оқушылардың оқу мотивациясына оң әсер етіп, олардың белсенділігін ұзақ сақтайды [3].

Жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің де білім беру саласына енуі осы цифрлық трансформацияның жаңа кезеңін білдіреді. ChatGPT, Gemini, Claude сияқты ЖИ-қосымшалары оқушыларға тіл үйренуде тікелей жеке тьютор ретінде қызмет ете алады. Мұғалім мен оқушы арасындағы дәстүрлі қарым-қатынасты толықтыра отырып, жасанды интеллект оқушының мәтінін талдап, қателерін түзетеді, тілдік тұрғыдан кеңес береді, сонымен бірге пән мазмұнына байланысты сұрақтарды да жан-жақты ашып береді. Зерттеушілер болашақта цифрлық ресурстардың «жаңа технологиялармен (AI, VR/AR) толығынын» және «қазақ тіліне бейімделген контент көлемі ұлғайып, сапасы тереңдейтінін» болжайды [5].

ЖИ технологиясының CLIL жүйесіне интеграциясы мұғалімдерге де үлкен мүмкіндіктер ашады. Педагог сабақ материалдарын пәнаралық байланыспен, кешенді мазмұнмен жылдам жоспарлап, оқушылардың деңгейіне сай бейімделген тапсырмалар дайындай алады. Зерттеушілер CLIL-сабақтарын ұйымдастыруда мұғалімнен «пәндік оқытушылармен тығыз байланыс пен материалды мұқият іріктеу» талап етілетінін [1], сонымен қатар CLIL педагогінің «үздіксіз кәсіби жетілдіру курстарына қатысуы» қажет екенін атап өткен [2]. Жасанды интеллект арқылы осы іріктеу мен жаңарту жұмысы неғұрлым тиімді жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте ЖИ тек көмекші құрал екенін, ал педагогтың шығармашылық ойы мен жылы



жүректілігінің орнын ешбір технология толық алмастыра алмайтынын – «технология қаншалық дамыса да, оны оқу үдерісіне тиімді енгізетін басты тұлға – ұстаз» екенін есте сақтаған жөн [3].

CLIL әдісі – бүгінгі білім берудің жаңа философиясының бір бөлігі. Ол тілді бөлек, оқшауланған пән ретінде емес, барлық білімнің ажырамас арнасы ретінде қарастырады. Қазақстан үшін бұл тәсілдің маңызы ерекше: мемлекеттік деңгейде бекітілген үштілді білім беру саясаты аясында CLIL технологиясы жоғары сыныптарда жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асырудың педагогикалық негізі болып табылады [2]. Бұл бастама тек тілдік дағдыны дамытумен ғана шектелмей, жалпы білім сапасын арттыруда да шешуші рөл атқарады.

Зерттеушілердің тұжырымдауынша, «нақты сөйлеу тәжірибесіне, өзара әрекетке және мазмұнды тілдік қолдануға негізделген оқыту сөйлеу дағдысының сапалы дамуының басты кепілі болып табылады» [1]. Цифрлық ресурстарды дұрыс пайдаланған жағдайда «білім нәтижелерін жақсартуға болатыны байқалады» [3], ал жасанды интеллект дәуірінде CLIL технологиясы одан да үлкен қуатқа ие болмақ. Болашақ мектебі – тілдер, пәндер және технологиялар үйлесімді ынтымақтасып, оқушыны жан-жақты дамытатын кеңістік. Ал CLIL әдісі сол болашаққа бастайтын педагогикалық жолдың ең сенімді бағдарларының бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Акимбекова Ш.А., Алипова Ә.Т., Малгааждар М. Ағылшын тілі сабағында сөйлеу дағдысын дамыту жолдары // Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы. – 2025. – №3(50). – Б. 131–139. DOI: <https://www.doi.org/10.69927/NQZC6765>
2. Букабаева Б.Е., Кемелбекова З.А., Ержанова Г.А. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында педагог құзыретінің қалыптасуы мен дамуы (CLIL технологиясы негізінде) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2021. – №3(71). – Б. 38–45. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-5496.04>
3. Cummins J. BICS and CALP: Empirical and Theoretical Status of the Distinction. – 2008.
4. Айтбенбетова А.Қ., Жолдасова Н.Н. Қазақ тілін оқытудағы цифрлық ресурстар: тиімділігі мен болашағы // Filologik tadqiqotlar taraqqiyoti va ta'lim muammolari mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya. – 2025. – Б. 310–315. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.17932864>
5. Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010. – 184 б.



ӨЖ 371.3

Мейрбекова Галия Азизхановна

«Өрлеу» БАҰО» АҚ «Шымкент қаласы бойынша ҚДИ» филиалының аға оқытушысы, педагогика және психология ғылымдарының магистрі

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды енгізу үдерісі қарқынды дамып келеді. Соның ішінде жасанды интеллект технологиялары оқыту процесін жетілдірудің маңызды құралдарының бірі ретінде қарастырылуда. Мақалада білім беру саласында жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері, оның оқыту сапасына ықпалы және білім беру үдерісін ұйымдастырудағы жаңа тәсілдері талданады. Сонымен қатар, жасанды интеллект негізінде жүзеге асатын дербестендірілген оқыту, адаптивті білім беру жүйелері, білім алушылардың оқу жетістіктерін талдау және бағалау мүмкіндіктері қарастырылады. Автор білім беру жүйесінде жасанды интеллектті тиімді қолданудың педагогикалық және технологиялық шарттарын айқындайды.

Қазіргі жаһандану жағдайында қоғамның дамуы білім беру жүйесінің мазмұны мен ұйымдастырылуына жаңа талаптар қойып отыр. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласында инновациялық тәсілдерді қолданудың қажеттілігін арттырды. Осындай технологиялардың бірі – жасанды интеллект.

Жасанды интеллект технологиялары білім беру процесін жаңаша ұйымдастыруға, оқытуды дербестендіруге және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу процесін тиімді басқаруға жағдай жасайды. Осыған байланысты білім беру жүйесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан талдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіндегі рөлі

Бүгінгі күні жасанды интеллект көптеген салаларда кеңінен қолданылып келеді. Білім беру саласында бұл технологиялар оқыту процесін ұйымдастырудың жаңа моделдерін қалыптастыруға ықпал етуде.

Жасанды интеллектке негізделген жүйелер үлкен көлемдегі деректерді талдау арқылы білім

алушылардың оқу әрекетін зерттеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқыту мазмұнын білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу жүзеге асады. Сонымен қатар, интеллектуалды жүйелер оқыту процесін автоматтандыруға, оқу материалдарын тиімді ұйымдастыруға және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға көмектеседі.

Дербестендірілген оқытуды ұйымдастыру мүмкіндіктері

Жасанды интеллект технологияларының маңызды артықшылықтарының бірі – дербестендірілген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік беруі.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде барлық білім алушыларға бірдей оқу бағдарламасы ұсынылады. Ал жасанды интеллектке негізделген жүйелер әр білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Мысалы, интеллектуалды оқыту платформалары білім алушының:

- оқу қарқынын
- білім деңгейін
- оқу стилін
- қызығушылықтарын талдау арқылы оқу материалдарын бейімдей алады.

Бұл тәсіл білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың оқу нәтижелерінің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Оқытудың жаңа модельдерін қалыптастыру

Жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесінде жаңа оқыту модельдерінің пайда болуына ықпал етуде. Соның ішінде адаптивті оқыту жүйелері, онлайн білім беру платформалары және гибриді оқыту форматтары ерекше маңызға ие.

Адаптивті оқыту жүйелері білім алушының әрекеттеріне байланысты оқу материалдарын өзгертіп отырады. Бұл оқыту процесін икемді және тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, виртуалды ассистенттер мен цифрлық көмекшілер білім алушыларға оқу барысында қосымша қолдау көрсетеді. Мұндай құралдар білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына жағдай жасайды. Бұл өзгерістер мұғалімнің рөлін төмендетпейді, керісінше оны оқу процесін ұйымдастырушы және бағыттаушы ретінде жаңа деңгейге көтереді.

Білім сапасын бағалаудағы жасанды интеллекттің мүмкіндіктері

Білім беру жүйесінде бағалау процесі маңызды орын алады. Жасанды интеллект технологиялары бұл процесті жетілдіруге үлкен мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған бағалау жүйелері білім алушылардың тапсырмаларын жылдам талдап, олардың оқу жетістіктерін анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, мұндай жүйелер білім алушының оқу процесіндегі даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Формативті бағалау барысында жасанды интеллект құралдарын пайдалану білім алушыларға

дер кезінде кері байланыс беруге және оқу барысында кездесетін қиындықтарды анықтауға жағдай жасайды.

Жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары мен шектеулері

Білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың бірқатар артықшылықтары бар. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- оқыту процесінің тиімділігін арттыру
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру
- уақыт пен ресурстарды үнемдеу
- білім сапасын объективті бағалау

Сонымен қатар, бұл технологияларды енгізу барысында бірқатар қиындықтар да кездеседі. Мысалы, деректер қауіпсіздігі мәселелері, педагогтердің цифрлық құзыреттілігі және техникалық инфрақұрылымның жеткілікті деңгейде болмауы.

Сондықтан жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізу кезең-кезеңімен және ғылыми негізде жүзеге асырылуы қажет.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологиялары қазіргі білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл технологиялар оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға және білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жасанды интеллектті білім беру жүйесінде тиімді қолдану педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыруды, білім беру инфрақұрылымын жетілдіруді және ғылыми зерттеулерді дамытуды талап етеді.

Болашақта жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып, оқыту процесінің жаңа моделдерін қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Холмс У., Биалик М., Фадел Ч. Білім берудегі жасанды интеллект: оқыту мен оқудың мүмкіндіктері мен салдары. – Бостон: Curriculum Redesign орталығы, 2019. – 226 б.
2. ЮНЕСКО. Жасанды интеллект және білім беру: саясаткерлерге арналған нұсқаулық. – Париж: ЮНЕСКО, 2021. – 64 б.
3. Деде К. Терең оқытудағы цифрлық технологиялардың рөлі // Терең оқыту бойынша зерттеулер сериясы. – Бостон: Jobs for the Future, 2014. – Б. 1–14.
4. Селвин Н. Роботтар мұғалімді алмастыра ала ма? Білім берудің болашағы және жасанды интеллект. – Кембридж: Polity Press, 2019. – 120 б.
- Бейкер Р.С., Инвентадо П.С. Білім беру деректерін өндіру және оқу аналитикасы // Оқу аналитикасы. – Нью-Йорк: Springer, 2014. – Б. 61–75.



УДК 376.1

Мынбаева Жанар Тасбулатовна

учитель английского языка КГУ
«Общеобразовательная школа
села Двуречное» Есильского района,
Акмолинской области

МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИНДИВИДУАЛИЗИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ ГОВОРЕНИЮ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Аннотация. В статье рассматриваются особенности организации индивидуализированного обучения устной речи на английском языке младших школьников с особыми образовательными потребностями в условиях малокомплектной школы. Раскрывается взаимосвязь педагогической культуры учителя и эффективности реализации инклюзивного обучения. Представлена система методических приемов, направленных на развитие коммуникативной компетенции обучающихся с учетом их когнитивных и речевых особенностей. Результаты педагогической апробации демонстрируют положительную динамику развития речевых навыков и мотивации учащихся.

Ключевые слова: педагогическая культура, индивидуализация обучения, инклюзивное образование, говорение, английский язык, малокомплектная школа.

Введение. Развитие системы образования Республики Казахстан ориентировано на формирование личности, способной к эффективной коммуникации, критическому мышлению и успешной социальной адаптации в условиях глобализирующегося мира [1]. Одним из важнейших направлений модернизации образования является повышение качества обучения иностранным языкам и обеспечение доступности образования для всех категорий обучающихся, включая детей с особыми образовательными потребностями [2].

В условиях инклюзивного образования особую значимость приобретает индивидуализация обучения, предполагающая учет когнитивных, психологических и речевых особенностей каждого учащегося. Реализация данного принципа становится особенно актуальной в малокомплектной школе, где обучение осуществляется в условиях ограниченных ресурсов и разноуровневой подготовки учащихся [3].

Особые трудности у младших школьников с

особыми образовательными потребностями вызывает формирование навыков устной речи. Процесс говорения требует одновременного использования лексических, грамматических и фонетических средств языка, а также способности строить коммуникативно значимые высказывания [4].

В этой связи возрастает значение педагогической культуры учителя, которая проявляется в способности создавать благоприятную образовательную среду, обеспечивать поддержку каждому обучающемуся и применять гибкие методические стратегии обучения.

Цель и задачи исследования.

Цель исследования – разработать и апробировать модель индивидуализированного обучения говорению на английском языке младших школьников с особыми образовательными потребностями в условиях малокомплектной школы.

Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи:

- изучить теоретические основы индивидуализации обучения и инклюзивного образования;
- определить педагогические условия эффективного формирования навыков говорения;
- разработать систему упражнений, учитывающих индивидуальные особенности обучающихся;
- проанализировать динамику развития речевых навыков учащихся в ходе педагогического эксперимента.

Методология исследования.

Теоретическую основу исследования составили положения коммуникативного подхода к обучению иностранным языкам, разработанные в трудах отечественных и зарубежных ученых [4; 5]. Данный подход рассматривает язык прежде всего как средство общения и предполагает формирование у учащихся способности использовать его в реальных коммуникативных ситуациях.

Также использованы идеи личностно-ориентированного обучения, предполагающие учет индивидуальных образовательных потребностей учащихся и создание условий для их личностного развития [6].

В процессе исследования применялись следующие методы: анализ научной и методической литературы; педагогическое наблюдение; педагогический эксперимент; анкетирование учащихся; количественный и качественный анализ результатов.

Организация экспериментальной работы

Экспериментальная работа проводилась на базе КГУ «Общеобразовательная школа села Двуречное» Акмолинской области.

В исследовании приняли участие учащиеся начальных классов, имеющие различные

особенности развития, включая задержку психического развития, речевые нарушения и сниженный темп усвоения учебной информации.

Организация обучения строилась на следующих принципах: индивидуализация темпа и содержания обучения; создание психологически комфортной образовательной среды; использование визуальной и аудиальной поддержки; постепенное усложнение речевых заданий; регулярная рефлексия учебной деятельности.

Методические подходы к формированию навыков говорения

Дифференциация заданий

Каждое упражнение предусматривало три уровня сложности:

1. **репродуктивный уровень** – повторение речевых образцов;
2. **частично-продуктивный уровень** – использование речевых шаблонов;
3. **продуктивный уровень** – самостоятельное формулирование высказывания.

Такой подход позволил обеспечить доступность заданий для учащихся с разным уровнем подготовки.

Мультимодальный подход. В процессе обучения применялись различные формы представления информации: аудиозаписи с замедленным темпом речи; карточки с пиктограммами и иллюстрациями; видеоматериалы с субтитрами; предметные модели для организации ролевых игр.

Использование мультимодальных средств обучения способствует лучшему усвоению информации учащимися с различными типами восприятия [7].

Микрообучение. Эффективным оказалось использование кратких речевых модулей продолжительностью 5–7 минут. Такой формат позволил снизить когнитивную нагрузку и повысить концентрацию внимания учащихся.

Игровые технологии. В ходе занятий применялись коммуникативные игровые упражнения:

- **Echo Chain** – повторение фраз по цепочке;
- **Find a Pair** – соотнесение фраз с изображениями;
- мини-диалоги с использованием предметных моделей;
- аудиозапись собственных высказываний учащихся с последующим обсуждением.

Игровые методы способствуют повышению мотивации и снижению речевой тревожности учащихся [8].

Результаты исследования

По результатам педагогического эксперимента была зафиксирована положительная динамика развития речевых навыков учащихся.

Показатель	До эксперимента	После эксперимента
Навыки говорения	40 %	75 %
Лексико-грамматические умения	45 %	80 %
Мотивация к изучению языка	50 %	85 %

Полученные данные свидетельствуют о повышении коммуникативной активности учащихся и снижении речевой тревожности.

Практическая значимость.

Разработанная методическая модель может быть использована: учителями иностранного языка малокомплектных школ; педагогами инклюзивных классов; методистами системы повышения квалификации педагогов; наставниками молодых специалистов.

Предложенная система обучения не требует использования сложного оборудования и может быть реализована в условиях ограниченных образовательных ресурсов.


Заключение. Индивидуализированное обучение говорению в условиях инклюзивной малокомплектной школы является важным показателем педагогической культуры учителя.

Использование дифференциации заданий, мультимодальных средств обучения, микрообучения и игровых технологий способствует эффективному формированию коммуникативной компетенции учащихся с особыми образовательными потребностями.

Результаты исследования подтверждают перспективность дальнейшего развития индивидуализированных методик обучения иностранным языкам как одного из направлений модернизации образовательной практики.

Список литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан «Стратегия Казахстана-2050: новый политический курс состоявшегося государства». – Астана, 2012.
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 г. № 319-III.
3. Richards J. C., Rodgers T. S. Approaches and Methods in Language Teaching. – Cambridge: Cambridge University Press, 2014.
4. Brown H. D. Teaching by Principles: An Interactive Approach to Language Pedagogy. – New York: Pearson Education, 2020.
5. Бим И. Л. Теория и практика обучения иностранным языкам. – М.: Просвещение, 2009. – 256 с.
6. Колесникова Т. А., Колокольникова З. У., Лобанова О. Б. Применение инновационных технологий в образовательном процессе современной школы // Научное обозрение. Педагогические науки. – 2017. – № 6. – С. 261–269.
7. Азимов Э. Г., Щукин А. Н. Новый словарь методических терминов и понятий. – М.: ИКАР, 2009. – 448 с.



ӨЖ 372.857

**Журбаева
Жансулу Нурмахановна**

Шымкент қаласы, №89 ІТ мектеп-лицейінің
биология пәні мұғалімі, биология магистрі

**ИММУНДЫҚ ПАТРУЛЬ ПЛАТФОРМАСЫ: МЕКТЕП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИММУНДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС**

Аңдатпа. Бұл мақалада «Иммундық патруль» білім беру платформасын мектеп тәжірибесінде қолданудың педагогикалық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың иммундық жүйе туралы ғылыми түсініктерін қалыптастыру, денсаулық мәдениетін дамыту және цифрлық білім беру ресурстары арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру. Зерттеу барысында бақылау, тәжірибе, сауалнама, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі, денсаулыққа жауапкершілігі және зерттеушілік дағдылары артқаны анықталды. Платформаны қолдану оқытудың тиімділігін жоғарылатып, білім сапасына оң әсер ететіні дәлелденді.

Қазіргі жаһандану жағдайында адам денсаулығын сақтау, аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі әлемдік деңгейдегі өзекті проблемалардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары орын алған пандемиялық жағдайлар, жұқпалы және созылмалы аурулардың көбеюі, қоршаған орта факторларының өзгеруі оқушылардың иммундық жүйе туралы білім деңгейін арттыру қажеттілігін айқын көрсетті. Осыған байланысты білім беру жүйесінде оқушылардың иммундық сауаттылығын қалыптастыру, денсаулық мәдениетін дамыту, профилактикалық білімді күшейту басты бағыттардың біріне айналып отыр. Иммундық сауаттылық – бұл адамның иммундық жүйенің құрылымы мен қызметі, жұқпалы аурулардың таралу жолдары, алдын алу шаралары, вакцинацияның маңызы, жеке және қоғамдық гигиена, дұрыс тамақтану және өмір салты туралы ғылыми негізделген білімді меңгеруімен сипатталатын кешенді ұғым. Бұл ұғым тек биология пәні аясында ғана емес, сонымен қатар тұлғаның өмірлік дағдыларын, қауіпсіздік мәдениетін және әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруда маңызды орын алады. Қазіргі мектеп оқушылары цифрлық ортада өсіп келе жатқандықтан, олардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктері өзгеріп,

дәстүрлі оқыту әдістерінің тиімділігі төмендеп отырғаны байқалады. Сондықтан білім беру үдерісіне инновациялық, цифрлық және интерактивті технологияларды енгізу қажеттілігі туындайды. Зерттеудің өзектілігі – мектеп оқушыларының иммундық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі, денсаулыққа қатысты жалған ақпараттардың кең таралуы, цифрлық ортадағы ақпараттық қауіптердің артуы және білім беру үдерісінде инновациялық әдістерді қолдану қажеттілігімен негізделеді. Сонымен қатар, бұл мәселе Қазақстан Республикасының білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі – оқушылардың функционалдық және ғылыми сауаттылығын дамыту талаптарымен де байланысты. Осыған байланысты, зерттеудің мақсаты – «Иммундық патруль» цифрлық платформасын қолдану арқылы мектеп оқушыларының иммундық сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігін анықтау және оның білім беру үдерісіндегі инновациялық мүмкіндіктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу.

Өзектілігі. Қазіргі таңда оқушылардың иммундық сауаттылығы жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан. Бұл жағдай жұқпалы аурулардың, соның ішінде тұмау, вирустық инфекциялар мен созылмалы аурулардың таралуының артуымен дәлелденеді. Әлемдік деңгейде орын алған World Health Organization деректері бойынша, жасөспірімдер арасында профилактикалық шараларды сақтау деңгейі төмен және денсаулыққа қатысты жалған ақпараттардың таралуы жоғары. Сонымен қатар, пандемия кезеңі оқушылардың иммунитет, вакцинация және жеке гигиена туралы ғылыми білімдерінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Осыған байланысты мектеп жағдайында иммундық сауаттылықты қалыптастыру, денсаулық мәдениетін дамыту және цифрлық білім беру құралдарын қолдану өзекті болып отыр.

Әдістемелік негізі. Зерттеудің әдістемелік негізі білім берудегі құзыреттілікке бағытталған, тұлғалық-бағдарлы және зерттеушілік оқыту тұжырымдамаларына сүйенеді. «Иммундық патруль» платформасын оқу үдерісіне енгізу барысында конструктивизм теориясы негізге алынып, оқушылардың өз бетінше білім құрастыруы, тәжірибе арқылы меңгеруі және алынған білімді өмірлік жағдайларда қолдану дағдылары қалыптастырылды. Оқыту барысында **зерттеушілік оқыту (Inquiry-based learning), жобалық оқыту (Project-based learning) және STEM-білім беру элементтері** қолданылды. Бұл тәсілдер оқушылардың ғылыми ойлауын, сыни талдау қабілетін, мәселені шешу және ақпаратты өңдеу дағдыларын дамытуға бағытталды. Сабақтарда проблемалық сұрақтар, тәжірибелік зертханалық жұмыстар, кейс-тапсырмалар, цифрлық симуляциялар, интерактивті тесттер мен ойын элементтері кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында

келесі әдістер қолданылды:

Педагогикалық эксперимент – «Иммундық патруль» платформасын оқу үдерісіне енгізу және оның тиімділігін анықтау;

Бақылау – оқушылардың сабақ барысындағы танымдық белсенділігін қадағалау;

Сауалнама және тестілеу – иммундық сауаттылық деңгейін бастапқы және қорытынды кезеңде салыстыру;

Салыстырмалы талдау – дәстүрлі оқыту мен цифрлық платформаны қолдану нәтижелерін салыстыру;

Статистикалық өңдеу – алынған нәтижелердің сапалық және сандық көрсеткіштерін талдау.

Тәжірибелік бөлім. Зерттеудің тәжірибелік бөлімі Шымкент қаласындағы №89 ІТ мектеп-лицейінде 2024 жылдан бастап пилоттық жоба ретінде 5-6 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Тәжірибеге 60 оқушы қатысып, олар бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Эксперименттік топта биология пәні сабақтарында «Иммундық патруль» платформасы жүйелі түрде қолданылса, бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері жүргізілді. Оқыту барысында оқушылар иммундық жүйенің құрылымы мен қызметі, жұқпалы аурулардың алдын алу, вакцинация, жеке гигиена, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты туралы тақырыптар бойынша цифрлық тапсырмалар орындады. Платформада интерактивті тесттер, бейнематериалдар, зертханалық модельдер, ситуациялық тапсырмалар және жобалық жұмыстар қамтылды. Сонымен қатар, оқушылар шағын зерттеу жүргізіп, «Дұрыс тамақтану және иммунитет», «Гигиена – денсаулық кепілі», «Вакцинацияның маңызы» сияқты тақырыптарда презентациялар мен постерлер әзірледі. Сабақ барысында зерттеушілік және жобалық оқыту әдістері қолданылып, оқушылардың топтық жұмысы, ақпаратты талдау және тәжірибелік дағдылары дамытылды.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері «Иммундық патруль» платформасын оқу үдерісінде қолдану оқушылардың иммундық сауаттылығын қалыптастыруда тиімді екенін көрсетті. Эксперименттік топтағы оқушылардың бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері салыстырылғанда білім деңгейінің айтарлықтай артқаны анықталды. Атап айтқанда, иммундық жүйенің құрылымы мен қызметі, жұқпалы аурулардың алдын алу, вакцинация және жеке гигиена туралы білім көрсеткіштері орта есеппен 30–35%-ға жоғарылағаны байқалды. Сауалнама қорытындылары бойынша оқушылардың 80%-дан астамы цифрлық платформаны қолдану сабақтың қызықты әрі түсінікті болуына ықпал еткенін көрсетті.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері «Иммундық патруль» платформасын қолдану оқушылардың иммундық сауаттылығын қалыптастыруда тиімді екенін көрсетті. Бұл нәтижелер заманауи білім беру

жүйесінде цифрлық технологияларды енгізудің маңыздылығын дәлелдейді. Платформа оқушылардың теориялық білімін өмірмен байланыстырып, денсаулыққа қатысты ақпаратты саналы түрде қабылдауына мүмкіндік берді. Талдау барысында дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда цифрлық және интерактивті тәсілдердің оқушылардың оқу мотивациясына, танымдық белсенділігіне және өздігінен білім алуына оң әсер ететіні анықталды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Иммундық патруль» платформасын мектеп оқушыларының білім беру үдерісіне енгізу олардың иммундық сауаттылығын тиімді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Эксперименттік топтағы оқушылардың иммундық жүйе туралы білім деңгейі, профилактикалық дағдылары және денсаулыққа жауапкершілік сезімі бақылау тобына қарағанда жоғары болып шықты. Платформа оқушылардың теориялық білімін тәжірибелік тапсырмалар мен жобалық жұмыстар арқылы бекітуге, сыни ойлау мен зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар, цифрлық және интерактивті оқыту элементтері оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырды, функционалдық сауаттылық пен өмірлік дағдыларды қалыптастыруға жағдай жасады.

Қорытындылай келе, «Иммундық патруль» платформасы оқушылардың иммундық сауаттылығын арттыруда тиімді педагогикалық құрал болып табылады және білім беру үдерісінде инновациялық тәсіл ретінде енгізуге лайықты.

Сурет 1 – Иммундық патруль платформасының интерфейсі.



Сурет 2 – Оқушылардың тәжірибелік жұмыстары. Диаграмма 1 – Білім сапасының өзгеру динамикасы.



**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Alberts B. Molecular Biology of the Cell. – New York: Garland Science, 2017.
2. Murphy K. Janeway's Immunobiology. – New York: Garland Science, 2016.
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
4. OECD. Global competence for an inclusive world. – Paris, 2020.
5. Назарбаев Н.Ә. Білім қоғамы. – Алматы, 2019.



УДК 372.893

Павлова Наталья ВячеславовнаУчитель истории школы-гимназии
№ 45 города Шымкент

способностей школьников.

Искусственный интеллект представляет собой совокупность компьютерных технологий и алгоритмов, обеспечивающих выполнение задач, традиционно требующих интеллектуальной деятельности человека. К таким задачам относятся анализ и обработка информации, распознавание образов и речи, моделирование ситуаций, принятие решений и обучение на основе больших массивов данных. В образовательной практике данные возможности могут быть использованы для разработки новых форм организации учебной деятельности, направленных на активизацию познавательного интереса учащихся и развитие их исследовательских навыков. Но также искусственный интеллект может решить задачу, которую не могут решить многие педагоги: создание визуальных элементов на любую тему.

Особое значение технологии искусственного интеллекта приобретают в преподавании истории, поскольку позволяют не только работать с текстовой информацией, но и осуществлять визуализацию исторических процессов, реконструировать события прошлого и моделировать образы исторических личностей. Применение нейросетевых сервисов, таких как ChatGPT, MidJourney, Kandinsky, «Шедеврум», способствует повышению интерактивности уроков, разнообразию форм учебной деятельности, а также созданию условий для реализации творческих и исследовательских проектов учащихся.

Одним из наиболее удобных инструментов для работы с текстовой информацией является сервис ChatGPT, который позволяет работать с текстом: задания на поиск ошибок в историческом источнике, их редактирование, сопоставление различных точек зрения на исторические события, написание эссе на заданную тему, сценариев исторических реконструкций и диалогов исторических персоналий.

На этапе постановки целей урока могут использоваться такие методические приемы, как создание проблемной ситуации, постановка познавательных вопросов, анализ визуальных источников и работа с гипотезами. Применение данных методов способствует активизации мыслительной деятельности учащихся и вовлечению их в процесс изучения новой темы.

На стадии осмысления и закрепления учебного материала учащимся можно предложить работу с историческими источниками при помощи нейросетей: анализировать документы, находить малоизвестные факты о исторических личностях, перерабатывать сложный материал в краткую и доступную форму. В качестве домашнего задания эффективными являются творческие задания различного уровня сложности: написание рассказа от имени очевидца исторических событий,

разработка тестов по изученной теме, создание виртуальной экскурсии, фотогалереи или исторического фотоархива. Подобные задания стимулируют познавательную активность школьников и повышают интерес к предмету.

Например при изучении темы «**Казахстан в годы Великой Отечественной войны**» учащимся можно предложить домашнее задание: с помощью искусственного интеллекта создать виртуальную «историческую галерею» героев войны – например, Алии Молдагуловой, Маншук Маметовой или Бауыржана Момышулы. Нейросеть может помочь оформить краткие биографические тексты, визуальные материалы и интерактивные карточки. Такая работа способствует развитию исследовательских навыков и формированию патриотического сознания учащихся.

Вместе с тем использование технологий искусственного интеллекта в образовательной практике связано с определенными методическими рисками. К их числу относятся возможные фактические неточности в сгенерированном контенте, необходимость критической проверки информации, а также потенциальное снижение уровня самостоятельной аналитической деятельности учащихся при чрезмерном использовании нейросетевых инструментов. В связи с этим особое значение приобретает педагогическое сопровождение и формирование у обучающихся навыков критической оценки информации.

Важную роль в преподавании истории играет визуализация. Для лучшего восприятия и запоминания информации учебный материал можно дополнять изображениями, созданными при помощи нейросетей. Например, сервис MidJourney способен генерировать реалистичные изображения исторических персонажей, достоверные портреты которых не сохранились до наших дней, например Христофора Колумба или Рюрика. Однако при работе с подобными сервисами необходимо формулировать точные и детализированные запросы, поскольку результат генерации напрямую зависит от качества сформулированного задания.

В своей педагогической практике при создании визуальных материалов я чаще использую нейросети Kandinsky и «Шедеврум», так как они являются более доступными для образовательной деятельности.

На уроках повторения и обобщения знаний эффективно применение проектных технологий. Учащиеся делятся на мини-группы и получают задание визуализировать исторические события с помощью нейросетей. Работа может выполняться непосредственно со смартфонов, что делает процесс обучения более удобным и

современным.


Использование искусственного интеллекта для визуализации исторических событий значительно повышает вовлеченность учащихся в образовательный процесс и способствует более глубокому усвоению материала. Современные технологии позволяют создавать реконструкции исторических событий. Например, в рамках изучения темы «**Образование Казахского ханства**» учащимся можно предложить задание с использованием нейросетей: создать визуальную реконструкцию событий XV века, связанных с переселением султанов Керей и Жанибека и образованием нового государства. С помощью генерации изображений учащиеся могут представить, как выглядели кочевые поселения, одежда и вооружение того времени. После этого школьники анализируют полученные изображения, сопоставляя их с историческими источниками и учебным материалом. Благодаря этому учащиеся могут представить, как происходили исторические процессы, что помогает лучше понять исторический контекст.

Визуализация исторических процессов имеет ряд педагогических преимуществ. Во-первых, она активизирует когнитивные процессы учащихся и ускоряет усвоение информации. Исследования показывают, что визуальная информация воспринимается и запоминается значительно быстрее, чем текстовая.

Во-вторых, визуальные образы создают эмоциональную связь с историческими событиями, что делает изучение истории более осмысленным и лично значимым.

Отдельное направление применения искусственного интеллекта связано с реконструкцией утраченных памятников архитектуры. Многие исторические объекты были разрушены или не сохранились до наших дней. С помощью технологий искусственного интеллекта можно воссоздать их внешний облик и показать учащимся, как они выглядели в прошлом. Кроме того, нейросети позволяют создавать видеоролики, демонстрирующие процесс строительства архитектурных сооружений, развитие городов и изменение их инфраструктуры на протяжении времени.

Еще одним перспективным направлением использования искусственного интеллекта является создание аудиовизуальных образовательных материалов. Технологии синтеза речи и генерации видео позволяют создавать тематические видеоролики, в которых исторические персонажи рассказывают о событиях своей эпохи. Примером подобного подхода является проект «ИИнтервью», в рамках которого искусственный интеллект



обрабатывает информацию из дневников, писем, книг, монографий исторических личностей и формирует виртуальный образ исторической личности, способный отвечать на вопросы интервьюера. Также ИИ использует фотографию человека, создавая анимацию лица, имитируя реальное общение.

Таким образом, внедрение технологий искусственного интеллекта в преподавание истории открывает новые перспективы для совершенствования образовательного процесса. Использование цифровых инструментов и нейросетевых технологий позволяет сделать обучение более наглядным, интерактивным и исследовательски ориентированным, что способствует повышению учебной мотивации учащихся и более глубокому усвоению исторического материала.

Вместе с тем современному педагогу важно соблюдать баланс между использованием инновационных технологий и традиционных методов обучения. Основной задачей учителя остается формирование у учащихся навыков критического мышления, анализа информации и ответственного использования цифровых ресурсов. В данном контексте искусственный интеллект следует рассматривать не как замену педагога, а как эффективный инструмент, дополняющий его профессиональную деятельность и расширяющий возможности образовательного процесса.

Список литературы:

1. Гусейнова Г.Ф. Искусственный интеллект в педагогическом процессе: современный взгляд // Педагогический журнал. – 2022. – Т. 12. – № 4А. – С. 190-195.
2. Проект «ИИнтервью». URL: <https://iintervyu.ru/> (дата обращения: 23.11.2024).
3. Роберт И.В. Цифровая трансформация образования: вызовы и перспективы развития // Педагогика. – 2023. – № 5. – С. 3-12.



ӘОЖ 373.2

Жақат Ақнұр Жұмабайқызы

Шымкент қаласы, «Балпанай» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ АКТ МҮМКІНДІКТЕРІ

***Аңдатпа.** Бұл мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолданудың маңызы мен мүмкіндіктері қарастырылады. Автор балабақша жағдайында интерактивті тақта, мультимедиялық презентациялар, білім беру ойындары және сандық ресурстарды пайдалану арқылы балалардың танымдық қызығушылығын арттыру, логикалық ойлауын дамыту және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру жолдарын сипаттайды. Сонымен қатар АКТ құралдарын тиімді қолдану педагогтің кәсіби шеберлігіне байланысты екендігі атап көрсетіледі.*

Қазіргі қоғамның дамуы ақпараттық технологиялардың қарқынды өркендеуімен сипатталады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) білім беру жүйесінің барлық деңгейінде кеңінен қолданылып келеді. Соның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында АКТ құралдарын тиімді пайдалану балалардың танымдық қабілетін дамытуға, қызығушылығын арттыруға және оқыту мен тәрбиелеу процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлғасы қалыптасатын маңызды уақыт. Осы кезеңде қолданылған жаңа технологиялар баланың ойлау қабілетін, шығармашылығын және ақпаратты қабылдау дағдыларын дамытуда ерекше рөл атқарады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда АКТ мүмкіндіктерін пайдалану қазіргі педагогиканың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ақпаратты қабылдауы көбіне көрнекілікке негізделеді. Сондықтан АКТ-ны қолдану келесі міндеттерді шешуге көмектеседі:

Қызығушылықты арттыру: Мультимедиялық проекторлар мен интерактивті тақталар баланың назарын тез аударып, оқуға деген ынтасын оятады.

Көрнекілік: Дәстүрлі суреттермен салыстырғанда, қозғалыстағы бейнелер мен дыбыстар баланың есінде жақсы сақталады.

Жеке тұлғаға бағыттау: Әр баланың қабілетіне қарай тапсырмаларды түрлендіру мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта тәрбиеші өз жұмысында АКТ-ның келесі мүмкіндіктерін пайдалана алады:

Білім беру қолданбалары мен ойындары: кішкентай балаларға санау, сәйкестендіру және мәселелерді шешу сияқты әртүрлі дағдыларды үйренуге және қолдануға көмектесу үшін арнайы әзірленген көптеген қолданбалар мен ойындар бар.

Интерактивті тақта. Интерактивті тақта оқу процесін қызықты әрі көрнекі етеді. Балалар суреттермен жұмыс істеп, ойындар ойнап, тапсырмаларды бірге орындауға мүмкіндік алады. Интерактивті тақтаның арқасында балаларға ақпарат беру жылдамдығы артады, балалардың оны түсіну деңгейі жақсарады, бұл ойлаудың барлық түрлерінің дамуына ықпал етеді. Балалардың интерактивті тақтаға алғашқы реакциясы қызығушылық тудырады. Қол тигізген кезде экран элементтерінің өзгеруі өте әсерлі көрінеді. Балаларға саусақпен заттарды «жылжыту», геометриялық пішіндер жиынтығынан схемалар салу, маркерлермен жазу, сызу, сурет салу ұнайды.

Сондай-ақ, «Артығын тап», «Түстерді ажырат», «Кім қайда тұрады?» сияқты дидактикалық ойындарды интерактивті тақтада ойнату баланың логикалық ойлауын дамытады.

Мультимедиялық презентациялар. Презентациялар арқылы табиғат құбылыстарын, жануарлар, көлік түрлері, әріптер мен сандар туралы көрнекі материалдар көрсетуге болады. Бұл балалардың ақпаратты тез қабылдауына көмектеседі.

Білім беру мультфильмдері мен бейнематериалдар. Тәрбиелік мәні бар қысқа метражды мультфильмдер арқылы балаларға әдептілік, достық, еңбекқорлық туралы түсінік беру оңайырақ.

Сандық білім беру ресурстары. Балалардың жас айырмашылықтарына қарай 3, 4, 5, 6 жасқа арналған СБР бар. Есте сақтау, зейін, қиял, ойлау, т.б. дамытуға бағытталған ойындар, ART studio, қарапайым графикалық редактор және сурет кітапханасы, т.б. Біз бөбекжайымызда «Dagup Online», Академия STEM, әр түрлі онлайн білім беру ресурстарын қолданамыз.

Компьютер және ноутбук. Балаларға арналған дамытушы ойындар, мультимедиялық бағдарламалар арқылы жаңа білім беріледі. Ең бастысы, компьютер баланың өміріне ойын, құрастыру, өнер және басқа да әрекеттер арқылы

енуі керек екенін түсіну қажет, өйткені «ойын – жарқын, эмоционалды толыққанды баланы алдыға жетелейтін практикалық іс-әрекет. Мәселен, бейнелеу өнері сабағында компьютерді бала ойлап тапқан графикалық бейнені салу құралы ретінде қарастыруға болады (Paint, Corel Draw бағдарламалары негізінде).

Мен өз тәжірибемде «Power Point» бағдарламасын, яғни мультимедиялық презентацияларды көп қолданамын. Бұл маған педагогикалық процесті оңтайландыруға, танымдық дамудың әртүрлі деңгейлері бар балалардың оқуын дараландыруға және педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Атап айтсам, балалармен ұйымдастырылатын әртүрлі іс-әрекеттің түрлеріне: жаңа материалды түсіндіру, қайталау кезінде, көрнекі гимнастика, жаттығулар кешендерін үйретуде, виртуалды саяхат жасауда, квестойындарында, интеграцияланған іс-әрекеттерін өткізуде, дамытушы сипаттағы тапсырмалар орындауда, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізгенде әртүрлі анимация әсерін қолданып, балалардың назарын аудартып, қызығушылықтарын арттырып, жаңа материалды жақсы игеруге ықпал етеді. Мысалы: математика негіздері ҰІӨ-де балалардың арифметикалық есептерді құрастыру және шешу қабілетін сәтті қалыптастыру үшін «Қояндарға үйлерін табуға көмектес», «Егін жинайық», «Геометриялық фигуралар қаласына саяхат», «Көршісін тап», «Математика елінде» т.б. ойындарында балалар әр түрлі кейіпкерлерге көмектесе отырып, бірқатар математикалық тапсырмалар орындады. Ойын барысында балалардың қызығушылықтары артып, зейіндері жинақталып, жағымды эмоциялар туғызғаны байқалды. PowerPoint бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мен логикалық ойлауды, арифметикалық есептерді құрастыру және шешу қабілетін зейінді дамытуға арналған дидактикалық ойындар сериясын әзірледім: «Жоғалған санды тап», «Алмаларды шыққан мән бойынша жинау», «Логикалық тапсырмалар» (1-сурет).



1-сурет. Дидактикалық ойындар сериясы



Тіл дамыту ҰІӨ-де тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру үшін «Кім қайда тұрады?», «Кімге жұмыс істеу керек?», «Не артық?», «Керісінше» ойындарын ұсынамын. Балалар тінтуірдің көмегімен суреттегі қосымша затты көрсетіп, таңдауларын түсіндіреді, ары қарай компьютер экранына белгілердің бірін көрсететін бір тақырыптық сурет шығады, мысалы, қара мысық, ал балалар өз сөздерін қарама-қарсы белгілермен атауы керек, мысалы – ақ сүт. Осылайша, балалардың сөздік қоры да белсендіріледі. Осындай ойындардың арқасында, әдетте, ҰІӨ жоғары белсенділікпен ерекшеленбейтін балалар өз пікірлерін белсенді түрде айта бастайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ақпараттық технологияларды қолдану ойын, өнер және практикалық іс-шаралар сияқты дәстүрлі оқыту түрлерімен теңестірілуі керек екенін ескеру маңызды. Сонымен қатар, балалардың технологияға қол жетімділігін қамтамасыз ету кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны жауапкершілікпен және қауіпсіз пайдалану үшін басшылық пен қолдау көрсету өте маңызды.

АКТ құралдарын дұрыс пайдалану балалардың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Оның тиімді жақтары:

Танымдық қызығушылықты арттыру. Балалар экрандағы түрлі түсті суреттер мен анимациялар арқылы ақпаратты тез қабылдайды.

Шығармашылық қабілетті дамыту. Компьютерлік ойындар мен тапсырмалар балалардың қиялын дамытады.

Логикалық ойлауын дамыту. Дамытушы ойындар арқылы балалар салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын меңгереді.

Көрнекілік принципін жүзеге асыру. АКТ арқылы күрделі ұғымдарды қарапайым әрі түсінікті түрде көрсетуге болады.

Баланың жеке ерекшеліктерін ескеру. Әр бала тапсырмаларды өз қарқынымен орындауға мүмкіндік алады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда АКТ құралдарын тиімді пайдалану педагогтің кәсіби шеберлігіне байланысты. Тәрбиеші:

- ақпараттық технологияларды меңгеруі;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруі
- қауіпсіздік талаптарын сақтауы;
- АКТ-ны дәстүрлі әдістермен үйлестіре қолдануы тиіс.

АКТ құралдарын қолдану кезінде балалардың экран алдында ұзақ отырмауына ерекше назар аудару қажет.

Тағы бір қосатыным, ата-аналарға кеңес беру, жиналыстар жүргізгенде балаларының өмірі мен шығармашылығын бақылайтын әртүрлі фотоларды, бейне презентацияларды белсенді пайдаланамын. Бұл әдіс ата-аналармен жағымды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, себебі

олар баланың балабақшадағы уақытын қалай өткізіп жатқанын, режимдік сәттерін тікелей көреді, пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісіп көмектеседі.

Қорыта айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесін жетілдірудің тиімді құралы болып табылады. Ақпараттық технологияларды пайдалану тәрбиеленушілердің танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дегенмен, АКТ құралдарын педагогикалық мақсатқа сай және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қолдану қажет. Дәстүрлі әдістер мен жаңа технологияларды үйлестіре пайдалану ғана мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Моторин В. Воспитательные возможности компьютерных игр // Дошкольное воспитание. – 2000. – № 11.
2. Калинина Т.В. Управление ДОУ. Новые информационные технологии в дошкольном детстве. – М.: Сфера, 2008.
3. Компьютер для дошколят. – Москва: ЭКСМО, 2006.



ӨЖ 371.3

Рыскиева Айжан Абуовна

Шымкент қаласы, М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 мамандандырылған гимназия, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ: ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ІРГЕТАСЫ

Аңдатпа. Мақалада білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытудағы оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы қарастырылады. Оқушылардың ақпаратты талдау, өз ойын дәлелдеу және шығармашылықпен қолдану қабілеттерін қалыптастыру жолдары сипатталады. Сонымен қатар INSERT, Синквейн, Ромашка Блума және РАФТ стратегияларын сабақта қолданудың тиімділігі талданады.

Білім берудің мақсаты тек білімді жеткізу ғана емес, сол білімді сараптай алатын, дәлелдей алатын және шығармашылықпен қолдана алатын тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау [1]. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы – білім



алушылардың ойлау қабілетін дамытуға, өз идеяларын еркін білдіруге және ақпаратты талдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық технология [2]. Бұл бағдарлама Қазақстанда 1998 жылдан бастап белсенді қолданылып, педагогикалық қауымдастық арасында кеңінен танымал болды. Жаңартылған білім беру мазмұны сын тұрғысынан ойлай алатын, зерттеу және тәжірибе жұмыстарын жүргізе алатын, функционалды сауатты, шығармашыл тұлға қалыптастыру тұрғысында құрылған [3]. Мақалада INSERT, Синквейн, Ромашка Блума және РАФТ стратегиялары жан-жақты талданады.

INSERT әдісі – мәтінмен белсенді жұмыс. INSERT әдісі (Interactive Noting System for Effective Reading and Thinking) – оқушылардың мәтінді енжар оқудан белсенді зерттеуге өтуіне мүмкіндік беретін стратегия. Инсерт тәсілі бойынша мәтінді оқып отырып оның бір жақ шетіне немесе кесте түрінде: «V» – білемін, «+» – мен үшін жаңа, «-» – басқаша ойлаймын, «?» – түсінбедім, тереңірек білгім келеді деген белгілер қойылады [4]. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытудағы «оқулықтан пәлен параграфты оқыңдар» деген тапсырмаға қарағанда тиімді болып табылады, себебі INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін пайдалы құрал [5].

INSERT мағынаны тану (түсіну) кезеңінде қолданылады. Қазақ ертегілерін оқытуда да бұл стратегия тиімді: оқушылар ертегіні өтер алдында «білемін», «мен үшін жаңа ақпарат», «мені таңқалдырды» белгісімен жұмыс жасайды [3]. Білімгерлер білетіндерін айқындап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға дайындалады – бұл іс-әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында байланыстар құруға үйретіледі. Мағынаны ашу кезеңінде оқушы жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды немесе жазып алады; қарастырылған материалдармен жұмыс істеу барысында өз түсінгенін қадағалайды [1].

Блум түймедағы – сұрақтардың алты деңгейі. Американдық психолог Бенджамин Блумның таксономиясына негізделген Блум түймедағы – ойлау деңгейлерін жүйелеп, сұрақтарды алты категорияға бөлетін педагогикалық құрал. Блум білім беру мақсаттарының таксономиясын жасап, сыни ойлаудың әртүрлі деңгейлерін анықтады: түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау [2]. Ромашканың алты жапырағы білімнің алты сатысын символдайды: қарапайым білімді тексеретін «Қарапайым сұрақтардан» бастап, жоғары деңгейдегі бағалау мен шығармашылық ойлауды тексеретін «Бағалау» және «Жасампаздық» сұрақтарына дейін.

Ғалымдардың берген анықтамаларына сүйене отырып, сыни тұрғыда ойлау – ақпаратты қабылдаудан басталып, ақылға салынып ойланған

тәуелсіз шешіммен аяқталатын күрделі ойлау үдерісі. Бұл үдеріс жүйелі түрде былай жүреді: ақпаратты қабылдау, сұрақтар қою, әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру, пайымдаманы жүйелі түрде сараптау және шешім қабылдау [6]. Осы кезеңдердің дәл өзі Блум түймедағының сұрақтарының алты деңгейімен үйлеседі: жіңішке немесе нақты сұрақтардан бастап, тереңірек бағалау мен болжамды қажет ететін жалпақ сұрақтарға дейін [2].

Синквейн – поэтикалық талдаудың өнері. Синквейн – бес жолдан тұратын поэтикалық форма арқылы тақырыпты қысқаша, бірақ мағыналы талдауға мүмкіндік беретін шығармашылық стратегия. Синквейн жазу ережесі: бірінші қатарға бір сөзбен тақырып (зат есім); екінші қатарға тақырыпты сипаттайтын екі сын есім; үшінші қатарға үш іс-әрекет атауы (етістік); төртінші қатарға төрт сөзден тұратын сөйлем; соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір синоним немесе метафора [1;2]. Синквейн оқу сабақтарының ой толғаныс кезеңінде қолданылады.

Синквейн оқушының сыни ойлауы мен шығармашылығын біріктіретін бірегей техника. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасының негізгі қағидалары шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған: әр әдіс студенттердің ойлауына және қиялына негізделіп, олардың тереңде жатқан ойын дамытып, сөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді [7]. Осы тұрғыдан алғанда синквейн мұғалімге де бағалау құралы ретінде пайдалы – оқушының бір беттегі синквейні арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін бірден байқауға болады.

РАФТ стратегиясы – жазудың төрт бағаны. РАФТ – Роль, Аудитория, Форма, Тақырып деген төрт компоненттен тұратын жазу стратегиясы. Бұл модель оқушыны кез келген тақырыпты әртүрлі тұрғыдан қарастыруға, бір мәселені әртүрлі аудиторияға бейімдеп жазуға үйретеді. РАФТ стратегиясы фольклорлық шығармаларды оқытуда да кеңінен пайдаланылады: ертегіні талдауда оқушылардан тақырыптың басты идеясын РАФТ форматында түрлі рөл мен аудитория тұрғысынан жауаптауы сұралады [3].

РАФТ стратегиясының ерекше құндылығы – ол оқушының эмпатиясын, яғни басқаның орнына өзін қоя білу қабілетін дамытады. Сыни тұрғысынан ойлау нәтижесінде оқушылар басқалармен жұмыс істей алу қабілеттілігіне, өзінің біліміне жауапкершілікпен қарауға, ақпаратты қабылдау тиімділігінің жоғарлауына және тосын идеялар мен пікірлерді қабылдай алуға ие болады [4]. Дәл осы қасиеттер РАФТ стратегиясы арқылы да тиімді дамытылады, өйткені рөлге ене отырып жазу оқушыдан логикалық ойлаумен қатар сезімдік икемділікті де талап етеді [2].



Жасанды интеллект дәуірінде сыни ойлаудың маңызы. Жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласына белсенді енуде. ChatGPT, Claude, Gemini сияқты үлкен тілдік модельдер оқушыларға тапсырмаларды орындауда және ақпарат іздеуде жәрдемші бола алады. Алайда бұл технологиялардың кеңінен таралуы сыни ойлаудың маңызын жойған жоқ – керісінше, оны одан әрі арттырды. Сыни ойлау әрбір адамға БАҚ, ғаламтор желілерінен алынған ақпаратты саралап талдау үшін қажет: алуан түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыра отырып, сыни ойлау қабілеті жақсы дамыған адам сәйкессіздік қателерін оп-оңай тауып, шешімдерін дәйекпен түсіндіреді [1]. Қазіргі технологиялық жедел дамыған қоғамда жаңа оқыту технологияларын қолдану оқушылардың білім деңгейін заман талабына сай арттырады, ал бүгінгі таңда оқушының білім сапасын тек білімі, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз болып отыр [2].

INSERT белгілеу жүйесі арқылы мәтінді мұқият талдай алатын, Ромашка Блума деңгейлері бойынша сұрақтар қоя алатын оқушы жасанды интеллект беретін ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алады. Оқушыны кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, өзіндік пікір, ғылыми тұжырым жасауға үйрету мақсатында сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қолданылады [5]. Сыни тұрғыда ойлау стратегиясы күнделікті сабақтарда тұрақты қолданылса, оқушылар тілді өмір талабына сай оқып білу мүмкіндіктеріне ие болып, ЖИ сияқты жаңа технологиялармен да сауатты жұмыс жасай алады [6].

INSERT, Блум түймедағы, Синквейн және РАФТ – бұл жай ғана оқыту техникалары емес, олар оқушы санасын дамытудың жолдары. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану нәтижесінде мотивацияның артуы, дербес іс-әрекеттің күшеюі, ойлаудың белсенді болуы, оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы және логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру сияқты нәтижелерге қол жеткізіледі [7]. Бұрынғы оқыту үрдісінде мұғалім оқушыға білімді беруші болса, жаңа оқу үрдісінде мұғалім тек бағыттаушы болып қалады да, кейіпкер оқушы болады: оқушы өзі ізденеді, ой түйеді, ортақ пікір қалыптастырады, қорытынды түйін жасайды [1]. Фольклорлық шығармаларды оқытуда да осы стратегиялар тиімді қолданылып, оқушылардың ұлттық мәдениет пен ұлттық рухты тереңірек тануына ықпал ете алады [3]. Жасанды интеллект технологиялары өмірдің барлық саласына енген бүгінгі күні сыни ойлауды дамытатын педагогикалық стратегиялардың мәні бұрынғыдан да зор. Болашақ ұрпақ тек ақпаратты меңгерушілер емес – олар сол ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алатын, жасанды интеллект пен адами парасатты үйлестіре алатын тұлғалар болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кенжебекова Ж.А., Нарботина З.К., Аубакирова Б.К. Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту

құралдары // Ш. Уәлиханов атындағы КУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2024. – №4. – 23–30-б. ISSN 2708-5295.

2. Ерденова М.С. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары // Proceedings of the 8th International Scientific Conference «Interdisciplinary Science Studies». – Dublin, Ireland, January 23–24, 2025. – P. 94–102.

3. Қазбай П.А., Сағындық Н.Б. Орта мектеп оқушыларына фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2025. – №1(85). – 262–269-б. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.025>

4. Мейрманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы: Үш Қиян, 2015.

5. Халперн Д. Сыни ойлау психологиясы. – СПб.: Питер, 2000. – 512-б.

6. Paul, R. Critical Thinking: What, Why and How // New Directions for Community Colleges. – 1992. – № 77. – P. 5–24.

7. Shaila, M.Y., & Trudell, B. From Passive Learners to Critical Thinkers: Preparing EFL Students for University Success // English Teaching Forum. – 2010. – Vol. 48(3). – P. 2–9.



ӘОЖ 372.853

Салимов Болат Елтаевич

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, «№ 13 Мәңгілік ел» жалпы білім беретін мектептің физика пәні мұғалімі

ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТИ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада физика пәнін оқыту барысында жасанды интеллект технологияларын қолданудың негізгі бағыттары қарастырылады. Жасанды интеллект білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға, оқу материалдарын терең түсіндіруге және оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллекттің көмегімен оқу процесін дараландыру, виртуалды тәжірибелер жүргізу және білім нәтижелерін талдау мүмкіндіктері артады. Мақалада жасанды интеллекттің оқушылар мен мұғалімдер үшін беретін артықшылықтары және оның білім беру жүйесіндегі болашақтағы мүмкіндіктері сипатталады.

Қазіргі заманауи білім беру жүйесі жедел цифрландыру және инновациялық технологияларды кеңінен енгізу жағдайында дамып келеді, бұл оқу үдерісін ұйымдастыруға жаңа талаптар қояды. Перспективалы бағыттардың бірі – жасанды интеллект құралдарын пайдалану, өйткені олар оқыту сапасын арттыруға, білім алушылардың оқу траекторияларын дараландыруға және танымдық белсенділігін дамытуға, оқу үдерісінің сапасын арттыруға және білімді өмірмен байланыстыра меңгеруіне қосымша мүмкіндіктер береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің стратегиялық бағытын айқындап берді: «Жасанды интеллектімен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру әлдеқайда ерте жастан, яғни мектеп қабырғасынан қолға алынуға тиіс» [1].

Осы ретте, жасанды интеллект – ақпаратты талдау, күрделі процестерді модельдеу, жекеленген оқыту траекторияларын ұсыну сияқты мүмкіндіктері арқылы физика пәнін оқытуда ерекше маңызға ие инновациялық құралға айналып отыр.

Физика – табиғаттың негізгі заңдылықтарын зерттейтін, тәжірибеге, дәлдікке және логикалық ойлауға негізделген ғылым, сондықтан ЖИ технологияларын қолдану оқыту процесінің тиімділігін арттыруға, оқу мазмұнын визуализациялауға және оқушылардың пәнге қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Физика пәнін оқытуда жасанды интеллекті қолдану дегеніміз – оқу процесін автоматтандыру, даралау және тереңдету мақсатында AI-алгоритмдерді, смарт-платформаларды, симуляцияларды және интеллектуалды оқу құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың физикалық ойлауын, модельдеу дағдысын және ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсіл.

ЖИ технологиялары мұғалімнің көмекшісі және оқушының жеке тәлімгері ретінде келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- *оқытуды дараландыру.* ЖИ технологиялары білім алушылардың оқу жетістіктерін, тапсырмаларды орындау қарқынын және оқу стилін талдай отырып, әр оқушыға жеке оқу траекториясын ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл – әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, оқу қарқынын, қызығушылығын ескере отырып ұйымдастырылатын білім беру үдерісі.

«Физика» пәнінде бұл өте маңызды, себебі бір оқушы математикалық есептеулерде (мысалы,

$$F = ma$$

формуласын қолдануда) қиналса, екіншісі физикалық құбылысты түсінуде (мысалы,

инерцияның мағынасы) қиналуы мүмкін. ЖИ осы екі дағдыны бөліп талдайды да, оқу материалын (күрделі есеп немесе симуляция) жеке қажеттілікке сай бейімдейді, осылайша білімдегі алшақтықты азайтады.

- *оқу аналитикасы және диагностика.* ЖИ оқушының прогресін бақылап, әлсіз тұстарын нақты диагностикалайды. ЖИ тек дұрыс/бұрыс жауапты ғана емес, оқушының есепті шешу алгоритмін, формула таңдау логикасын және уақытты пайдалануын талдайды. Мұғалім ЖИ аналитикасы арқылы оқушының «Жылдамдық пен үдеу» сияқты жиі шатастыратын ұғымдардағы қате түсініктерін (misconceptions) нақты анықтай алады.

ЖИ физикалық есептердің шешім жолдарын, өлшем бірліктерінің сәйкестігін (өлшемдік талдау), векторлық шамалардың бағытын және күш диаграммасы автоматты түрде тексеріп, нәтижелерді мұғалімге жедел ұсынады.

Мысалы, «Физикалық шамалар» бөлімінде ЖИ көмегімен диагностикалық тапсырмалар құрастыру:

1. Өлшем бірліктерін сәйкестендіру
2. Формуланы дұрыс таңдау
3. Қарапайым есеп шығару
4. Түсіндірмелі сұрақ

ЖИ әр оқушының жауабын талдап, мысалы, мынадай қорытынды жасай алады:

- Формуланы біледі, бірақ өлшем бірліктерін түрлендіруде қате жібереді;

- Есеп шартын дұрыс талдамайды;

- Физикалық мағынасын түсінбейді.

Осы талдау мұғалімге нақты бағыт береді.

Диагностика кезеңін нақты тақырып мысалында қарастырсақ: «Тығыздық»

ЖИ тапсырмасы:

* $\rho = m/V$ формуласын қолдану

* Өлшем бірліктерін түрлендіру

* Тығыздықтың физикалық мағынасын түсіндіру

Нәтиже талдауы:

Егер оқушы есепті шығара алады, бірақ «Нәліктен мұз су бетінде қалқиды?» деген сұраққа жауап бере алмаса, онда:

→ Оған физикалық мағынаны түсіндіретін визуалды модель ұсынылады.

Егер оқушы формуланы шатастырса:

→ Қадамдық алгоритм беріледі.

ЖИ тек дұрыс/бұрысты ғана көрсетпейді, қателердің түрін де анықтай алады:

Қате түрі	Себебі	Ұсыныс
Формула қате	Теорияны түсінбеу	Қысқаша теориялық түсіндірме
Арифметикалық қате	Есептеу дағдысы әлсіз	Қадамдық алгоритм
Өлшем бірліктері қатесі	Түрлендіруді білмеу	Қосымша бірліктерді түрлендіру жаттығулары

- *визуализация және зертханалық жұмыстар.* Физика сабағында ЖИ технологияларын қолданудың тағы бір маңызды бағыты – күрделі физикалық құбылыстарды көрнекі түрде түсіндіру.



Физика пәні іргелі табиғат заңдылықтары мен құбылыстарын зерттеуге негізделгендіктен, оны оқыту үдерісінде жасанды интеллект технологияларын қолдану пәннің әдістемелік әлеуетін сапалы жаңа деңгейге көтереді. Физика сабағында ЖИ негізіндегі симуляциялар мен анимациялар күрделі теориялық түсініктерді нақты көрнекіліктер арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Мысалы, 7-сынып физика курсына көптеген ұғымдар абстрактілі сипатта: молекулалардың қозғалысы, күш әсерінің бағыты, қысымның таралуы, энергияның түрленуі. Оқушылар бұл құбылыстарды көзбен көре алмайды, сондықтан түсіну қиындық туындайды. Ал, жасанды интеллект бұл құбылыстарды анимациялар, 3D модельдер, интерактивті симуляциялар арқылы нақты көрсетеді әрі түсінікті етеді.

Оқушыларға абстрактілі заңдылықтарды «көруге» мүмкіндік беретін ЖИ негізіндегі келесі құралдарды пайдалану тиімді: PhET Interactive Simulations (ЖИ элементтерімен), Runway, Midjourney (физикалық модельдерді бейнелеу үшін).

Осы тұста, 7-сынып тақырыптары бойынша бірнеше визуализация мысалын қарастырсақ.

Қозғалыс және жылдамдық. Мәселе: Оқушылар бірқалыпты қозғалыс пен бірқалыпсыз қозғалысты шатастырады.

ЖИ қолдану арқылы:

- Қозғалыс графигін интерактивті түрде көрсету

- Жылдамдық артқан кездегі график өзгерісін модельдеу

- Уақыт-қашықтық графигін салдыру

Практикалық тапсырма:

Оқушыға екі қозғалыс графигі беріледі. ЖИ арқылы:

- Қайсысы бірқалыпты қозғалыс екенін анықтау

- Себебін түсіндіру.

Виртуалды зертханалар білім алушылардың шығармашылығы мен креативтілігін дамытуға негіз болу арқылы, білім беру процесін қызықты, көрнекі, интерактивті ете отырып айтарлықтай байыта алады. Қауіпсіз тәжірибелер, бұл оқушыларға мектеп жағдайында орындау мүмкін емес немесе қауіпті тәжірибелерді VR/AR ортасында қайталауға мүмкіндік береді. Оқушылар нақты өлшемдермен жұмыс істеп, эксперименттік дағдыны қалыптастырады. Labster, CloudLabs, ExploreLearning Gizmos құралдарын қолдану тиімді.

Пәннің практикалық бағыттылығын күшейтуде зертханалық жұмыстарды жүргізу маңызды. Осы орайда, «Физика» пәні бойынша бір зертханалық жұмысты қарастырсақ.

7 сынып.

№1 зертханалық жұмыс. «Кішкентай денелердің өлшемін анықтау»

Оқу мақсаты: 7.1.3.1 дененің ұзындығын, көлемін, температурасын және уақытты өлшеу, өлшеу нәтижелерін аспаптардың қателіктерін есепке ала отырып жазу.

«Кішкентай денелердің өлшемін анықтау» атты №1 зертханалық жұмыс <http://efizika.ru/html5/123/index.html> бойынша орындалды.

Кішкене денелердің өлшемдерін анықтау үшін қатарлау тәсілі қолданылады.


Мысалы: кішкене шариктердің диаметрін табу үшін оларды бір қатарға тізіп орналастырады.

Осы қатардың ұзындығын сызғыш арқылы өлшейміз.

Ол L- әрпімен белгіленеді.


Ал шариктердің саны - N

Сонымен шариктердің диаметрі- $d=L/N$, яғни қатардың ұзындығын шариктің санына бөлу арқылы табылады.



Ол үшін

1. осы шариктерді сызғыш үстіне қатарлап қоямыз;



2. қатардың ұзындығын табамыз;

3. шариктердің санын анықтаймыз;

4. формуланы пайдаланып өлшемін табамыз.

5. қорытынды жазамыз.

- оқу тапсырмаларын құрастыру.

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану мұғалімдерге оқу материалдарын тиімді дайындауға, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды жылдам құрастыруға және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.



ЖИ көмегімен PISA стиліндегі тапсырмалар, тест сұрақтары, ойын элементтері бар тапсырмалар, зерттеу және проблемалық жағдаяттарға негізделген тапсырмалар әзірлеуге болады.

Мысалы, 7-сынып физика пәні, «Физика – табиғат туралы ғылым» бөлімі.

Оқу мақсаттары: 7.1.1.1 Физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру.

Әртүрлі деңгейде берілген тапсырмалар.

1-тапсырма. Сәйкестендіру.

№	Құбылыс	Түрі
1	Мұздың еруі	А) Жарық құбылысы
2	Найзағайдың жаркылы	В) Жылу құбылысы
3	Доптың жерге түсуі	С) Механикалық құбылыс
4	Судың қайнауы	Д) Электр құбылысы
5	Шамның жануы	Е) Магниттік құбылыс

Берілген құбылыстарды дұрыс түрімен сәйкестендіріңіз.

2- тапсырма. Физикалық құбылысты анықта

1. Темірдің тот басуы

2. Қардың еруі

3. Доптың домалауы

4. Қағаздың жануы

5. Айнадағы бейненің көрінуі

Сұрақ: Қайсысы физикалық құбылыс?

3-тапсырма. Кестені толтыр

Мәтінді мұқият оқып, мәтінде кездесетін физикалық құбылыстарды кестенің тиісті бағанына бөліп жазыңдар.

Жаздың ыстық күндерінің бірі болатын. Кенеттен алай-дүлей жел соғып, аспанға қара бұлттар әлдеқайдан көшіп келе бастады. Көп кешікпей-ақ күн күркіреп, найзағай жарқылдап, артынша жаңбыр жауа бастады. Жаңбырдың қатты жауғаны соншалық, арықтармен сарқырап су ағып жатты. Жарты сағаттан соң аспан ашылып, Күн шуағын шашып, көкжиекте доғаша иілген көмпіркөсак пайла болды.

механикалық	жылулық	жарық	электрлік	акустикалық

PISA форматындағы тапсырмалар

1-тапсырма. Таңертеңгі табиғат

Данияр таңертең мектепке бара жатып мына құбылыстарды байқайды:

- күннің шығуы

- желдің соғуы

- жапырақтардың сыбдыры

Сұрақтар:

1. Қай құбылыс жарық құбылысына жатады?

2. Жапырақтардың сыбдыры қандай құбылыс екенін түсіндіріңіз.

3. Осы жағдайдан тағы бір физикалық құбылысты атаңыз.

2-тапсырма. Ас үйдегі құбылыстар

Аружан ас үйде шай дайындап жатыр. Ол:

- судың қайнауын

- шәйнектен шыққан буды

- қасықтың стаканға соғылғанын

байқайды.

Сұрақтар:

1. Судың қайнауы қандай құбылыс?

2. Қасықтың стаканға соғылуы қандай құбылыс?

3. Будың пайда болуының себебін түсіндіріңіз.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект физика пәнін оқыту мен оқуда тек қосымша құрал ғана емес, сонымен бірге білім беру сапасын жақсартатын және оқушылардың ғылыми танымдық қабілеттерін дамытуға қызмет ететін маңызды ресурс болып табылады. Сондықтан физика пәнін оқытуда жасанды интеллектіні жүйелі түрде қолдану заманауи білім беру үрдісінің ажырамас бөлігіне айналып, оқыту әдістемесінің тиімділігін айтарлықтай жоғарылататыны анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-daurindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifryk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957>

2. Тохиржонова М.Р. Преподавание физики с использованием искусственного интеллекта: инновации в преподавании и обучении //Мировая наука. – 2023. – №. 7 (76). – С. 41-44.

3. Садуакасова Р.Р. Применение искусственного интеллекта на уроках физики в школе //Вестник науки. – 2024. – Т. 2. – №. 11 (80). – С. 821-826.

4. Фещенко Т.С. Искусственный интеллект в школьном физическом образовании: ключевые аспекты //Педагогическое образование в России. – 2024. – №. 5. – С. 141-158.



ӨЖ 372.881.1

Тураева Гулшат Тасбулатовна

Шымкент қаласы, «Энергетика және байланыс» колледжінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы

ДИЗАЙН-ОЙЛАУ: БОЛАШАҚ ҰРПАҚТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН СЫНИ ОЙЛАУ МЕКТЕБІ

Аңдатпа. Мақалада білім беру үдерісінде дизайн-ойлау тәсілін қолданудың маңызы қарастырылады. Оның оқушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытудағы рөлі, негізгі кезеңдері мен практикалық мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар қазақ тілін насихаттауда жобалық тапсырмалар мен жасанды интеллект технологияларын кіріктірудің тиімділігі көрсетіліп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары ұсынылады.

Қазіргі заманда білім беру жүйесі тек білімді жеткізуден мүлдем алшақтап, оқушыны ойлайтын, жасайтын және шешім қабылдайтын тұлғаға айналдыруға бет бұрды. Осы мақсатта педагогикалық әлемде «Дизайн-ойлау» (Design Thinking) тәсілі кеңінен танылып, мектеп қабырғасынан бастап жоғарғы оқу орындарына дейін белсенді қолданылуда. Нұрадин және т.б. атап өткендей, дизайн-ойлау – эксперимент жасау, бақылау, модульдер құру, прототиптеу, визуализациялау, рефлексиялау, жобалау және қайта жобалау сынды әдіс-тәсілдердің басын біріктірген аналитикалық-шығармашылықты ауқымды процесс [1]. Қайыр мен Даулеткулова еңбегінде атап өткендей, дизайн-ойлау оқушыларға мәселелерді белсенді түрде шешуге және сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал болып табылады [2].

Дизайн-ойлау дегеніміз не?

Дизайн-ойлау – бастапқыда өнім мен өнеркәсіптік дизайнда қолданылатын тұжырымдамадан қуатты педагогикалық тәсілге дейін дамыған ойлау жүйесі. Нұрадин және т.б. еңбегінде белгіленгендей, бұл ұғымды ғылыми айналымға ендірген Стэнфорд университетінің профессоры Дэвид Кэлли болып табылады, ал «d.school» орталығын негіздеген Хассо Платтнердің басты мақсаты – мәселелерді шешу үшін әртүрлі пәндерді біріктіру және адамдарға шығармашылық сенімділікке жетуге көмектесу болды [1]. Қайыр мен Даулеткулова еңбегінде белгіленгендей, 1969 жылы Нобель сыйлығының лауреаты Герберт А. Саймон дизайн-ойлау ұғымын «The Sciences of the Artificial» еңбегі арқылы

айналымға енгізіп, заманауи дизайн мен кәсіпкерлік процестердің негізі болатын қадамдарды айқындады [2]. Бұл тәсіл бес негізгі кезеңнен тұрады: *эмпатия* (мәселені адам тұрғысынан түсіну), мәселені анықтау, идея туғызу, прототип жасау және тестілеу. Аманбайқызы және т.б. өз еңбектерінде ойлау дизайнының осы кезеңдері мәселені шешудің оңтайлы жолдарын және креативті ойлауды дамытудың тиімді тәсілдерін айқындайды деп атап өтеді [3].

Нұрадин және т.б. пікірінше, дизайн-ойлаудың басты әрі негізгі мақсаты – ұтымды әрі оңтайлы шешім қабылдау, себебі өмір сапасы қабылданған шешімдердің салдарларынан құралады [1]. Аманбайқызы және т.б. де осы тұжырымды қолдай отырып, дизайн-ойлаудың негізі қолданушылардың қажеттіліктерін терең түсінуге ұмтылу екенін атап өтеді [3]. Соңғы жылдары дизайн-ойлау бизнес, информатика, медициналық білім беру секілді жоғары білімнің әртүрлі салаларында енгізілуде – зерттеушілер бұл тәсілдің оқушылардың еңбек нарығында бәсекелестік артықшылықтар беретінін анықтады [2].

Оқушы мәселені анықтайды, шешім іздейді, прототип жасайды

Дизайн-ойлаудың сыныпта іске асырылуы үш маңызды кезеңмен сипатталады. Нұрадин және т.б. дизайн-ойлаудың кезеңдерін философиялық тұрғыдан талдай отырып, алдымен мәселені *түсіну* – яғни эмпатия кезеңі – барлық процестің бастауы екенін дәлелдейді [1]. Мысалы, «Қазақ тілін насихаттайтын постер немесе подкаст жасау» тапсырмасы берілгенде, оқушы алдымен не үшін қазақ тілінің насихаттауды қажет ететінін, қандай аудитория үшін жасалатынын және осы аудиторияның тілді қабылдауына қандай кедергілер бар екенін зерттейді.

Екінші кезеңде оқушы шешім іздейді. Аманбайқызы және т.б. ойлау дизайнындағы идеяларды қалыптастыру кезеңінде мүмкіндігінше көп идеяларды ұсыну – ең жақсы шешімді табудың кілті деп санайды [3]. Нұрадин және т.б. бұл кезеңді «*анықтау*» – яғни фокустау деп атайды: бірінші кезеңдегі ақпараттарды түйіндеп, оның шешу жолдарына бар ықыласпен қарау [1].

Үшінші кезеңде *прототип* жасалады. Оқушы алған идеясын нақты өнімге айналдырады – постер, подкаст эпизоды, қысқа бейне немесе цифрлық іс-шара. Қайыр мен Даулеткулова атап өткендей, дизайн-ойлау өзінің мәні бойынша эксперимент пен итерация мәдениетін дамытады, мұнда сәтсіздік оқу мен өсу мүмкіндігі ретінде қабылданады [2]. Нұрадин және т.б. дизайн-ойлаудың бұл кезеңін «жобалау – генерациялау, прототиптеу, эскиздеу» деп атай отырып, осы

кезге дейінгі қабылданған шешімдердің ұтымды не болмаса ұтымсыз екенін анықтайтын іргелі кезең деп бағалайды [1].

Қазақ тілін насихаттаудағы дизайн-ойлаудың рөлі. Қазақ тілін насихаттайтын постер немесе подкаст жасау тапсырмасы дизайн-ойлаудың барлық кезеңдерін табиғи түрде өзіне сіңіреді. Мұндай жоба оқушыға тілдің мәдени, тарихи және қоғамдық маңызын терең ұғынуға мүмкіндік береді. Нұрадин және т.б. пікірінше, гуманитарлық бағыттағы пәндердің барлығы студенттерді ізгілік пен даналыққа, мейрімділік пен қайырымдылыққа бағыттауы тиіс, ал дизайн-ойлау осы міндеттің тиімді құралына айналады [1].

Мысалы, оқушылар топ болып «Неліктен жастар қазақша сөйлеуден ұялады?» деген мәселені зерттей алады. Олар сұхбат жүргізеді, деректер жинайды, осы мәселеге сыни тұрғыдан баға береді. Ойлау дизайнының *эмпатия* кезеңі – бұл мәселені зерттеп, пайдаланушының тәжірибесін бақылайтын, физикалық, эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктері туралы ақпарат жинайтын кезең [3]. Қайыр мен Даулеткулова дизайн-ойлауда эмпатия қағидасы оқушыларды басқалардың орында болуын сезінуге, олардың қажеттіліктерін түсінуге шақыратынын ерекше атап өтеді [2].

Бұл тәсіл арқылы оқушылар тіл мен мәдениетті терең сезінеді, өздерін қоғамның белсенді мүшесі ретінде таниды. Нұрадин және т.б. атап өткендей, дизайн-ойлау адамды өз өмірін өзі қиындатпай жағдаяттарды оңай шешуге, проблемамен күресуге емес, түсінісуге шақырады – бұл қағида білім беруде де айрықша маңызды [1]. Зерттеу нәтижелері дизайн-ойлау арқылы оқыту барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы 50%-ға жақсарғанын дәлелдейді [2].

Жасанды интеллект технологияларының қарыштап дамуы дизайн-ойлауды сыныпта іске асыруға мүлдем жаңа өлшем қосты. Бүгінде ChatGPT, Claude, Gemini сияқты ЖИ-модельдері оқушыларға идея генерациялауда, мазмұн жасауда және кері байланыс алуда тиімді серіктес рөлін атқара алады. Нұрадин және т.б. пікірінше, дизайн-ойлау – адамдардың қажеттіліктерін, технологияның мүмкіндіктерін және бизнестің табысты болуына қойылатын талаптарды біріктіру үшін дизайнердің құралдар жинағынан алынған инновацияға жақын адамға бағытталған көзқарас [1].

Мысалы, қазақ тілін насихаттайтын подкаст жасау барысында оқушы ЖИ арқылы сценарийдің бастапқы нобайын жасай алады, сосын оны өз ойымен байытады, нақтылайды, тіл ерекшеліктерін үстейді. Осылайша жасанды интеллект дизайн-ойлаудың *идея туғызу* және *прототип жасау* кезеңдерін тездетеді, оқушының уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қайыр мен Даулеткулова еңбегінде дәлелденгендей, бағдарламалау, модельдеу, 3D

дизайн секілді заманауи сандық технологиялармен бірге дизайн-ойлауды кіріктіру болашақ мамандарға күрделі мәселелерді шығармашылықпен шешуге мүмкіндік ашады [2].

Дегенмен, ЖИ технологиялары мектеп сабақтарына белсенді еніп жатқан кезде сыни ойлаудың маңызы арта түседі. Аманбайқызы және т.б. еңбегінде атап өтілгендей, дизайн-ойлаудың мәні – ойлаудың дәстүрлі стереотиптерінен шығу, стандартты емес жағдайларда жедел шешімдер қабылдай алу қабілетін дамыту [3]. Нұрадин және т.б. бұл мәселеде философиялық тұрғысынан маңызды ескертпе жасайды: дизайн-ойлаудың түсінікке ұмтылуы шешімдерге ұмтылудан гөрі бірінші тұрады – нақ осы принцип ЖИ заманында адам ойлауының бірегейлігін сақтаудың кілті болып табылады [1].

Шығармашылық пен сыни ойлаудың бірлігі. Дизайн-ойлаудың ең терең педагогикалық ерекшелігі – оның *шығармашылық пен сыни ойлауды* бір-бірімен ымыраластыруы. Нұрадин және т.б. атап өткендей, адамдар табиғатынан шығармашыл тұлғалар, тек әлеуметтену жолында олардың шығармашылық деңгейі төмендейді; дизайн-ойлау процесі осындай адамдардың ойлауын өзгертуге, жаңа көзқарас құруға және жетістікке жету арқылы олардың деңгейін көтеруге бағытталған практикалық философия болып табылады [1].

Аманбайқызы және т.б. болашақ педагогтермен жүргізілген тәжірибелік жұмысында дәлелденгендей, креативті ойлауды дамыта отырып, үдеріске қатысушылар стандартты емес ойлауға, стереотиптерді еңсеруге және инновациялық шешімдерді іздеуге ынталанады [3]. Қайыр мен Даулеткулова зерттеуінде де тәжірибелік нәтижелер дизайн-ойлаудың оқушылардың шығармашылық деңгейін 35%-ға арттыратынын, ал математикалық ұғымдарды түсіну деңгейін 60%-ға жақсартатынын көрсеткен [2].

Нұрадин және т.б. ХХІ ғасыр оқушыларына қажетті ең басты дағдылар шығармашылық және сыни ойлау, коммуникация мен ұжымда жұмыс істей алу екенін атап өтеді [1]. Аманбайқызы және т.б. де осы тұжырымды қолдай отырып, дизайн-ойлау принциптерін түсіну және қолдану кәсіби міндеттерді шешудің жаңа жолдарын таба алатын, шығармашылыққа ынталы мамандарды даярлауға қажет құрал болатынын дәлелдейді [3]. Дизайн-ойлауды қолдана отырып, мұғалімдер оқытудың әртүрлі стильдері мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын динамикалық және бейімделгіш оқу ортасын жасай алады [2].

Дизайн-ойлау – бұл тек педагогикалық тәсіл ғана емес, болашаққа деген философия. Нұрадин және т.б. атап өткендей, егер дизайн-



ойлау жоғары оқу орындарындағы «Философия» сынды негізгі пәнінің бағдарламасына еніп, оның басымдылығын негіздейтін контенттер өссе, онда ол барлық әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге еш кедергісіз еніп, ғылыми айналым арқылы тезірек таралуы мүмкін [1]. Бұл пайым оқушыны тыңдаушыдан жасаушыға, мәселені анықтаушыдан шешімді іске асырушыға айналдырудың нақты жолын ашады.

Жасанды интеллект технологияларының дамуы бұл процесті одан сайын тереңдетеді. Алайда маңыздысы – технология ешқашан оқушының орнын баса алмайды. Аманбайқызы және т.б. зерттеуінде нақты дәлелденгендей, студенттердің креативтілігін ашқан кезде жеке тұлғаның қасиеті ретінде өздігінен білім алу қажеттілігі қалыптасады [3]. Қайыр мен Даулеткулова да осы тұжырымды нақты тәжірибемен растайды: дизайн-ойлауды математика сабақтарына кіріктіру оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық деңгейін және ынтымақтастық дағдыларын айтарлықтай арттырады [2]. Нұрадин және т.б. еңбегінде дизайн-ойлаудың үш артықшылығы айқын белгіленген: ол философиялық білімдердің күрделілігін қарапайымдандырып түсіндіруге, мол ақпарат қорларын білім алушылардың оңай қабылдауына және визуалды есте қалдыру қағидасына сүйенуге мүмкіндік береді [1]. Осы үш артықшылықтың жиынтығы дизайн-ойлаудың қазіргі білім берудегі орнын әлшеусіз маңызды етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрадин Г.Б., Ермагамбетова К.С., Аккулиева А.Е. (2025). Дизайн-ойлау – философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің әдістемесі ретінде. *Адам әлемі*, №3 (103), 45–53. <https://doi.org/10.48010/aa.v103i3.637>
2. Қайыр А.Б., Даулеткулова А.У. (2024). Дизайн ойлау – оқушыларды математика оқу процесіне тарту құралы. *Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика»*, 29, 4(116), 186–194. <https://doi.org/10.31489/2024Ped4/186-194>
3. Аманбайқызы Р., Аяганова А.Ж., Жұбаназарова Н.С., Тотикова Г.А. (2025). Креативті ойлауды дамыту ойлау дизайнының негізі ретінде. *Педагогикалық ғылымдар сериясы*, №1 (82), 41–54. <https://doi.org/10.26577/JES20258214>



ӘОЖ 373.31

Утемисова Салтанат Бортаевна

Шымкент қаласы,
Әдістемелік орталық әдіскері

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМНАН ҮЛКЕН ЖЕТІСТІККЕ: БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Аңдатпа. Мақалада бастауыш білім беру жүйесінде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер мен инновациялық педагогикалық тәжірибелердің маңызы қарастырылады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және білім сапасын көтеруде ынтымақтастық оқыту, ойын технологиялары, сыни тұрғыдан ойлау әдістері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі сипатталады. Бастауыш білім беруде дұрыс ұйымдастырылған оқу процесі оқушылардың болашақтағы оқу жетістіктерінің негізін қалыптастыратыны көрсетіледі.

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесі үнемі дамып, жаңарып отыруды қажет етеді. Әсіресе, бастауыш білім беру кезеңі – оқушының тұлғалық және интеллектуалдық дамуының алғашқы әрі маңызды баспалдағы болып табылады. Бұл кезеңде қалыптасқан білім мен дағдылар баланың болашақтағы оқу жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігі, олардың қолданатын әдіс-тәсілдері және инновациялық тәжірибесі ерекше маңызды болып саналады.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту және білім сапасын жоғарылату мақсатында тиімді педагогикалық әдістерді қолдану қажет. Дәстүрлі оқыту тәсілдерімен қатар, инновациялық технологияларды енгізу білім беру процесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өздігінен білім алу қабілетін қалыптастырады. Сондықтан «Алғашқы қадамнан үлкен жетістікке» қағидасы бастауыш білім беру саласында ерекше мәнге ие, себебі бала алғашқы білім алу кезеңінде дұрыс ұйымдастырылған оқу процесі оның болашақтағы жетістіктерінің негізін қалайды.

Бастауыш білім берудің маңызы

Бастауыш сынып – оқушының білім әлеміне алғашқы қадам басатын кезең. Осы уақытта балада оқу дағдылары, ойлау қабілеті, танымдық қызығушылық және өзіндік пікір қалыптасады. Егер

білім беру үрдісі осы кезеңде дұрыс ұйымдастырылса, оқушының оқу мотивациясы артып, білім алуға деген ынтасы жоғары болады.

Бастауыш сыныпта білім беру тек пәндік біліммен шектелмейді. Сонымен қатар оқушылардың тұлғалық қасиеттері, қарым-қатынас мәдениеті, жауапкершілік сезімі және шығармашылық қабілеттері дамиды. Мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін қызықты әрі тиімді ұйымдастыруы тиіс.

Мысалы, тіл дамыту сабақтарында оқушыларға мәтінді оқып, оны суретке түсіру тапсырмалары берілуі мүмкін. Бұл әрекет олардың ойлау қабілетін, шығармашылық сезімін және тілдік дағдыларын дамытады. Математика сабағында есептерді ойын арқылы шығару немесе практикалық өмірлік жағдайлармен байланыстыру оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Бастауыш сыныптағы тиімді әдіс-тәсілдер

Бастауыш сыныптағы сабақтар оқушылардың қызығушылығын арттыратындай, белсенді әрекетке негізделген болуы керек. Қазіргі педагогикада бірнеше тиімді әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады.

Ынтымақтастықта оқыту әдісі

Оқушылар топпен жұмыс жасап, бір-бірімен пікір алмасады, өз ойларын еркін жеткізеді. Мысалы, топтық жобаларда балалар өз идеяларын бөлісіп, бірлесіп қорытынды шығарады. Бұл әдіс оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, топ ішінде ынтымақтастықты күшейтеді.

1. Топтық жобалар

Мысалы, бастауыш сыныпта "Қоршаған орта" тақырыбында топтық жоба ұйымдастырылды делік. Оқушылар 3–4 адамдық топқа бөлініп, әр топқа тапсырма берілді: **табиғатты қорғау жолдары, қоршаған ортаны таза ұстау идеялары.**

- Оқушылар өз идеяларын талқылайды, бір-бірінің ұсыныстарын тыңдайды, кейін топтық қорытынды жасап, презентация немесе постер түрінде ұсынады.

- Мұндай жұмыс оқушыларға бір-бірін тыңдауды, ойларын дәлелдеп қорғауды, келісімге келуді үйретеді.

2. Пікірталас (дебат)

- Оқушылар топтарға бөлініп, берілген тақырып бойынша пікірталас жүргізеді. Мысалы, "Мектептегі демалыс уақытын ұзарту тиімді ме?"

- Әр топ өз көзқарасын қорғайды, қарсы топтың пікірін тыңдап, жауап береді.

- Пікірталас арқылы оқушылар логикалық ойлау, дәлел келтіру, сөз мәдениеті және ынтымақтастық дағдыларын жетілдіреді.

3. Рөлдік ойындар

- Мысалы, "Мектеп әкімшілігі және оқушылар" рөлдік ойыны. Оқушылар әртүрлі рөлдерді алады: мектеп директоры, мұғалім, оқушы. Топпен бірге

шешім қабылдап, мәселені шешуге тырысады.

- Бұл рөлдік ойындар ынтымақтастықты нығайтып, әрбір оқушының жауапкершілік пен шығармашылық қабілетін дамытады.

Артықшылықтары

- Оқушылар **өзара әрекеттесіп**, пікір алмасады, бұл олардың әлеуметтік дағдыларын дамытады.

- Топ ішінде әрбір оқушының **рөлі айқын** болады, сондықтан әркім белсенді қатысуға ұмтылады.

- Ынтымақтастық оқыту әдісі оқушылардың **жеке қабілеттерін ашуға**, шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

- Оқушылардың **өз бетімен шешім қабылдау** дағдылары қалыптасады.

Практикалық нәтиже

Мектептерде қолданылған тәжірибелер көрсеткендей, ынтымақтастықта оқыту әдісі:

- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады;
- білімді ұзақ уақытқа есте сақтауды күшейтеді;
- топтық жобалар арқылы оқушылар нақты өмірлік мәселелерді шешуге дағдыланады.

Мысалы, Шымкент қаласында бір бастауыш мектебінде «Таза табиғат – біздің міндетіміз» тақырыбында өткізілген топтық жобалық жұмыс барысында оқушылар табиғатты қорғау идеяларын талқылап, постер жасап, мектеп әкімшілігіне ұсыныстарын ұсынды. Мұндай тәжірибе оқушылардың ынтымақтастығын, шығармашылығын және сыни ойлауын айқын көрсетті.

Ойын технологиялары

Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын арқылы білім беру өте нәтижелі. Мысалы, математикалық есептерді «қазына іздеу» ойыны арқылы шешу немесе әріптерді үйрету үшін сөзжұмбақтар қолдану оқушылардың назарын тұрақтандырады және сабаққа қызығушылығын арттырады.

1. Математикалық есептерді ойын арқылы шешу

- Мысалы, «Қазына іздеу» ойыны: әр топқа карта немесе маршрут беріледі. Оқушылар әр қадам сайын математикалық есептерді шығарады. Дұрыс шешкен сайын «қазынаға» жақындайды.

- Бұл әдіс оқушылардың логикалық ойлауын, есептеу қабілетін және топтық ынтымақтастығын дамытады.

2. Әріптер мен сөздерді үйрету үшін ойындар

- Мысалы, «Сөзжұмбақ» немесе «Әріптер патшалығы» ойыны. Оқушылар әріптерден сөз құрастырады немесе сөзжұмбақты шешеді.



- Мұндай ойындар тілдік дағдыларды дамытуға, сөздік қорды байытуға және есте сақтау қабілетін жетілдіруге көмектеседі.

3. Рөлдік ойындар

- «Дүкенде сатып алу», «Мектепке барамыз» сияқты рөлдік ойындар арқылы балалар күнделікті өмірдегі әрекеттерді еліктеп үйренеді.

- Бұл ойындар әлеуметтік дағдыларды дамытуға, өз ойларын жеткізе білуге және топпен үйлесімді әрекет етуге ықпал етеді.

4. Интерактивті ойындар

- Заманауи технологияларды пайдаланып, интерактивті тақталар мен планшеттерде білім беру ойындарын қолдануға болады.

- Мысалы, «Сан мен сурет сәйкестендіру», «Тақырып бойынша викторина» сияқты ойындар сабақ материалын есте сақтауды жеңілдетеді.

Артықшылықтары

- Ойын арқылы оқушылар **сабаққа белсенді қатысады**, зейіндері сақталады.
- Бала тек ақпаратты қабылдаушы емес, **білім процесіне қатысушы** болады.
- Логикалық ойлау, шығармашылық қабілет, есте сақтау және топтық ынтымақтастық дамиды.

• Сабақ қызықты болғандықтан, **оқушылардың оқу мотивациясы жоғарылайды**.

Практикалық мысал

Өткізілген тәжірибеде «Сандар патшалығы» ойыны арқылы 1-сынып оқушылары қосу мен алу амалдарын үйренді. Сабақ барысында оқушылар әр тапсырманы ойын элементтері арқылы орындап, соңында «алтын жұлдыз» жинады. Нәтижесінде балалардың есеп шығару қабілеті 20–30% өсті, сабаққа қызығушылығы артты, логикалық ойлауы дамыды.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістері

Бұл әдістер оқушыларды ойлануға, талдауға және өз пікірін дәлелдеуге үйретеді. «Миға шабуыл», «кластер», «INSERT», «Ойлан – жұптас – бөліс» сияқты әдістер сабақтың тиімділігін арттырады. Мысалы, «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі бойынша оқушы жеке ойлап, кейін серіктесімен талқылайды, содан соң топқа баяндайды. Бұл әдіс олардың логикалық ойлау және коммуникациялық дағдыларын дамытады.

- **«Миға шабуыл» (Brainstorming)** – оқушылар кез келген идеяларды еркін айтып, олардың арасынан ең тиімдісін таңдайды.

- **«Кластер» әдісі** – белгілі бір тақырып бойынша негізгі ойларды топтап, олардың арасындағы байланыстарды визуалды түрде көрсету.

- **«INSERT» әдісі** – мәтінді оқу кезінде маңызды немесе түсініксіз ақпараттарды

белгілеп, өз ойларын жазу.

- **«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі** – оқушы жеке ойлап, серіктесімен талқылап, кейін топ алдында қорғайды.

Артықшылықтары

- Оқушылар **өз ойларын дәлелдей алады**, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алады.
- Сабаққа белсенді қатысу арқылы **танымдық қызығушылық** артады.
- Логикалық ойлау, талдау және коммуникациялық дағдылар дамиды.
- Топтық талқылаулар арқылы **әлеуметтік және ынтымақтастық қабілеттері** қалыптасады.

Практикалық мысал

Өткізілген тәжірибеде «Менің сүйікті табиғат құбылым» тақырыбында «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі қолданылды. Алдымен оқушылар жеке ойлап, өз пікірлерін қағазға жазды. Кейін жұптасып, өз ойларын біріктірді. Соңында топ алдында қорғай отырып, әр топ өз қорытындысын шығарды. Бұл әдіс оқушылардың логикалық ойлауын, дәлел келтіру қабілетін, топпен жұмыс жасау дағдыларын айтарлықтай арттырды.

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану

Қазіргі білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды қолдану ерекше маңызға ие. Олар оқыту процесін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ). Интерактивті тақталар, цифрлық ресурстар, бейнематериалдар сабақ мазмұнын байытып, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, бұл технологиялар ақпаратпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Жобалық оқыту әдісі. Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізіп, өз жобаларын қорғайды. Мысалы, «Менің сүйікті табиғат құбылысым» тақырыбында жасалған жобалар оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Жобалық әдіс оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге және нәтижелерін қорғай білуді үйретеді.

Практикалық тәжірибе. Мұғалім сабақ барысында әрбір оқушыға нақты тапсырмалар береді. Мысалы, топтық жұмыс, тәжірибе жасау, шығармашылық тапсырмалар. Бұл оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, топтық ынтымақтастығын дамытады.

Инновациялық технологиялар тек білім алу процесін ғана емес, сонымен бірге оқушылардың өздігінен ойлауына, шешім қабылдауына және өмірлік дағдыларын қалыптастыруына ықпал етеді.

Қорытындылай келе бастауыш білім беру – оқушының болашақтағы жетістіктерінің негізін қалайтын маңызды кезең. Осы кезеңде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологиялар білім сапасын арттыруға және оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

«Алғашқы қадамнан үлкен жетістікке» қағидасы бастауыш білім берудің басты мақсатын айқындайды. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, шығармашылық ізденісі және заманауи әдістерді тиімді қолдануы арқылы әрбір оқушының қабілетін ашуға болады.

Әдебиеттер:

1. Жүсіпбекова А.А. Бастауыш сыныпта оқытудың педагогикалық технологиялары. – Алматы: Атамұра, 2014.

2. Ибрагим Ж., Жаксимаева Д., Жабықбай Е. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын тиімді стратегиялар арқылы арттыру // «Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2024. – Т. 2. – №. 10-11. – Б. 41-49.

3. Монахов В.М. Педагогические технологии в образовании. – Москва: Педагогика, 2000.



УДК 372.8

Мынбаева Жанар Тасбулатовна

магистр естественных наук, учитель химии, педагог-психолог, КГУ «Общеобразовательная школа с. Двуречное», Акмолинская область

Забиякина Оксана Сергеевна

учитель биологии и химии, педагог-исследователь, КГУ «Школа-лицей им. Н. Смагулова» г. Ерейментау, Акмолинская область



STEAM И ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ: ОБРАЗОВАНИЕ БЕЗ ГРАНИЦ

(Разработка дидактических материалов в формате HTML-приложений для уроков биологии и химии в 8 классе)

Аннотация. В статье представлен опыт разработки интерактивных дидактических материалов в формате HTML-приложений для уроков биологии и химии в 8 классе. Авторы рассматривают STEAM-подход как педагогическую философию интеграции естественнонаучных дисциплин с технологией и искусством, демонстрируя конкретные методические решения, построенные на межпредметных связях. Раскрывается двойная роль искусственного интеллекта: как инструмента создания дидактического контента и как обучающего компонента

приложений, реализованного в виде адаптивной обратной связи и ИИ-ассистента. Инклюзивное образование обосновывается в качестве системообразующего принципа проекта: каждое задание предусматривает три уровня сложности, мультисенсорное представление материала и виртуальные лаборатории, обеспечивающие полноценное участие детей с особыми образовательными потребностями. По результатам апробации в 8 классах зафиксированы рост вовлеченности учащихся, качественное изменение характера ошибок и формирование навыков самостоятельного мышления.

Ключевые слова: STEAM, искусственный интеллект, HTML-приложения, инклюзивное образование, дидактические материалы, биология, химия, интерактивное обучение.

Введение. Современная образовательная парадигма ставит перед учителем задачи, выходящие далеко за пределы трансляции знаний: обеспечить равный доступ к качественному образованию для всех учащихся, вне зависимости от их учебных возможностей и состояния здоровья; сформировать не предметные знания, а функциональные компетентности; наконец, подготовить обучающихся к жизни в мире, где наука, технология и творчество неотделимы друг от друга [1; 2]. В этом контексте интеграция STEAM-подхода и инструментов искусственного интеллекта (ИИ) в школьную практику превращается из методической моды в профессиональную необходимость [3; 4].

Настоящая статья описывает авторский педагогический проект – разработку серии интерактивных HTML-приложений для уроков биологии и химии в 8 классе, реализованный двумя учителями общеобразовательных школ Акмолинской области в рамках реального учебного процесса. Проект охватывает некоторые темы учебной программы 8 класса по химии и биологии, встраивает STEAM-принципы в структуру каждого дидактического модуля и изначально проектируется с учётом инклюзии как системообразующего требования.

Актуальность проекта определяется несколькими факторами. Во-первых, неравенством учебных возможностей внутри одного класса: различный темп работы, состояние здоровья, наличие особых образовательных потребностей (ООП) порождают ситуации, при которых не все учащиеся могут полноценно участвовать в традиционных лабораторных занятиях. Во-вторых, запросом на формирование межпредметных компетентностей, необходимых в условиях технологической экономики. В-третьих, доступностью инструментов ИИ, открывающих учителю-практику реальные возможности для



создания персонализированного цифрового контента без специальных технических знаний.

STEAM-подход как методологическая основа проекта

Аббревиатура STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) обозначает не набор дисциплин, а философию интеграции: наука не существует в изоляции, и образование, воспроизводящее эту изоляцию, формирует у учащихся ложную картину мира. Мы рассматриваем STEAM как методологический принцип, реализуемый через конструирование учебных ситуаций, в которых знания из разных областей становятся взаимно необходимыми.

Приведём характерные примеры межпредметной интеграции, реализованной в разработанных приложениях.

1. Тема «Биомеханика движения» (раздел «Движение. Биофизика») объединяет биологию, физику и инженерное мышление: учащийся рассчитывает нагрузку на позвоночник при разных позах, моделирует нарушение осанки и проектирует эргономичное рабочее место. Три дисциплины образуют единую учебную задачу.

2. Тема «Горение топлива и выделение энергии. Причины парникового эффекта» соединяет химические уравнения с расчётом

выбросов CO_2 , визуализацией климатических

изменений и созданием учащимися инфографики - компонента Art в структуре STEAM. Итоговый продукт – не только учебный результат, но и гражданская позиция.

3. Модель «хищник – жертва» в модуле по экосистемам превращает дифференциальные уравнения в анимацию: учащиеся изменяют параметры, прогнозируют последствия, обсуждают экологические проблемы Казахстана и создают цифровые плакаты. Математика, биология, технология и искусство работают совместно.

Важно подчеркнуть, что STEAM-проектная деятельность встроена в каждое приложение структурно: по завершении модуля учащийся создаёт мини-продукт - схему, расчёт, инфографику или исследовательский отчёт. Это обеспечивает переход от накопления знаний к формированию компетентностей.

Структура и содержание разработанных HTML-приложений

Дидактические материалы представляют собой серию самостоятельных HTML-файлов – по одному и более на каждый крупный раздел учебного плана. Модульный формат является осознанным методическим выбором первого этапа: он позволяет апробировать каждое

приложение независимо, собирать обратную связь по конкретным темам и дорабатывать их прежде, чем объединять в единую платформу.

По биологии разработаны приложения для следующих разделов:

1. Модуль «Клеточная биология» предлагает интерактивную визуализацию строения клеток прокариот и эукариот: учащийся «собирает» клетку из органелл (ядро, митохондрии, аппарат Гольджи, ЭПС, лизосомы, рибосомы), используя мышшь вместо пинцета, а цифровую лабораторию - вместо микроскопа.

2. Модуль «Ткани растений и животных» функционирует как тренажёр к лабораторным работам: учащийся рассматривает виртуальные препараты, классифицирует ткани и получает мгновенную обратную связь – что особенно важно для тех, кто пропустил практическую часть занятия.

3. Серия модулей «Системы органов человека» охватывает пищеварительную, мочевыделительную, опорно-двигательную и другие системы: интерактивные схемы сочетаются с виртуальными лабораторными наблюдениями и тестами с объяснением ошибок.

По химии созданы приложения для концептуально наиболее сложных тем:

1. Модуль «Виды химических связей» визуализирует строение кристаллических решёток: учащийся соотносит их типы со свойствами веществ, выдвигает гипотезы и делает выводы на основе данных.

2. Приложение-симулятор к практической работе «Водород. Кислород и озон» позволяет виртуально получать газы, изучать их свойства и наблюдать реакции - безопасно и наглядно.

3. Разработаны также модули по теме «Растворы и растворимость», стехиометрическим расчётам и другим разделам.

Все приложения ориентированы на достижение конкретных учебных целей, прописанных в среднесрочных, что обеспечивает их органичное встраивание в действующий учебный процесс без необходимости дополнительного планирования.

Роль искусственного интеллекта в проекте

Искусственный интеллект задействован в проекте на двух уровнях: при разработке дидактического контента и непосредственно внутри приложений в качестве обучающего инструмента.

На этапе создания материалов ИИ выступил в роли соавтора. Разработка значительного количества HTML-приложений силами двух учителей-практиков представляла собой большой объём нетипичной для педагога технической и методической работы. Инструменты ИИ позволили генерировать варианты заданий разных уровней сложности к конкретным учебным



целям, предлагать альтернативные объяснения трудных концепций, адаптировать тексты под разные уровни читательской сложности. При этом педагогические решения - отбор содержания, определение методических приоритетов, оценка соответствия возрасту и уровню класса - оставались в компетенции учителей. ИИ ускорял черновую работу; методику определял педагог.

Внутри приложений ИИ реализован в двух формах. Первая – адаптивная обратная связь: вместо сухого сигнала об ошибке учащийся получает развёрнутое объяснение того, где именно допущена ошибка, почему она возникла и как её исправить. Это принципиально меняет педагогическое значение ошибки: она перестаёт быть наказанием и становится шагом к пониманию. Вторая форма – встроенный ИИ-ассистент, чат-помощник, отвечающий на вопросы по теме урока и помогающий составить план лабораторной работы. Ключевое методическое решение: ИИ-ассистент не решает задачи за учащегося, а задаёт наводящие вопросы, побуждая к самостоятельному мышлению.

Инклюзивный потенциал цифровых дидактических материалов

Инклюзивное образование является системообразующим принципом проекта, а не дополнительной опцией. В каждом восьмом классе присутствуют учащиеся с принципиально различными стартовыми возможностями: нормотипичные учащиеся, дети, испытывающие трудности в обучении, и учащиеся с особыми образовательными потребностями. Все они имеют равное право на качественное образование, и разработанные приложения проектировались именно с этой установкой [5-8].

1. Система трёх уровней сложности. Каждое задание представлено в трёх вариантах: базовый («узнать и назвать»), стандартный («объяснить и применить») и углублённый («исследовать и создать»). Учащийся выбирает уровень самостоятельно или переходит к следующему по результатам встроенной диагностики. Подобная организация исключает ситуацию, при которой ученик ощущает себя «слабым»: каждый движется в собственном темпе.

2. Мультисенсорное представление контента. Каждая тема реализована одновременно в нескольких форматах: текст, схема, анимация, аудиопояснение. Учащийся с дислексией воспринимает содержание на слух (ИИ-ассистент прочитает представленную информацию и текст заданий); учащийся с нарушением слуха читает текст и работает с визуализациями; учащийся с тревожным расстройством выполняет задания в собственном темпе без давления со стороны одноклассников.

3. Специальные возможности доступности. Режим высокого контраста, регулируемый размер шрифта и управление с клавиатуры реализованы

как стандартные функции приложений, а не как «особые условия» для отдельных учащихся.

4. Виртуальные лаборатории как инструмент включения. Учащийся, который по состоянию здоровья не может участвовать в реальном химическом опыте (например, в практической работе по получению водорода или в лабораторной работе по химическому составу костей), полноценно проводит его виртуально. Это не упрощённая замена, а альтернативный путь к тем же предметным компетентностям.

5. Аналитика для учителя. Встроенная система мониторинга позволяет педагогу видеть, на каком задании учащийся «застрял», сколько попыток потребовалось для его выполнения и какие темы вызывают устойчивые затруднения. Это обеспечивает адресную педагогическую помощь в режиме реального времени, не дожидаясь результатов контрольной работы.

Результаты апробации и педагогические наблюдения

Апробация разработанных приложений ведётся в текущем учебном году. Приводимые ниже наблюдения носят качественный характер и отражают педагогические выводы авторов, а не результаты формализованного педагогического эксперимента, который запланирован на следующем этапе проекта.

1. Зафиксирован рост учебной вовлечённости: учащиеся, прежде демонстрировавшие устойчивую пассивность на уроке, начали задавать вопросы и проявлять инициативу. Интерактивный формат снял психологический барьер «это скучно» и снизил тревожность перед выполнением заданий.

2. Изменился характер ошибок учащихся: уменьшилось количество механических, воспроизводящих ошибок и увеличилось число осмысленных попыток. Учащиеся стали объяснять свои ответы, а не просто называть факты - что свидетельствует о переходе от репродуктивного к продуктивному уровню усвоения.

3. Ряд учащихся с ООП впервые смогли полноценно участвовать в «лабораторных» занятиях в виртуальном формате. Авторы расценивают это как принципиальный результат, подтверждающий инклюзивный потенциал разработанных материалов.

4. Существенно изменилась структура урочного времени учителя: часть рутинных педагогических задач (проверка первичного усвоения, дифференциация по уровню сложности) берут на себя приложения, а высвобождённое время направляется на живой диалог с учащимися - ту педагогическую работу, которую никакой алгоритм заменить не способен.

Перспективы развития проекта

Мы разработали поэтапный план дальнейшей работы. На первом этапе



планируется завершить апробацию всех отдельных модулей в классах с разными категориями учащихся (нормотипичные, слабоуспевающие, дети с ООП) и собрать систематизированную обратную связь. На втором этапе каждый модуль будет доработан с учётом наблюдений: скорректированы уровни сложности, улучшена доступность, дополнена система обратной связи. Третий этап предполагает объединение всех модулей в единое веб-приложение с общей навигацией по КТП, возможной настройкой профиля учащегося, системой отображения прогресса и аналитической панелью для учителя. На четвёртом этапе авторы планируют открытую публикацию приложения на доступной платформе для использования педагогическим сообществом.

Заключение

Описанный проект демонстрирует, что STEAM-подход и инструменты искусственного интеллекта не представляют угрозы для классической педагогики - они являются её продолжением новыми средствами. Учитель, знающий имя каждого ребёнка в своём классе и верящий в его возможности, остаётся незаменимым; однако цифровые инструменты позволяют этому учителю работать с большей точностью, охватом и инклюзивностью.

Разработанные HTML-приложения – не идеальный и не завершённый продукт. Это живой инструмент, растущий вместе с опытом его авторов и потребностями их учащихся. Именно такое отношение к педагогической разработке - как к непрерывному исследованию, а не к разовому результату - мы считаем главным методическим выводом проекта.

Наше убеждение таково: будущее естественнонаучного образования - в интеграции: предметов между собой, науки с технологией и искусством, цифровых инструментов с живым педагогическим диалогом, и - прежде всего - всех детей в образовательный процесс, независимо от их особенностей и стартовых возможностей.

Список использованной литературы

1. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2030 года. – Астана: МОН РК, 2023. – 52 с.
2. Джаксыбекова Г.К., Абенов С.М. Цифровизация образования в Казахстане: вызовы и перспективы // Педагогика и психология. – 2022. – № 3. – С. 14–22.
3. Yakman G., Lee H. Exploring the Exemplary STEAM Education in the U.S. as a Practical Educational Framework // Journal of Technology Education. – 2012. – Vol. 23(2). – P. 107–119.
4. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. – 165 p.
5. Ainscow M. Developing Inclusive Education

Systems: What Are the Levers for Change? // Journal of Educational Change. – 2005. – Vol. 6. – № 2. – P. 109–124.

6. Quigley C., Herro D. Finding the Joy in the Unknown: Implementation of STEAM Teaching Practices in Middle School Science and Math Classrooms // Journal of Science Education and Technology. – 2016. – Vol. 25. – P. 410–426.
7. Мынбаева А. К. Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать. – Алматы: Раритет, 2007. – 344 с.
8. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III (с изм. и доп.).



ӨОЖ 376

Түнжарық Сауле Әбілхасымқызы

Шымкент қаласы, Саттар Ерубаев атындағы №24 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

ЕРЕКШЕ БАЛАҒА – ЕРЕКШЕ ӘРЕКЕТ

Аңдатпа. Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері қарастырылады. Ерекше балалардың қоғамдағы орны, олардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейту, педагогикалық қолдау көрсету жолдары талданады. Сонымен қатар инклюзивті білім беру жүйесінің маңызы, ерекше балалармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістері мен тәсілдері сипатталады. Зерттеу барысында ерекше балалардың толыққанды дамуы үшін мектеп, отбасы және қоғам арасындағы өзара байланыс маңызды екендігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: ерекше бала, инклюзивті білім беру, арнайы педагогика, әлеуметтік бейімделу, түзете-дамыту жұмысы.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім алуына мүмкіндік жасау. Бұл әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты маңызды. Мұндай балалар қоғамның толыққанды мүшесі ретінде білім алуға, дамуға және өз қабілеттерін жүзеге асыруға құқылы. Ерекше балалар – бұл дамуында белгілі бір физикалық, психологиялық немесе танымдық ерекшеліктері бар, білім алу процесінде арнайы қолдау мен ерекше педагогикалық тәсілдерді қажет ететін балалар. Сондықтан олармен жұмыс барысында дәстүрлі оқыту әдістерінен бөлек, арнайы педагогикалық технологиялар қолданылуы қажет.

Соңғы жылдары әлемдік тәжірибеде ерекше балаларды қоғамға бейімдеу мен олардың білім алу құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар



аударылып келеді. Осыған байланысты инклюзивті білім беру жүйесі қалыптасып, көптеген елдерде кеңінен енгізілуде. Бұл жүйе ерекше балалардың құрдастарымен бірге білім алуына мүмкіндік береді.

Ерекше балалардың қоғамда алар орны да ерекше. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуында белгілі бір өзгешеліктер байқалады. Бұл ерекшеліктер олардың оқу процесін қабылдауына, ақпаратты меңгеруіне және әлеуметтік қарым-қатынасына әсер етеді. Мысалы, кейбір балаларда сөйлеу тілінің дамуы баяу болуы мүмкін, ал кейбіреулерінде есту немесе көру қабілетінің бұзылыстары кездеседі. Сонымен қатар танымдық процестердің баяу дамуы немесе эмоционалдық тұрақсыздық та байқалуы мүмкін.

Осындай ерекшеліктерге байланысты ерекше балаларды оқыту барысында келесі педагогикалық талаптарды сақтау маңызды:

- оқу материалын баланың мүмкіндігіне қарай бейімдеу;
- жеке және сараланған оқыту тәсілдерін қолдану;
- түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізу;
- психологиялық қолдау көрсету.

Бұл талаптарды орындау баланың білімді тиімді меңгеруіне және оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Инклюзивті білім беру – қазіргі педагогикадағы маңызды бағыттардың бірі. Оның негізгі идеясы – барлық балалардың бірдей білім алу құқығын қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше балалар жалпы білім беретін мектептерде өз құрдастарымен бірге білім алады. Бұл олардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектеседі және өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің артықшылықтары:

1. Балалардың әлеуметтік дағдылары қалыптасады.
2. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артады.
3. Өзара түсіністік пен толеранттылық қалыптасады.
4. Әр баланың жеке мүмкіндігін дамытуға жағдай жасалады.

Дегенмен инклюзивті білім беру жүйесін тиімді жүзеге асыру үшін мектептерде арнайы мамандар – дефектологтар, логопедтер, психологтар жұмыс істеуі қажет.

Ерекше балалармен педагогикалық жұмыс жүргізу барысында түрлі әдістер қолданылады. Олардың негізгі мақсаты – баланың танымдық белсенділігін арттыру және оның жеке мүмкіндіктерін дамыту. Ерекше балалармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістеріне мыналар жатады:

Жеке оқыту тәсілі. Жеке оқыту барысында мұғалім баланың қабілетін ескере отырып тапсырмалар береді. Бұл әдіс оқушының білімді өз қарқынымен меңгеруіне мүмкіндік береді.

Ойын арқылы оқыту. Ойын – баланың табиғи әрекеті. Сондықтан ойын элементтерін қолдану

ерекше балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Түзете-дамыту жаттығулары. Бұл жаттығулар баланың психикалық және физикалық дамуындағы қиындықтарды жеңілдетуге бағытталады. Мысалы, логопедиялық жаттығулар сөйлеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Ақпараттық технологияларды қолдану. Қазіргі цифрлық құралдар ерекше балалардың оқу процесін жеңілдетеді. Мысалы, интерактивті бағдарламалар арқылы балалар оқу материалын көрнекі түрде қабылдай алады.

Отбасының ерекше бала тәрбиесіндегі рөліне тоқталатын болсақ, жауапкершілікті, сабырлықты, түсіністікті, шыдамдылықты қажет етеді. Ерекше баланың дамуына отбасының ықпалы өте зор. Ата-ананың қолдауы мен түсіністігі баланың психологиялық жағдайына тікелей әсер етеді. Ата-аналар баланың ерекшелігін қабылдап, оның қабілеттерін дамытуға жағдай жасауы керек. Сонымен қатар олар педагогтармен және мамандармен тұрақты байланыста болуы маңызды. Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық ерекше баланың білім алу процесінің тиімділігін арттырады.

Қоғамдағы ерекше балаларға деген көзқарастың өзі де өзгеше. Мейірімділікті, жанашырлықты, түсіністікпен қарауды талап ететіндіктен, ерекше балаларға қатысты қоғамның көзқарасы олардың өмір сапасына үлкен әсер етеді. Егер қоғамда толеранттылық пен түсіністік қалыптасса, ерекше балалар өздерін еркін сезінеді. Сондықтан қазіргі қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру маңызды. Бұл мәдениет адамдардың бір-бірінің ерекшеліктерін құрметтеуіне және әлеуметтік теңдік қағидаларын сақтауға негізделеді.

Қорытындылай келе, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау – қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Әрбір бала өзінің мүмкіндігіне қарамастан білім алуға және дамуға құқылы. «Ерекше балаға – ерекше әрекет» қағидасы баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оған қажетті педагогикалық қолдау көрсетуді білдіреді. Мұндай тәсіл баланың әлеуетін ашуға және оның қоғамға толыққанды бейімделуіне мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту, арнайы педагогикалық әдістерді қолдану және ата-аналардың белсенді қатысуы ерекше балалардың болашағын жақсартуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарова Р. Арнайы педагогика негіздері. – Алматы, 2021.
2. Сүлейменова Р. Инклюзивті білім беру теориясы мен практикасы. – Алматы, 2023.
3. Құрманова Б. Инклюзивті білім беру мәселелері. – Алматы, 2000.
4. Лебединский В.В. Нарушения психического развития у детей. – М., 1998.
5. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М., 1996.



ӨЖЖ 373.31

**Усубалиева
Баян Оразовна**

Шымкент қаласы, Н.Оңдасынов атындағы
№ 38 мектеп-гимназияның
бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДЫҢ КЕЙБІР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының білімін бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері қарастырылады. Оқу үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін, ойлау қабілетін және оқу әрекетін дамытуда бағалаудың маңызы талданады. Сондай-ақ білімді бағалаудың әдістері мен өлшемдері, олардың оқушының жеке дамуына әсері ғылыми тұрғыдан сипатталады.

Қазіргі кезеңде педагогика мен психология ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың білім сапасын арттыру және оқыту үдерісін жетілдіру болып табылады. Білім сапасын анықтау және оны психологиялық тұрғыдан бағалау тәсілдері бүгінгі күні күрделі әрі маңызды мәселелердің қатарында. Оқушылардың білімін бағалау өлшемдері мен тәжірибелік әдістері педагогикалық психологияның негізгі қағидаларына сүйене отырып жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы зерттеулерде Д.Б. Эльконин мен Н.Ф. Талызина еңбектері ерекше орын алады.

Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов еңбектерінде дамыта оқыту теориясы жан-жақты қарастырылып, оның оқушылардың ғылыми-теориялық ойлау жүйесін қалыптастырудағы маңызы көрсетілген. Бұл теория оқушылардың танымдық іс-әрекеттерінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Қазақстандық ғалымдар С.М. Жақыпов, Ж.Ы. Намазбаева, Қ.Б. Жарықбаев, Х.Т. Шерьязданова зерттеулерінде де оқыту үдерісінің психологиялық негіздері мен оқушының танымдық әрекетін дамыту мәселелері кеңінен қарастырылған.

Оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыру барысында оқушылардың оқу әрекетінің жалпы тәсілдері қалыптасады. Бұл тәсілдерді меңгеру оқушылардың ақыл-ой дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Психологиялық зерттеулерде (Б.Г. Ананьев, Н.А. Менчинская, З.И. Калмыкова, С.Ф. Жуков т.б.) оқушылардың ойлау әрекетінің интегративті сипаттары келесі көрсеткіштер арқылы анықталады:

Оқу материалын меңгеру жылдамдығы. Бұл көрсеткіш оқушының жаңа білімді қабылдау және игеру қарқынын сипаттайды.

Ойлаудың икемділігі. Бұл – өзгерген жағдайларға байланысты білім мен әрекет тәсілдерін тез өзгерте алу қабілеті. Оның қарама-қарсы көрінісі – ойлаудың стереотиптілігі.

Абстрактілі және нақты ойлау құрылымдарының арақатынасы. Оқушының нақты тәжірибе мен абстрактілі білімді дұрыс байланыстыра алуы білімнің жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Осы көрсеткіштер арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктерін анықтауға болады. Мұндай талдау оқушыларды үлгерімі жоғары немесе төмен топтарға бөлудің себептерін түсінуге мүмкіндік береді.

П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясы оқу әрекетін ұйымдастыруда ерекше маңызға ие. Ғалымның пікірінше, білімді меңгеру белгілі бір әрекеттер жүйесі арқылы жүзеге асады.

Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдов бастауыш сынып кезеңінде жетекші іс-әрекет ретінде оқу әрекетін қарастырады. Бұл кезеңде оқушыларда теориялық білімдер мен ғылыми ұғымдарды меңгеру негіздері қалыптасады.

Соңғы жылдары оқу әрекетінің тұжырымдамасы шеңберінде теориялық білімнің сапалы сипаты және олардың диагностикалық әдістері жайлы зерттеу жұмыстары жалғасуда (Г.Г. Микулина, М.А. Семенова, В.А. Львовский, И.В. Ривина).

Ы. Алтынсарин мұғалімнің жадына мына жәйтті мықтап шегелейді: «Ол кіммен істес болып отырғанын еш уақытта да ұмытпауы керек. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәламауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, екі ұшты астарлы сөз, орынсыз ұғымдарды қолданбауы керек», – деп мұғалімнің төлімгерлік жұмысына сын айтады.

С.М. Жақыпов оқыту психологиясын зерттей отырып, оқытуға қосылған кез-келген танымдық үрдіс ерекше іс-әрекет болып өзгереді немесе операциялар ретінде танымдық іс-әрекет құрамына кіреді деп көрсетеді. Ол оқыту үрдісін жан-жақты зерттеп, жүйелі қағидалардың нақты психологиялық мазмұнымен толықтыра қолданды. Ғалымның пікірінше, оқу-танымдық іс-әрекет мәселені мағыналы етіп қоюы қажет, яғни бұл үшін сұрақты мұғалім емес оқушы қоюы керек. «Сұраушы мұғалім – жауап беруші оқушы» қатынасынан, «сұраушы оқушы, балаға өз сұрағын дұрыс қоюға және оған жауап табуға көмектесетін мұғалім», – дегенге көшу қажет.

Оқу үдерісінің тиімділігі көбінесе оқушылардың танымдық қызығушылығына байланысты. Танымдық қызығушылық – адамның табиғи танымдық қажеттіліктерінен туындайтын ішкі мотив. Танымдық қызығушылық оқытуға қатысты қосымша, сыртқы нәрсе емес. Қызығушылықтың болуы оқу үрдісінің табыстылығы мен оны дұрыс ұйымдастыру кепілдемелігінің басты жағдайы



болады.

Көптеген зерттеулер дәлелдегендей-ақ, қызығушылық зейінді тұрақтандырады, есте сақтауды жеңілдетеді, оқу әрекетінің нәтижелілігін арттырады. Танымдық қызығушылықтың маңыздылығы оқу үрдісінің шеңберінен алысқа кетеді. Оқыту, ақыл-ой дамуы және тұлғаны тәрбиелеуде қызығушылық, осы үштікті байланыстырушы дәнекер болып табылады.

Кеңес психологы А.Н. Леонтьев танымдық қызығушылықты тұлғаның интеллектуалдық дамуының негізгі қозғаушы күштерінің бірі ретінде қарастырған.

Қызығушылық бүкіл танымдық үрдістерге және олардың функцияларына, әсіресе зейінге өте қатты әсер етеді, оның ішінде еріксіз зейінге оң әсерде болады. Қызығушылықпен байланыстағы зейін ұзақ және терең болады. Еске де қызығушылықтың үлкен әсері бар: қызықты нәрсе есте жеңіл, тез әрі нық, берік сақталады, ал қызықсыз жайт есте үлкен еңбекпен қалады және естен тез, оңай шығады.

Психолог А.П. Липкина кіші бастауыш мектеп оқушыларының даму ерекшеліктерін зерттеуде ауызша түсінігінің даму ерекшеліктеріне көңіл бөлген. Оның зерттеуінше, қысқа түсінік айту ұзаққа қарағанда балаларға оңайға түседі. Егер балаларды мәтіндегі қысқа ғана, тек бастысын айтуды сұраса, олар жиі жағдайда мәнді мазмұндық сәттерді ұмытып кетеді, сөйтіп мәтіннің мазмұны ақсайды.

Мәтінді қысқарту және ондағы тек бастыны бөліп көрсету – бұл оқушы үшін бір ғана міндет емес, екі міндет болады және бір уақытта екеуін шешу қиынға түседі. Ең бастыны бөлу балаға қиын соғады, өйткені бала үшін барлығы басты секілді болады.

Оқытуды күшейту құралы ретіндегі оқушылардың танымдық ізденімпаздығы туралы пікір Я.А. Коменскийдің, И.Г. Песталлоцци мен А.Дистервергтің еңбектерінде тереңдетіледі.

Сонымен қатар бағалау оқыту үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бағалау арқылы оқушылардың білім нәтижелері анықталып қана қоймай, олардың оқу әрекеті реттеледі.

Психологтар бағалаудың оқушының тұлғалық дамуына әсер ететінін атап көрсетеді. Б.Г. Ананьев, В.А. Сухомлинский, Л.В. Занков, Ш.А. Амонашвили, Д.Б. Эльконин зерттеулерінде бағалаудың тәрбиелік және дамытушылық қызметтері қарастырылған.

Бағалау барысында екі негізгі мәселе ескерілуі қажет:

1. Оқушылардың білім нәтижелерін нақты және әділ анықтау.
2. Алынған нәтижелердің психологиялық мазмұнын талдау.

Дұрыс ұйымдастырылған бағалау оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын

қалыптастырады және олардың оқу әрекетіне деген жауапкершілігін арттырады.

Білім жөніндегі нәтижелерді жинақтағанда педагогтер, мейлінше әділ, нақты, дұрыс шешімде болуы керек, ал психологиялық мазмұнын талдағанда алған нәтижелерді талдап - біріктіріп, белгілі-бір дұрыс қорытындыға келуіміз керек.

Ал, психологтардың барлығы бірауыздан бағаның жеке адамның жалпы дамуына теріс әсер ететін факторларын айтады. Б.Г. Ананьев (1935), В.А. Сухомлинский (1969), Л.В. Занков (1964), А.И. Липкина (1969), Ш.А. Амонашвили (1980), Д.Б. Эльконин бұл мәселелер бойынша көп жұмыс жасады. А.В. Захарова (1977) бағалауды іс-әрекеттің бір бөлігі деп санайды және оқушылардың өзін-өзі бағалауына маңызды орын береді.

Ласло Балог (1981) бағаның хабарлағыштық рөлін зерттеді және де ол ата-аналарға оқушылармен, мұғалімдермен бірдей, тең дәрежеде бағаны құптайтындарына, бағаның хабарлама рөлде болатындығына көпшілік көзін жеткізді.

А.В. Захарова және Т.Ю. Андрюшенко өз зерттеулерінде өзін-өзі бағалаудың оқу әрекетінің қалыптасу деңгейіне тәуелділігін, яғни баға шамасының іс-әрекет тәсіліне тәуелділігін анықтады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының білімін бағалау – оқу үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі. Бағалау тек білім деңгейін анықтауға ғана емес, оқушылардың танымдық әрекетін дамытуға, ойлау қабілетін жетілдіруге және оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Оқушылардың білімін бағалау педагогикалық және психологиялық қағидаларға негізделген жағдайда ғана тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Сондықтан бағалау үдерісінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеру маңызды.

Әдебиеттер:

1. Бадмаев Б.Ц. Психология в работе учителя: в 2 кн. – М.: Издательский центр «Академия», 2021. – Кн. 1: Практическое пособие по теории развития, обучения и воспитания. – 266 с.
2. Гальперин П.Я. Лекции по психологии. – Ростов н/Д: Феникс, 2020.
3. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. – М.: Издательский центр «Академия», 2016.
4. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. – М., 2007.
5. Педагогическая психология: учебное пособие / под ред. И.Ю. Кулагиной. – М.: ТЦ Сфера, 2008. – 480 с.



ӨЖ 372.4

**Жусипова Акмарал
Абдыкайымовна**

Шымкент қаласы, Саттар Ерубаяев атындағы №24 ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗДІГІНЕН ОРЫНДАЙТЫН ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу процесіндегі өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық негіздері қарастырылады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, дербес жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселелері талданады. Сонымен қатар өздігінен орындалатын жұмыстардың түрлері, оны ұйымдастыру жолдары және мұғалімнің рөлі сипатталады. Зерттеу нәтижелері бастауыш сыныпта өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру білім сапасын арттырудың маңызды факторларының бірі екенін көрсетеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушылардың тек білім алуымен ғана шектелмей, олардың өздігінен ойлауын, ізденуін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш сыныпта оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Бастауыш мектеп – баланың тұлғалық қасиеттері қалыптасатын алғашқы кезең. Бұл кезеңде оқушының білімге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, өз бетімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады. Сондықтан оқыту процесінде оқушылардың дербес әрекетін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды. Педагогика ғылымында оқушылардың өзіндік жұмысы – мұғалімнің тікелей көмегінсіз, бірақ оның басшылығымен орындалатын танымдық әрекет ретінде қарастырылады. Мұндай жұмыстар оқушының білімді терең меңгеруіне, ойлау қабілетінің дамуына және өздігінен шешім қабылдауына ықпал етеді.

Бастауыш сыныпта өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың теориялық негіздеріне тоқталсақ, оқушылардың өзіндік жұмысы педагогика ғылымында кеңінен зерттелген мәселелердің бірі болып табылады. Оның негізгі мақсаты – оқушының танымдық белсенділігін арттыру және білімді өз бетімен меңгеру қабілетін қалыптастыру.

Ғалымдардың пікірінше, бастауыш сыныптағы өзіндік жұмыстар баланың танымдық қызығушылығын арттырып, логикалық ойлауын

дамытады. Сонымен қатар оқушылардың дербес әрекет етуі олардың білімді терең түсінуіне және ұзақ уақыт есте сақтауына мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының өздігінен орындайтын жұмыстарға көп көңіл бөлу керек. Себебі, бастауыш сынып оқушылары өзіндік жұмыс арқылы дамиды, шығармашылық қабілет пен логика қалыптасады. Өзіндік жұмыстың негізгі ерекшеліктері мыналар:

- оқушының дербес әрекеті;
- танымдық белсенділіктің жоғары болуы;
- мұғалімнің бағыттаушы рөлі;
- оқу мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылуы.

Бастауыш сыныпта өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Өйткені бұл жаста балалардың зейіні тұрақсыз, бірақ қызығушылығы жоғары болады. Сондықтан тапсырмалар қызықты әрі түсінікті болуы тиіс. Өзіндік жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының білім алу процесінде маңызды рөл атқарады. Оның негізгі маңызы төмендегідей:

Танымдық белсенділікті арттырады

Оқушылар тапсырмаларды өздігінен орындау барысында жаңа білімді іздену арқылы меңгереді.

Ойлау қабілетін дамытады

Өзіндік жұмыстар логикалық ойлауды, талдау және салыстыру қабілеттерін қалыптастырады.

Шығармашылық қабілетті дамытады

Оқушылар өз бетімен жұмыс істегенде шығармашылық тұрғыдан ойлауға үйренеді.

Жауапкершілікті қалыптастырады

Өзіндік жұмыс оқушының өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік береді.

Өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады

Бұл дағды болашақта оқушының өмір бойы білім алуына негіз болады.

Өзіндік жұмыстардың түрлері

Бастауыш сыныпта қолданылатын өзіндік жұмыстар бірнеше түрге бөлінеді.

Репродуктивтік жұмыстар

Бұл жұмыстар оқушылардың бұрын алған білімдерін қайталап, бекітуге бағытталады. Мысалы: жаттығулар орындау, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, кестелер толтыру.

Ізденушілік жұмыстар

Бұл жұмыстар оқушылардың ойлау қабілетін дамытады. Мысалы: проблемалық тапсырмалар, логикалық есептер, салыстыру тапсырмалары.

Шығармашылық жұмыстар

Бұл жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Мысалы: эссе жазу, сурет салу, мәтін құрастыру.

Практикалық жұмыстар

Оқушылардың алған білімін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда әдіс-тәсілдердің рөлі ерекше. Бастауыш сыныпта өзіндік

жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін мұғалім бірнеше педагогикалық әдістерді қолдануы қажет.

1. Жеке жұмыс

Әр оқушы тапсырманы өз бетімен орындайды.

2. Жұптық жұмыс

Екі оқушы бірлесіп тапсырманы орындайды.

3. Топтық жұмыс

Оқушылар шағын топтарда жұмыс істейді.

4. Ойын технологиялары

Бастауыш сыныпта ойын элементтерін қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады.

5. Ақпараттық технологияларды қолдану

Интерактивті тақта, электронды тапсырмалар, цифрлық ресурстар өзіндік жұмысты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда мұғалім жетекші рөл атқарады. Оның негізгі міндеттері:

- тапсырмаларды дұрыс таңдау
- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру
- оқу мақсатына сәйкес жұмыс ұйымдастыру
- оқушыларға бағыт-бағдар беру
- нәтижені бағалау

Мұғалім оқушылардың дербес әрекетін қолдап, олардың оқу мотивациясын арттыруы тиіс.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру – оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Мұндай жұмыстар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері сабақ барысында өзіндік жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырып, оқушылардың дербес әрекетін дамытуға ерекше көңіл бөлуі қажет. Бұл білім сапасын арттыруға және оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. Әбдікәрімов Б. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 2017.
3. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2015.
4. Аймауытов Ж. Педагогика және психология мәселелері. – Алматы.
5. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың педагогикалық негіздері. (repository.enu.kz)
6. Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы (infohub.kz)
7. Педагогика негіздері. – Алматы: Білім баспасы.
8. Текесбаева А.М. Оқыту әдістемесі. – Алматы, 2022. ([Электронная библиотека Туран-Астана](https://elibrary.kz))



ӨЖ 372.851

**Айбосынова
Фариза Жорахановна**

Шымкент қаласы, №35 М. Мәметова атындағы ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сыныпта математика пәнін оқытудың педагогикалық және әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Бастауыш білім беру кезеңінде математикалық білімнің негізі қаланып, оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, танымдық белсенділігі және есеп шығару дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, мақалада оқыту әдістері, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, көрнекілік құралдарын пайдалану, ойын технологиялары мен заманауи педагогикалық тәсілдердің маңызы талданады.

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш мектеп оқушыларын сапалы біліммен қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бастауыш мектеп – оқушының тұлғалық және интеллектуалдық дамуының алғашқы әрі ең маңызды кезеңі. Осы кезеңде баланың ойлау қабілеті қалыптасып, білімге деген қызығушылығы артады. Математика пәні – бастауыш сатыда ең негізгі, қызықты пән. Математика пәні бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын, талдау және салыстыру қабілеттерін дамытуда ерекше рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл пән оқушылардың өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешуіне көмектесетін практикалық дағдыларды қалыптастырады. Сондықтан бастауыш сыныпта математиканы оқыту барысында тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдану маңызды.

Бастауыш сыныптағы математика пәнінің негізгі мақсаты – оқушыларға математикалық ұғымдардың бастапқы жүйесін қалыптастыру және оларды практикалық жағдайда қолдана білуге үйрету.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер жүзеге асырылады:

- математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- логикалық ойлау қабілетін дамыту;
- есептеу дағдыларын жетілдіру;



- математикалық тілде дұрыс сөйлеуге үйрету;
- оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

Бастауыш сыныптағы математика сабақтары тек білім беріп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілетін де дамытуы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, саралау тапсырмаларына байланысты логикасын, математика пәніне қызығушылығын арттыру қажет.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері оқыту процесінде міндетті түрде ескерілуі қажет. Бұл кезеңдегі балалар көбінесе көрнекі-бейнелік ойлау арқылы білімді қабылдайды. Сондықтан сабақ барысында көрнекілік құралдарын пайдалану өте маңызды. Оқушылардың есте сақтау қабілеті көбіне көрнекілік пен тәжірибелік әрекеттер арқылы дамиды. Егер мұғалім жаңа тақырыпты тек ауызша түсіндірумен шектелсе, оқушылардың материалды толық меңгеруі қиын болуы мүмкін. Ал түрлі суреттер, схемалар, модельдер және ойын элементтері қолданылған жағдайда білім тиімді әрі тез меңгеріледі.

Математиканы оқытудың негізгі ерекшеліктері:

Бастауыш сыныпта математиканы оқыту барысында көрнекілік принципі маңызды орын алады. Оқушылар нақты заттар мен бейнелер арқылы математикалық ұғымдарды оңай түсінеді. Мысалы, сандарды үйрету кезінде түрлі фигуралар, санау таяқшалары немесе суреттер қолдануға болады.

Ойын – бастауыш сынып оқушыларының негізгі әрекет түрі. Сондықтан математика сабақтарында дидактикалық ойындарды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады. Ойын арқылы оқушылар есеп шығару, салыстыру, топтастыру сияқты әрекеттерді еркін орындайды.

Математиканы оқыту барысында материал біртіндеп күрделеніп отыруы тиіс. Алдымен оқушылар қарапайым амалдарды меңгеріп, кейін күрделі есептерге көшеді. Бұл тәсіл оқушылардың білімді жүйелі түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Математикалық білім өмірмен тығыз байланысты болуы қажет. Сабақ барысында күнделікті өмірден алынған мысалдар мен есептерді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту барысында түрлі әдістер қолданылады. Олардың ішінде ең тиімділері:

Түсіндіру әдісі – жаңа материалды мұғалімнің жүйелі түрде түсіндіруі.

Сұрақ-жауап әдісі – оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Практикалық әдіс – есеп шығару, тапсырмалар орындау арқылы білімді бекіту.

Интерактивті әдістер – топтық жұмыс, пікірталас, жобалық жұмыстар. Бұл әдістерді дұрыс үйлестіре қолдану сабақтың тиімділігін арттырады.

Заманауи педагогикалық технологиялардың рөлі орасан.

Қазіргі таңда білім беру процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану маңызды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, интерактивті тақталар, электрондық ресурстар сабақтың мазмұнын байытады. Мысалы, мультимедиялық презентациялар арқылы күрделі тақырыптарды түсіндіру жеңілдейді. Сонымен қатар, түрлі математикалық ойындар мен онлайн жаттығулар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту – бүгін күннің негізгі талабы болып табылады. Математика пәні логикалық ойлауды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Оқушылар есеп шығару барысында талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау сияқты әрекеттерді орындайды. Логикалық ойлауды дамыту үшін мұғалім келесі тапсырмаларды қолдана алады:

- логикалық есептер;
- салыстыру тапсырмалары;
- заңдылықтарды анықтау;
- шығармашылық тапсырмалар.

Бұл тапсырмалар оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, білім сапасын жақсартады.

Қорыта келе, бастауыш сыныпта математика пәнін тиімді оқыту – оқушылардың болашақ білімінің берік негізін қалыптастырады. Математика сабақтары тек есеп шығару дағдыларын дамытып қана қоймай, оқушылардың логикалық ойлауын, танымдық белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Осы мақсатқа жету үшін мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, көрнекілік құралдарын, ойын элементтерін және заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдануы қажет. Сонда ғана математиканы оқыту процесі қызықты, мазмұнды және нәтижелі болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Пышкало А.М. Методика обучения математике в начальной школе. – Москва: Просвещение, 2018.
2. Истомина Н.Б. Методика преподавания математики в начальных классах. – Москва: Академия, 2019.
3. Баймұханов Б.Б. Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2017.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2016.
5. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – Москва: Педагогика, 2015.
6. Скоткин М.Н., Лернер И.Я. Дидактика средней школы. – Москва: Просвещение, 2014.
7. Занков Л.В. Развитие младших школьников в процессе обучения. – Москва: Педагогика, 2018.
8. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 2018.



ӘОЖ 372.853

Ануарова Гульзада Тойшыбековна

Шымкент қаласы, «Энергетика және байланыс» колледжінің физика пәні оқытушысы

ФИЗИКА САБАҒЫНДАҒЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ОЙЛАУ: THINK-PAIR-SHARE ӘДІСІ

Аңдатпа. Мақалада физика сабақтарында оқушылардың сыни және зерттеушілік ойлауын дамытуда Think-Pair-Share («Ойлан – Жұппен бөліс – Талқыла») стратегиясын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Әдістің кезеңдері, оның оқу процесіндегі рөлі және жасанды интеллект құралдарымен ұштастыру мүмкіндіктері талданып, оқушылардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясын арттырудағы маңызы айқындалады.

Қазіргі педагогика оқушыны білім беру үдерісінің орталығына қоятын әдістерге барған сайын көбірек жүгінуде. Белсенді технологиялардың арасында ерекше орынды 1981 жылы профессор Фрэнк Лайман ұсынған Think-Pair-Share – «Ойлан – Жұппен бөліс – Талқыла» стратегиясы алады. Физика сабақтарында бұл әдіс айрықша маңызға ие, өйткені физика ғылымы формулаларды жатқа білуді емес, құбылыстарды терең түсінуді және логикалық ойлауды талап етеді. Американдық философ-педагог Джон Дьюидің пайымдауынша, зерттеушілік қабілеттер оқушының белгісіз ортада табысты жұмыс істеу және мәселелерді шешу дағдысымен тікелей байланысты [1]. Дәл осы тұрғыда ынтымақтастық ойлау жай педагогикалық тәсіл ғана емес, танымның шынайы құралына айналады.

Әдістің мәні үш кезекті кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – Think (ойлан) – мұғалім сұрақ қояды немесе тапсырма тұжырымдайды, содан кейін әрбір оқушы өздігінен ойлануға уақыт алады. Бұл кезең өте маңызды: оқушы бірден көршісіне жүгіне алмайды, ол алдымен өз болжамын қалыптастыруға, бар білімін жұмылдыруға, толық болмаса да жеке жауабын тұжырымдауға мәжбүр болады. Физика сабағында бұл кезең энергияның сақталу заңын қолдану есептерін шығаруда, электр тізбегін талдауда немесе оптикалық құбылыстарды түсіндіруде аса маңызды.

Екінші кезең – Pair (жұппен бөліс) – оқушылардың жұпқа бірігіп, өз пікірлерін талқылауын болжайды. Психолог А.И. Савенковтың зерттеулері бойынша, зерттеушілік қабілеттердің құрылымына іздеу белсенділігі, конвергентті және дивергентті ойлау кіреді [2] – дәл осы компоненттердің барлығы жұптық диалогта бірден іске қосылады. Серіктестердің әрқайсысы тек тыңдап қана қоймай, өз позициясын дәлелдеуге, түсіндіруге, негіздеуге мәжбүр болады. Дәл осы диалогта терең түсіну қалыптасады. Егер бір оқушы

гравитациялық өрістегі денелердің қозғалысы туралы есептің шартын дұрыс түсінбесе, ал екіншісі мүлдем басқаша ұғынса, онда талқылау барысында екеуі де физикалық құбылыстың мәнін дәлірек ұғынуға келеді.

Үшінші кезең – Share (талқыла) – бүкіл сынып деңгейіне шыға отырып жүзеге асады. Жұптар өз тұжырымдарын таныстырады, ал мұғалім пікірталасты бағыттап, қорытындылайды, қателіктерді түзетеді және ғылыми тұрғыдан негізделген бірыңғай түсінікті қалыптастыруға көмектеседі. Бұл кезеңде физика мұғалімі үшін «дұрыс жауапты беру» ғана емес, туындаған қате түсініктердің терең себептерін анықтау маңызды – мысалы, жылдамдық пен үдеу ұғымдарын шатастыру немесе суперпозиция принципін дұрыс түсінбеу.

Әдісті практикада қолдану мұқият дайындықты талап етеді. Оқушыларға ұсынылатын сұрақ немесе тапсырма формуланы жай қайталауға емес, ойлауды ынталандыруға жеткілікті дәрежеде ашық болуы тиіс. Мысалы, «Дененің кинетикалық энергиясын есептеңіз» деген классикалық тапсырманың орнына мынадай сұрақ қою тиімдірек: «Көлденеңінен лақтырылған дене мен сол биіктіктен тікелей түскен дене неге жерге бір мезгілде жетеді? Мұның қозғалыстардың тәуелсіздік принципімен қандай байланысы бар?» Мұндай сұрақ есептеуді емес, ойлауды талап етеді және дәл осы сұрақ стратегияның үш кезеңінде де ойлаудың толыққанды жұмысын іске қосады.

Зерттеулер Think-Pair-Share стратегиясын жүйелі қолданудың материалды меңгеру тереңдігіне елеулі әсер ететінін көрсетеді. В. С. Мухинаның пікірінше, оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамыту білім беру процесінде бағытталған танымдық қызығушылықты, оқу еркіндігін және білімді өз бетінше іздеу дағдыларын қалыптастыруды болжайды [3]. Бұл стратегия бойынша жұмыс істейтін оқушылар жаңа жағдайларда білімді ауыстыру деңгейін жоғары, стандартты емес есептерді шешуде жақсырақ нәтиже көрсетеді. Сонымен қатар, жұптық жұмыс форматы психологиялық қауіпсіз орта қалыптастырады: бүкіл сынып алдында емес, бір сыныптасының алдында қателесу мүлдем басқа нәрсе, бұл алаңдаушы және өзіне сенімсіз оқушылар үшін аса маңызды.

Мұғалімнің бұл технологиядағы рөліне ерекше назар аудару қажет. Педагог жалғыз білім көзі болудан бас тартып, таным үдерісінің ұйымдастырушысына айналады – дайын жауаптарды жеткізетін емес, ойлауға жағдай жасайтын тұлғаға. Б.С. Дюсембинованың зерттеулерінде атап өтілгендей, оқушылармен жүргізілетін зерттеу жұмысының методикасы мұғалімнен тапсырмаларды мұқият іріктеуді және оқушыны ізденіске бағыттайтын жетекші сұрақтарды дайындауды талап етеді [5]. Жақсы физика мұғалімі тіпті қате жауапты да өнімді талқылаудың бастапқы нүктесі ретінде пайдалана



алады: «Қызықты болжам. Оны Ньютонның екінші заңы арқылы тексеріп көрейік».

Соңғы жылдары Think-Pair-Share әдісі цифрлық технологиялар, атап айтқанда жасанды интеллект аясына органикалық түрде енуде. Зулунов Р.М. атап өткендей, оқу процесіне ЖИ технологияларын енгізу оқушылардың білім сапасын арттырудың, оқу материалдарын тереңірек түсінудің және оқуға деген қызығушылықты сақтаудың тиімді құралы болып табылады [7]. Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасында оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік белсенділігін және цифрлық сауаттылығын дамыту негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалған [4]. Білім беру чат-боттары мен бейімделгіш платформалар сияқты заманауи ЖИ-құралдары жеке ойлану кезеңінде «ақылды серіктес» рөлін атқара алады: оқушы өз болжамын тұжырымдайды, ал жүйе тікелей жауап бермей, нақтылаушы сұрақтар қоя отырып, ойлау логикасын қалыптастыруға көмектеседі. Маңыздысы – жасанды интеллект бұл жағдайда жұп немесе сынып арасындағы тірі қарым-қатынасты алмастырмайды, тек стратегияның бірінші, жеке кезеңін байытады.

А.С. Обуховтың зерттеуінше, зерттеушілік позиция мен зерттеушілік қызмет оқушыда алдымен жеке деңгейде, содан кейін топтық өзара іс-қимыл барысында дамиды [6]. Ren Y. мен Lan L. болса адам интеллектісі мен жасанды интеллектінің терең интеграциясы сыныптағы оқытудың нәтижесін оңтайландырып қана қоймайды, сонымен қатар білім берудің мәнін де байытады деп тұжырымдайды [8]. Dosaeva A.M. және басқалардың зерттеулері де білім беру үдерісіне ЖИ-ді кіріктіру оқушылардың мотивациясын арттырып, оқуды интерактивті және тартымды ететінін дәлелдейді [10]. Кейбір физика мұғалімдері ЖИ-есеп генераторларын Think-Pair-Share сабақтарына дайындықта пайдаланады: алгоритм сабақтың тақырыбы мен оқушылардың жасына бейімделген, күрделілік деңгейі әртүрлі ашық сұрақтар топтамасын жасайды. Бұл педагогтің уақытын едәуір үнемдейді және сыныпқа ұсынылатын проблемалық жағдаяттарды алуан түрлі ете алады. Дегенмен мұғалімнің педагогикалық пайымы басты рөлде қала береді: дәл сол ойлауды іске қосатын сұрақты таңдайтын – ол.

Осылайша, Think-Pair-Share стратегиясы жай методикалық тәсіл ғана емес, түсіну диалогта туындайды деген сенімге негізделген тұтас педагогикалық философия болып табылады. Табиғаттың абстрактілі заңдары тірі және мағыналы білімге айналуы тиіс физика сабақтарында бұл әдіс өзінің толық мүмкіндіктерін ашады. Ол оқушыларды белгісіздіктен қорқпауға, өз көзқарасын қорғауға және дәлелдердің ықпалымен оны қайта қарауға

дайын болуға үйретеді, ал бұл қасиеттер ғылымда да, өмірде де бірдей қажет. Петрунин Ю.Ю. атап өткендей, интеллект – бұл белгілі алгоритм болмаған жағдайда да мәселені шешу қабілеті, ал оқу жағдайында дәл осы қабілет ынтымақтастық форматта ең тиімді дамиды [11]. Осы уақыт сынынан өткен стратегияны заманауи жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастыру білім беруде жаңа горизонттар ашады – оқытуды бір мезгілде жекелендірілген, интерактивті және терең етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дьюки Д. Демократия және білім: ағылшын тілінен аударма. – М.: Педагогика-Пресс, 2000.
2. Савенков А.И. Оқытудағы зерттеу тәсілінің психологиялық негіздері: оқу құралы. – М.: Ось-89, 2006.
3. Мухина В.С. Жас психологиясы. Даму феноменологиясы: оқулық. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2006.
4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
5. Дюсембинова Б.С. Оқушыларымен жүргізілетін зерттеу жұмысын оқыту әдістемесі // Білімдегі жаңалықтар. – 2007. – №1 (17).
6. Обухов А.С. Зерттеу позициясы және зерттеу қызметі: нені және қалай дамыту керек. Оқушылардың зерттеу қызметі. – М., 2013.
7. Зулунов Р.М. Использование технологий искусственного интеллекта в образовательном процессе // Periodica Journal of Modern Philosophy, Social Sciences and Humanities. – 2022. – Т. 12. – С. 137–142.
8. Ren Y., Lan L. Application and Development Prospect of Artificial Intelligence in Quality Education // 3rd International Conference on Internet Technology and Educational Informization (ITEI). – 2021. – №2. – pp. 172–175.
9. Suping Q., Qiming F. Research on the Approach to Artificial Intelligence Integrated in Education // Journal of Gannan Normal University. – 2020. – №3.
10. Петрунин Ю.Ю. Философия искусственного интеллекта в концепциях нейронаук / Ю.Ю. Петрунин, М.А. Рязанов, А.В. Савельев. – М.: МАКС Пресс, 2010. – 187 с.



ӘОЖ 372.881.1

**Аргимбаева
Альмира Кенжебаевна**

Шымкент қаласы, Т.Рысқұлов атындағы
№25 мектеп- гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу қабілетін дамыту мәселесі қарастырылады. Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырудың маңызы, сөздік қорын дамыту жолдары, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру әдістері талданады. Сонымен қатар бастауыш сыныпта қолданылатын педагогикалық технологиялардың, ойын элементтерінің және шығармашылық тапсырмалардың оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бастауыш мектеп – баланың тілдік және танымдық дамуының негізі қаланатын кезең. Сондықтан осы кезеңде оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту ерекше назарды қажет етеді. Сөйлеу – адамның ойлау әрекетінің негізгі құралы. Баланың сөйлеу дағдылары неғұрлым ерте қалыптасса, оның танымдық және әлеуметтік дамуы да соғұрлым тиімді жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу қабілетін дамыту барысында олардың сөздік қорын байыту, дұрыс сөйлем құрауға үйрету және өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру маңызды.

Бастауыш сынып жасындағы балалардың сөйлеу қабілеті қарқынды дамиды. Бұл кезеңде балалардың сөздік қоры көбейіп, тілдік нормаларды меңгере бастайды. Олар қоршаған ортаны танып-білу барысында жаңа сөздерді меңгеріп, сөйлем құрастыру дағдыларын қалыптастырады. Оқушылардың сөйлеу қабілетінің дамуы бірнеше бағытта жүзеге асады:

- сөздік қордың молаюы;
- грамматикалық құрылымды дұрыс қолдану;
- байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптасуы;
- диалогтік және монологтік сөйлеудің дамуы.

Бұл кезеңде мұғалімнің жүйелі жұмысы оқушылардың тілдік дамуына үлкен әсер етеді.

Сөйлеу қабілеті – оқушының тұлғалық және интеллектуалдық дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сөйлеу мәдениеті қалыптасқан оқушы өз ойын нақты әрі түсінікті жеткізе алады. Сөйлеу қабілетін дамыту келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқушылардың ойлау қабілеті дамиды;

- оқу материалын меңгеру жеңілдейді;
- қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады;
- шығармашылық қабілеттері дамиды.

Сондықтан тіл дамыту жұмыстары барлық пәндермен байланысты түрде жүргізілуі қажет.

Сөйлеу қабілетін дамыту әдістері

1. Ойын арқылы оқыту

Ойын технологиялары бастауыш сыныпта кеңінен қолданылады. Ойын барысында оқушылар еркін сөйлеп, өз ойларын білдіруге тырысады. Мұндай әдістер балалардың сабаққа қызығушылығын арттырып, сөйлеу белсенділігін күшейтеді.

Мысалы:

- «Сөз тізбегі»
- «Сурет бойынша әңгіме құрастыру»
- «Жұмбақ шешу»

«Кім жылдам жауап береді?» ойындары оқушылардың сөздік қорын дамытып, тілдік белсенділігін арттырады.

2. Сурет арқылы әңгіме құрастыру

Сурет бойынша әңгіме құрастыру әдісі оқушылардың қиялын дамытады. Мұғалім белгілі бір тақырыптағы суретті көрсетіп, оқушыларға сол сурет бойынша әңгіме құрастыруды ұсынады. Бұл тапсырма балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырады.

3. Диалогтік оқыту

Диалогтік оқыту – оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Сұрақ-жауап, пікір алмасу, топтық талқылау арқылы оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді.

4. Шығармашылық жұмыстар

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Мысалы:

- қысқа әңгіме жазу;
- ертегі құрастыру;
- мәтінді жалғастыру;
- рөлдік ойындар ұйымдастыру.

Бұл тапсырмалар оқушылардың тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Бастауыш сыныпта сөйлеу қабілетін дамыту жұмысының тиімділігі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы қажет.

Мұғалімнің негізгі міндеттері:

- оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыру;
- қолайлы психологиялық орта қалыптастыру;
- тіл дамытуға бағытталған тапсырмаларды жүйелі түрде ұйымдастыру;
- әр оқушының жеке қабілетін ескеру.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың тілдік мәдениеті қалыптасып, олардың коммуникативтік құзыреттілігі дамиды.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу қабілетін дамыту – білім беру процесінің маңызды міндеттерінің бірі. Тіл



дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілген жағдайда оқушылардың сөздік қоры молайып, өз ойын еркін әрі нақты жеткізу қабілеті қалыптасады. Ойын технологиялары, шығармашылық тапсырмалар және диалогтік оқыту әдістері оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып, олардың тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Қазақстан, 2004.
4. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 2000.
5. Әбдіғалиева Ш. Бастауыш сыныпта тіл дамыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2012.
6. Сейітқазиев Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: Санат, 2010.
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>



ӘОЖ 372.881.1

**Палходжаева
Диялфруз Ибрахимовна**

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы,
№13 Мәңгілік ел ЖББМ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

ДИАЛОГ ЖӘНЕ РӨЛДІК ОЙЫН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада оқушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытуда диалогтік оқыту мен рөлдік ойын әдістерін қолданудың тиімділігі қарастырылады. Диалогтік оқытудың теориялық негіздері, рөлдік ойын әдісінің ерекшеліктері, сабақ барысында қолдану жолдары мен педагогикалық тиімділігі талданады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері мен практикалық ұсыныстар берілген. Диалог пен рөлдік ойындарды жүйелі түрде қолдану оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттырып, тілдік қорын байытып, өз ойын еркін жеткізуіне ықпал ететіні анықталды.

Кілт сөздер: диалогтік оқыту, рөлдік ойын, сөйлеу қабілеті, коммуникативтік құзыреттілік, интерактивті әдістер, тілдік дағды, педагогикалық технология.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету және олардың өмірлік

дағдыларын қалыптастыру. Соның ішінде тілдік қарым-қатынас дағдылары ерекше маңызға ие. Оқушылардың сөйлеу қабілетін дамыту – тіл пәндерін оқытудың негізгі міндеттерінің бірі.

Заманауи педагогикада оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ететін интерактивті әдістер кеңінен қолданылады. Солардың ішінде диалогтік оқыту мен рөлдік ойын әдістері оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытуда ерекше тиімді болып табылады.

Диалогтік оқыту – оқушылардың өзара пікір алмасуы арқылы білімді меңгеруіне бағытталған оқыту тәсілі. Ал рөлдік ойын – белгілі бір өмірлік жағдайларды модельдеу арқылы оқушыларды қарым-қатынас жасауға үйрететін әдіс. Бұл әдістер оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, сөйлеу мәдениетін дамытуға және тілдік орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында келесі педагогикалық әдістер қолданылды:

- ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау;
- бақылау әдісі;
- тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру;
- салыстырмалы талдау;
- педагогикалық эксперимент.

Зерттеу жұмысы мектеп оқушылары арасында жүргізіліп, диалог пен рөлдік ойын элементтері қолданылған сабақтардың нәтижелері талданды.

Диалогтік оқытудың теориялық негіздері

Диалогтік оқыту – білім алушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы білімді меңгеруіне негізделген оқыту технологиясы. Диалог барысында оқушылар пікір алмасып, өз ойларын дәлелдеуге және тыңдай білуге үйренеді.

Диалогтік оқыту теориясын зерттеген ғалымдардың қатарында Л.С. Выготский, М.М. Бахтин, А.А. Леонтьев сияқты зерттеушілер бар. Л.С. Выготскийдің әлеуметтік-мәдени теориясына сәйкес, адамның танымдық дамуы әлеуметтік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Яғни оқушының білімді меңгеруі басқа адамдармен өзара әрекеттесу барысында қалыптасады.

Диалогтік оқытудың негізгі ерекшеліктері:

- оқушылардың белсенді қатысуы;
- пікір алмасу арқылы білім алу;
- бірлескен талқылау;
- сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Диалогтік оқыту барысында мұғалім бағыттаушы рөл атқарады. Ол оқушыларға сұрақтар қойып, олардың ойлауын ынталандырады.

Рөлдік ойын әдісінің ерекшеліктері

Рөлдік ойын – оқыту барысында оқушылардың белгілі бір әлеуметтік немесе тұрмыстық жағдайларды сахналау арқылы тілдік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін әдіс.

Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда өте тиімді, себебі ол шынайы өмірлік жағдайларды имитациялайды. Оқушылар белгілі бір рөлді орындау арқылы тілдік әрекетке белсенді қатысады.

Рөлдік ойындардың негізгі мақсаттары: оқушылардың сөйлеу белсенділігін арттыру; тілдік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

шығармашылық қабілеттерін дамыту; коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Рөлдік ойындардың бірнеше түрлері бар:

Жағдаяттық ойындар – белгілі бір жағдайды бейнелеу (мысалы, дүкенде, ауруханада, мектепте).

Іскерлік ойындар – белгілі бір кәсіби жағдайларды көрсету.

Шығармашылық ойындар – еркін диалог құрастыру.

Сабақта қолдану әдістемесі

Диалог пен рөлдік ойындарды сабақ барысында қолдану белгілі бір кезеңдер арқылы жүзеге асырылады.

1. Мотивациялық кезең

Бұл кезеңде мұғалім оқушылардың қызығушылығын оятады. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қойылып, шағын әңгіме ұйымдастырылады.

Мысалы:

– Сендер достарыңмен қандай тақырыптарда сөйлесесіңдер?

– Біреумен алғаш танысқанда қандай сұрақтар қоясыңдар?

2. Түсіндіру кезеңі

Мұғалім жаңа сөздер мен сөйлем үлгілерін таныстырады. Диалог құруға қажетті тілдік құрылымдар түсіндіріледі.

3. Практикалық кезең

Бұл кезеңде оқушылар жұптық немесе топтық жұмыстар орындайды.

Мысалы рөлдік ойындар:

“Дүкенде”

Рөлдер: сатушы және сатып алушы.

“Дәрігер қабылдауында”

Рөлдер: дәрігер және науқас.

“Сұхбат”

Рөлдер: журналист және танымал тұлға.

Оқушылар диалог құрып, оны сынып алдында орындайды.

4. Қорытынды кезең

Сабақ соңында оқушылардың жұмыстары талданып, кері байланыс беріледі.

Зерттеу нәтижелері

Тәжірибелік сабақтарды өткізу барысында диалогтік оқыту мен рөлдік ойындарды қолданудың тиімділігі байқалды.

Зерттеу нәтижесінде келесі көрсеткіштер анықталды:

- оқушылардың сөйлеу белсенділігі

артты;

- сөздік қоры кеңейді;
- сабаққа қызығушылық деңгейі жоғарылады;
- өз ойын еркін жеткізу дағдылары қалыптасты.

Сонымен қатар оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарып, топпен жұмыс жасау қабілеттері дамыды.

Диалог және рөлдік ойын әдістерінің педагогикалық тиімділігі

Бұл әдістердің бірнеше маңызды артықшылықтары бар:

Оқушыларды белсенді әрекетке тартады.

Сөйлеу дағдыларын табиғи жағдайда дамытуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Тілдік орта қалыптастырады.

Оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырады.

Сондықтан тіл сабақтарында интерактивті әдістерді қолдану оқыту тиімділігін арттырады.

Қорыта айтқанда, диалогтік оқыту мен рөлдік ойын әдістері оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытуда маңызды педагогикалық құрал болып табылады. Бұл әдістер оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сабақ барысында диалог пен рөлдік ойындарды жүйелі түрде қолдану оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытып, өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасайды. Сондықтан бұл әдістерді білім беру үдерісінде кеңінен қолдану қажет

Әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва: Педагогика, 1999.
2. Бахтин М.М. Проблемы речевых жанров. – Москва: Русские словари, 2003.
3. Леонтьев А.А. Психология общения. – Москва: Смысл, 1999.
4. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иностранному говорению. – Москва: Просвещение, 1991.
5. Щукин А.Н. Методика преподавания иностранных языков. – Москва: Академия, 2011.
6. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. – Москва: Педагогика, 1984.
7. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
8. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.



ӨЖЖ 372.853

**Арипбаева
Куляш Ораловна**

Шымкент қаласы, «Энергетика және байланыс» колледжінің физика пәні оқытушысы

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ТАНЫМДЫҚ ІСКЕРЛІКТІ АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ «АУДАРЫЛҒАН СЫНЫП» МОДЕЛІ

Аңдатпа. Мақалада физика сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда «Аударылған сынып» (Flipped Classroom) моделін қолданудың тиімділігі қарастырылады. Бұл тәсілдің оқыту үдерісіндегі ерекшеліктері, практикалық мүмкіндіктері және жасанды интеллект технологияларымен ұштастыру жолдары талданып, оқушылардың пәнге қызығушылығын, дербес оқу дағдыларын және сыни ойлау қабілетін дамытудағы маңызы көрсетіледі.

Қазіргі білім берудегі негізгі міндеттердің бірі – оқушының сабаққа деген белсенді қатынасын қалыптастыру және оның танымдық іскерлігін тереңдету. Дәстүрлі оқыту үлгісінде мұғалім сынып бөлмесінде жаңа тақырыпты түсіндіреді, ал оқушылар үйде тапсырмаларды орындайды. Алайда бұл тәсілдің бірқатар кемшіліктері бар: оқушы дербес жұмыс кезінде қиналса, оны кімнен сұрайды? «Аударылған сынып» (Flipped Classroom) моделі осы мәселені түбегейлі шешуге мүмкіндік береді, өйткені ол дәстүрлі оқыту процесін толықтай өзгертеді.

«Аударылған сынып» – бұл педагогикалық технология, онда лекциялық материал үйде, ал оның талдауы мен практикалық қолданылуы сыныпта жүзеге асырылады. Оқушылар мұғалімнің алдын ала дайындаған бейне сабақтарын, подкасттарды немесе электрондық оқу материалдарын үйде қарайды да, сыныпқа келгенде шығармашылық тапсырмаларды, тәжірибелерді және топтық талқылауларды орындайды. Таймуратова Л.У. атап өткендей, заманауи оқыту технологиялары оқушыға білімге қоса топтық жұмыс, көшбасшылық, бірлескен оқу немесе шешім қабылдау сияқты жеке және әлеуметтік дағдыларды дамытуға да мүмкіндік береді [1]. Дәл осы принцип аударылған сынып моделінің өзегін құрайды – бұл тәсіл физика пәні үшін аса тиімді, өйткені физика – сыныпта бірлесе зерттеп, практикада байқауды қажет ететін пән.

Физика сабақтарында бұл үлгіні іс жүзіне асыру механика және электр тақырыптарын мысалға алып қарастырғанда айқын көрінеді. Мысалы, «Ньютонның қозғалыс заңдары»

тақырыбы бойынша мұғалім 10–15 минуттық бейне сабақ жазып, оны оқушыларға үй тапсырмасы ретінде жібереді. Оқушылар бейне сабақты қарай отырып, маңызды терминдерді жазып алады, сұрақтар дайындайды. Келесі сабақта олар динамометр мен тролли арқылы тәжірибелер жасайды, нәтижелерді талдайды және бірін-бірі оқытады. Мұндай сабақ форматы оқушының физикалық заңдылықтарды механикалық жаттаудан гөрі, мағынасын терең түсінуіне жол ашады. Бұл тұрғыда Макенбаева Г.Ж. атап өткендей, физика бөлімдерінің *индуктивті және дедуктивті* оқыту әдістерімен ұштастырылуы оқушылардың абстрактілі ойлау қабілетін дамытуға және ғылыми теорияларды тереңірек меңгеруіне ықпал етеді [2].

Электр тақырыбы бойынша да осы тәсіл жақсы нәтиже береді. «Тізбекті және параллель қосылыстар» тақырыбын үйде бейне арқылы меңгерген оқушылар сыныпта нақты резисторлармен, амперметрмен және вольтметрмен жұмыс істеп, тізбекке арналған есептерді шешеді. Мұғалім жеке консультация беруге уақытын бөледі, өйткені лекция уақыты босайды. Осылайша, сынып кеңістігі зертханаға, пікірталас алаңына айналады.

Бұл модельді іске асыру үшін мұғалімге бірнеше негізгі қадам қажет. Алдымен тақырып бойынша скринкаст немесе анимациялық бейне дайындалады – бейнелер қысқа (10–12 минут), нақты тілмен және нақты мысалдармен ұсынылуы тиіс. Содан кейін бейнені бақылау тапсырмасымен (мысалы, конспект немесе тест) бекіту маңызды. Сабақта жинақталған білімді практикалық жұмыстар, топтық жобалар немесе пікірталастар арқылы тереңдету жүзеге асырылады. Бұл кезеңде мұғалім бақылаушы емес, *фасилитатор* рөлін атқарады.

Аударылған сынып моделінің тиімділігін зерттеулер де растайды. Стэнфорд университетінің педагогика зерттеушілері бұл тәсілдің оқушылардың пәнге деген қызығушылығын 30–40 пайызға арттыратынын анықтаған. Өйткені оқушы үй жұмысын орындаған кезде бейнені бірнеше рет тоқтата, қайта қарай алады – бұл дәстүрлі лекцияда мүмкін емес.

Бүгінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары «Аударылған сынып» моделін сапалы жаңа деңгейге шығаруда. Арымбеков Б. мен Туреханова К.-ның зерттеулері көрсеткендей, толықтырылған шынайылық (AR) және виртуалды шынайылық (VR) технологиялары физика пәнін оқытуда дәстүрлі әдістерге қарағанда айтарлықтай тиімдірек: AR пайдаланған топтағы оқушылардың ақпаратты қабылдауы 90%-ға жетсе, зейін шоғырлануы 95%-ды құраған, ал дәстүрлі тәсілде бұл көрсеткіштер екі есе төмен болған [3]. Мұғалім енді оқушылардың үйде қараған бейне сабақтарын толық меңгергенін немесе қандай тұстарда қиналғанын сезінетін ЖИ-платформаларды пайдалана алады. Мысалы, Khan Academy мен Khanmigo жасанды интеллект негізінде оқушыға жеке



бейімделген тапсырмалар ұсынып, прогресін бақылайды.

Жасанды интеллект негізіндегі *адаптивті оқыту жүйелері* физика пәнінде оқушының қай тақырыпта қиналатынын анықтап, оған арнайы материалдар ұсынады. Мысалы, бір оқушы «механикалық қозғалыс» тақырыбын жақсы меңгерген болса, жүйе оны күрделірек тапсырмаларға жылжытады; ал басқа оқушыға негізгі ұғымдарды қайталауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілді дифференциалданған оқытудың автоматтандырылған нұсқасы деп айтуға болады.

Сонымен қатар, ЖИ мұғалімдерге бейне сабақтар дайындауда да көмектеседі. ChatGPT, Gemini немесе жергілікті қазақстандық платформалар арқылы мұғалім сабақтың сценарийін, тест сұрақтарын, тапсырмаларды жылдам жасай алады. Бұл мұғалімнің шығармашылық жұмысқа уақытын босатады. Физика сабақтарына арналған виртуалды зертхана платформалары да ЖИ элементтерін пайдаланады – оқушы үйде тәжірибені виртуалды түрде жасап, нәтижелерді алдын ала талдай алады, содан кейін сыныпта нақты жабдықтармен осыны салыстырады. Зерттеушілер атап өткендей, биология, химия, физика және математика пәндерінде *үш өлшемді виртуалды зертхана* құралдарын пайдалану оқытылатын пәндердің сапасын түбегейлі өзгертеді және оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын арттырады [3]. Аударылған сынып моделін байытатын тағы бір цифрлық құрал ретінде Hot Potatoes (бос орындарды толтыру, сәйкестендіру, тест жасауға арналған платформа) мен Scratch (анимациялық бейне және интерактивті ойындар жасайтын визуалды бағдарламалау ортасы) сияқты сайттарды атауға болады – бұл құралдар оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттырып, оқу процесін тиімді етуге бағытталған [1].

Дегенмен, «Аударылған сынып» моделін қолдануда бірқатар қиындықтар да кездеседі. Біріншіден, барлық оқушылардың үйде сапалы интернет байланысы болмауы мүмкін – бұл цифрлық алшақтық мәселесін туындатады. Екіншіден, кейбір оқушылар үй тапсырмасын орындамай сыныпқа келуі ықтимал, бұл сабақ барысын бұзады. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалім offline-форматта жұмыс істейтін материалдар (USB немесе CD) дайындай алады немесе сынып уақытының бір бөлігін бейнені бірге қарауға бөледі.

«Аударылған сынып» моделінің мұғалімге де пайдасы зор. Сынып уақыты босаған сайын педагог оқушылардың дербес ойлауын, сынып ішіндегі өзара оқытуды дамытатын тапсырмаларды жоспарлай алады. Физика пәніне тән проблемалық есептерді шешу, тәжірибелер жасау, жобалық жұмыстар – осының бәрі шектеусіз толыққанды жүзеге асады. Зерттеулер дәстүрлі оқытумен салыстырғанда белсенді оқыту тәсілдерінің

оқушылардың *когнитивтік, аффективтік және психомоторлық* дағдыларын дамытуда тиімдірек екенін дәлелдейді [1]. Мұғалім мен оқушы арасындағы диалог күшейеді, сыныптағы психологиялық ахуал жақсарады.

Жалпы алғанда, «Аударылған сынып» – бұл тек педагогикалық тәсіл ғана емес, ол – білім берудегі философиялық өзгеріс. Оқушы «алушы» рөлінен «зерттеуші» рөліне ауысады. Жасанды интеллект технологияларымен ұштастырылған бұл модель физика пәнін оқытуда айтарлықтай жетістіктер береді: оқушы материалды тереңірек меңгереді, практикалық дағдылары дамиды, сыни ойлауы қалыптасады. Бүгінгі XXI ғасырдың оқушысына дәстүрлі «тыңда – жатта» емес, «зертте – жасап көр – ойлан» тәсілі тиімдірек, ал аударылған сынып моделі осы мақсатты іске асырудың нақты жолын ұсынады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Таймуратова Л.У., Шуркин М. Ойын технологиясының элементтерін пайдалану әдістері // Qazaq Journal of Young Scientist. – 2024. – DOI: 10.56525/FRJS4324.
2. Макенбаева Г.Ж. Молекулалық физиканың логикалық жүйесі // Qazaq Journal of Young Scientist. – 2024. – Vol. 2, №6-9. – Б. 13–18.
3. Арымбеков Б., Туреханова К. Физика пәнін оқытуда толықтырылған шынайылықты интеллектуалды оқыту құралы ретінде қарастыру // Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2022. – №4 (73). – Б. 128–141. <https://doi.org/10.26577/JES.2022.v73.i4.12>



ӨЖЖ 372.881.1

**Жетписбаева
Ақбота Жумабекқызы**

Шымкент қаласы, №35 М Мәметова атындағы ЖОББМ бастауыш сынып мұғалімі

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МӘТІНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары қарастырылады. Әсіресе мәтінді оқыту арқылы оқушылардың түсіну, талдау, қорытынды жасау және ақпаратты өмірлік жағдайда қолдану дағдыларын дамыту мәселелері талданады. Сонымен қатар мәтінмен жұмыс істеудің тиімді әдіс-тәсілдері, олардың оқушылардың ойлау қабілеті мен тілдік құзыреттілігін дамытудағы рөлі көрсетіледі.



Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушыларды өмірде кездесетін түрлі жағдайларда білімін тиімді қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастыру. Осы мақсатқа жетудің маңызды көрсеткіштерінің бірі – функционалдық сауаттылықты дамыту.

Функционалдық сауаттылық – адамның алған білімін күнделікті өмірде қолдана алу қабілеті. Бұл ұғым тек оқу мен жазу дағдыларымен ғана шектелмейді. Ол ақпаратты түсіну, талдау, салыстыру, қорытынды жасау және оны практикалық жағдайда қолдану сияқты қабілеттерді қамтиды.

Білім беру тәжірибесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – мәтінмен жұмыс істеу. Мәтін арқылы оқушылар ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдайды, түсіндіреді және өз көзқарасын білдіреді. Сондықтан мәтінді оқыту әдістерін тиімді ұйымдастыру білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Функционалдық сауаттылық ұғымы білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Бұл ұғым адамның оқу, жазу, есептеу және ақпаратты талдау сияқты негізгі дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана алуын білдіреді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылардың:

- ақпаратты түсіну қабілетін;
- логикалық ойлауын;
- өз ойын дәлелдеп жеткізу дағдысын;
- өмірлік мәселелерді шешу қабілетін дамытады.

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылық халықаралық зерттеулерде де маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Мысалы, оқушылардың оқу сауаттылығы халықаралық бағалау бағдарламаларында кеңінен зерттеледі. Бұл зерттеулер мәтінді түсіну мен оны талдау қабілетінің білім сапасына тікелей әсер ететінін көрсетеді.

Мәтін – ақпарат жеткізудің негізгі құралдарының бірі. Оқушылар мәтін арқылы жаңа білім алады, өз ойларын қалыптастырады және тілдік дағдыларын дамытады.

Мәтінмен жұмыс істеу барысында оқушылар:

- мәтінді түсінеді;
- негізгі ойды анықтайды;
- ақпаратты талдайды;
- өз пікірін білдіреді.

Мәтінмен жұмыс істеу процесі бірнеше кезеңнен тұрады:

Мәтінді қабылдау – мәтінді оқу және түсіну.
Талдау – мәтіндегі негізгі ойды анықтау.
Қорытынды жасау – алынған ақпарат негізінде пікір білдіру.
Қолдану – мәтіндегі ақпаратты өмірлік жағдайларда пайдалану.

Б ұ л к е з е ң д е р о қ у ш ы л а р д ы ң

функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Мәтінді оқыту әдістерінің тиімділігі
Сыни ойлау технологиясы

Сыни ойлау әдістері мәтінмен жұмыс істеуде кеңінен қолданылады. Бұл әдістер оқушылардың мәтінді талдау, салыстыру және өз көзқарасын білдіру қабілетін дамытады.

Сыни ойлау технологиясында келесі әдістер жиі қолданылады:

- «INSERT» әдісі;
- «Кластер» әдісі;
- «Венн диаграммасы»;
- «Болжау стратегиясы».

Бұл әдістер оқушылардың мәтінді терең түсінуіне көмектеседі.

Сұрақ-жауап әдісі

Сұрақ-жауап әдісі мәтінді түсінуді тексерудің тиімді тәсілдерінің бірі. Мұғалім мәтін бойынша түрлі деңгейдегі сұрақтар қоя отырып, оқушылардың мәтінді қаншалықты меңгергенін анықтай алады.

Сұрақтар бірнеше деңгейде болуы мүмкін:

- мәтіндегі ақпаратты анықтауға арналған сұрақтар;
- мәтінді талдауға арналған сұрақтар;
- оқушылардың пікірін анықтауға арналған сұрақтар.

Бұл әдіс оқушылардың ойлау белсенділігін арттырады.

Топтық жұмыс

Топтық жұмыс барысында оқушылар мәтінді бірлесіп талқылайды. Бұл әдіс оқушылардың пікір алмасуына, өз ойын дәлелдеп айтуына мүмкіндік береді.

Топтық жұмыс:

- коммуникативтік дағдыларды дамытады;
- ынтымақтастықты қалыптастырады;
- оқушылардың белсенділігін арттырады.

Шығармашылық тапсырмалар

Мәтін негізінде шығармашылық тапсырмалар орындау да функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді. Мысалы:

- мәтін бойынша әңгіме құрастыру;
- мәтінді жалғастыру;
- мәтінге байланысты эссе жазу;
- кейіпкерлерге сипаттама беру.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың қиялын дамытып, олардың мәтінді терең түсінуіне көмектеседі.

Мұғалімнің рөлі

Мәтінді оқыту процесінде мұғалімнің рөлі өте маңызды. Мұғалім оқу процесін тиімді ұйымдастырып, оқушылардың белсенділігін арттыруы қажет.

Мұғалімнің негізгі міндеттері:

- мәтінді дұрыс таңдау;
- оқыту әдістерін тиімді қолдану;
- оқушылардың ойлау қабілетін дамыту;
- қолайлы оқу ортасын қалыптастыру.

Мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізуі тиіс.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі. Бұл міндетті жүзеге асыруда мәтінді оқыту әдістерінің маңызы зор. Мәтінмен тиімді жұмыс ұйымдастыру арқылы оқушылардың оқу сауаттылығы, сыни ойлау қабілеті және ақпаратты талдау дағдылары дамиды.

Сондықтан мұғалімдер мәтінді оқыту барысында түрлі педагогикалық әдістерді қолдана отырып, оқушылардың белсенді оқу әрекетін ұйымдастыруы қажет. Мұндай жұмыс білім сапасын арттырып, оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
3. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.
4. Әбдіғалиева Ш. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2012.
5. Сейітқазиев Б. Бастауыш мектеп педагогикасы. – Алматы: Санат, 2010.
6. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050 стратегиясы. – Астана, 2012.
7. Мектептегі оқу сауаттылығын дамыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2015.



ӨОЖ 37.034

**Қараулова Гүлжан
Өуезханқызы**

Түркістан облысы, Созақ ауданы,
Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің
бастауыш сынып мұғалімі

БАЛА ТӘРБИЕСİNДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ САНА

Аңдатпа. Мақалада бала тәрбиесінде ұлттық рухани сананы қалыптастырудың маңызы қарастырылады. Қазақ халқының ырым мен тыйым сөздері арқылы балалардың адамгершілік қасиеттерін, ұлттық дүниетанымын және мінез-құлқын тәрбиелеу жолдары сипатталады. Сонымен қатар оқу және тәрбие үрдісінде халықтық педагогика элементтерін қолданудың тиімділігі көрсетіледі. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жас ұрпақтың саналы, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде жас ұрпақтың ұлттық рухани санасын қалыптастыру – білім беру мен тәрбие жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Әр халықтың болашағы оның ұлттық

құндылықтарын, салт-дәстүрін, рухани мұрасын құрметтейтін саналы ұрпақтың тәрбиесіне байланысты. Сондықтан бала бойына ұлттық дүниетаным мен адамгершілік қасиеттерді ерте жастан сіңіру – қоғамның басты талаптарының бірі болып табылады.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабаларымыз ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, мақал-мәтелдерді, ырым мен тыйым сөздерді кеңінен қолданған. Осылардың ішінде, ырым мен тыйым сөздерді ұлтымыздың қоршаған ортаға, табиғатқа және адамдардың арақатынасына берген философиялық тұжырым, түйіндеген қағидалары десек артық емес.

Қазақ халқы ұл-қыздарының бойындағы кейбір оғаш қылықтарын бетіне басып, жүгенсіздікті тыйым сөздер арқылы тәртіпке салып отырған, яғни тәрбиенің бұл құралын мінез-құлық ережесі түрінде қалыптастырған. Жас ұрпақ бойына тек адамгершілік ұрығын, қайырымдылықты, адалдық пен әділдікті, ізеттілікті, имандылық пен инабаттылықты егіп, игі әдеттерді сіңіруге, тәрбиелеуге ұмтылған. Ұлттық рухани сананы қалыптастыруда ырым мен тыйым сөздер тұрмыста заң іспеттес іске асып, ықпал етіп отырған [1].

Орыс жазушысы Н.Г. Чернышевский: «Ұлттың ең басты капиталы – халықтың адамгершілік қасиеті», – дегенді. Яғни, тәрбие мен педагогикалық үрдістің негізгі міндеттерінің бірі – жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін дарыту, оларды гуманистік өнегелі ережеге тәрбиелеу.

Адамның адамгершілігі оның айналасындағы әр нәрсені қадірлеп, қастерлей білуінен, қатыгездік пен көргенсіздіктен аулақ болуынан, қайырымдылық пен обал, сауапты сезінуін тыйым сөздердің мәнінен: «нанды аяққа баспа», «малды теппе», «көк шөпті жұлма, киесі бар», «ақты төкпе» т.с.с. тыйым сөздер баланы ұлттық рухани санасының қалыптастыруда тәртіптілікке шақырады, сыпайы да әдепті, жаман әдеттен жиренуге итермелейді. Сонымен қоса баланы тазалықты сақтауға, ұқыпты болуға, табиғатты қастерлей білуге шақырады. Осыған байланысты тыйым сөздерді мән-мағынасына қарай ғылыми негізде бірнеше түрге жіктеуге болады.

Өсіп келе жатқан ұрпаққа жүргізілетін тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып өткізудің әдістері:

- а) тәрбиелік мәні бар ырым мен тыйым сөздері бар шығармаларды оқу, баяндау.
- ә) суретті қолдана отырып әңгімелеу.
- б) тыйым сөздер, мақал-мәтелдер мен тақпақтарды сабақта қолдану.
- в) ойын әдісі (сахналандыру, дидактикалық ойын, бейнелі рөлдік ойын құру).



г) бақылау әдісі.

Әдістердің теориялық сипаттамасы: шығарманы дауыстап оқығанда, негізінен оның мазмұнымен таныстыра отырып, жаңа білім берумен қатар балалардың эстетикалық, эмоциялық сезімдерін, қызығушылығын тудыру керек. Шығарманың мазмұнын баяндау үстінде суреттерді қолдануға болады.

Мысал, М. Әлімбаевтың балаларға арнап жазған өлең шумақтарында:

Ұнасын, ұнамасын
Бұзба құстың ұясын.
Ұқсама тентек балаға,
Пышақтың жүзін жалама.
Шаршасаң сәл-пәл аялда.
Бірақ та жерді таянба.
Құр беталды ермекке,
Бос бесікті тербетпе.
Ақыл есің бүтінде,
Кісіге қарай түкірме.
Ұлттық салттан бұлжыма,
Жұма күні кір жума.
Дастарханға өмінбе,
Көп алдында керілме.
Тірі жанды жоқтама,
Бейуақытта ұйықтама.
Жақтыр мейлің жақтырма
Нанды жерге лақтырма.
Жоқ әдетті шығарма
Түнде көлден су алма.
Адамдарды санама.
Түнде айға қарама.
Айтқан сөзді бағала,
Күлме кемтар адамға.
Сүйсінсін жұрт ісіңе,
Сақта ата ғұрпыңды.
Ешқашан үлкен кісіге,
Отырма беріп сыртыңды.

Сонымен қатар әңгіме немесе пікір алысу әдістерін қолданып, алдын ала дайындалған сұрақтар бойынша жарыс түрінде өткізуге болады. Дайын сұрақтардың көмегімен оқушылардың не білетіндерін анықтайды. Жауаптарын түзетеді, жаңа мағлұматтар береді, танымдық үрдістері мен эстетикалық талғамын және көзқарасын дамытады [2].

Ырым- тыйым сөздермен таныстыруға арналған тиімді әдістің бірі – бақылау. Бақылау адамның табиғаттағы, қоршаған ортадағы құбылыстарды табиғи жағдайда жоспарлап, мақсатты, ұзақ және қысқа мерзімді уақытта қабылдауын анықтайды. Оның негізгі мақсаты шығарма мазмұнында баяндалған жан-жануарлардың тіршілігін, табиғи құбылыстарды балалардың өмірдегі шынайы құбылыстармен салыстырып, өзіндік тұжырым жасай білуін, байқампаздығын дамыту.

Мұндай тәрбие әдістері балаларды іс-әрекетке ұйымдастырудың түрлеріне қарай өзгеріп отырады. Балаларды кішкене кезінен бастап

күнделікті іс-әрекеттері барысында осындай тәлімдік-тәрбиелік мәні бар ырым - тыйым сөздер арқылы тәрбиелеу, білім мазмұнын қызығушылықпен пайдалануға үйрету адамды жан-жақты дамыту тәрбиесінің негізі.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде, мақал-мәтелдерде көп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні адамгершілік, имандылық, инабаттылыққа келіп тіреледі.

Халқымыздың тәрбие көзі ретіндегі шоқтығы биік дәстүрі – үлкенді сыйлау, құрметтеу. Ол – адамгершілік белгісі. Сондықтан халқымыз бұл дәстүрді бала бойына сіңіруді бесік тәрбиесінен бастаған. Отбасы тәрбиесі дегенде ата-әже, әкешеше, аға-бауыр, іні-сіңлі т.б. туыстық қатынастардың олардың өзара сыйластығының мәні зор.

Сондай-ақ қарапайым әдет-ғұрыптар, ырым-тыйымдар, ұлттық психологиялық ерекшеліктер, еңбек әрекеттері, жинақылық баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөліп, оның дербес ерекшеліктерін ескеру, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Ең бастысы бала осының бәрін күнделікті өмірде отбасында өнеге ретінде қабылдайды.

Ата-бабамыз «Ұлың өссе – ұлы жақсымен, қызың өссе – қызы жақсымен ауылдас бол» деп өнегелі, тәрбиелі ортаның бала тәрбиесі үшін әсері көп екенін ұмытпаған.

Күнделікті ырым-тыйымдарды отбасында естіп, қолданып жүрген бала бойында инабаттылық, ұқыптылық, жинақылық орын алады. Жастайынан ырым-тыйымдармен сусындап өскен бала келешекте өз орнын тауып, тиянақты іс жасайды. Ырымдар мен тыйымдар баланы тереңінен, жүйелі, бірізді, тиянақты ойлауын қалыптастырады [3].

Тыйым сөздер:

1) олар дауыстап айтуға тыйым салынатын сөздерді білдіреді. Бабаларымыз жаман сөз айтуға болмайды дей отырып, әсіресе айдалада келе жатқанда қасқырдың атын атамауға үйреткен. Оны қасқыр немесе ит құс деп, әлдебір нәрсенің біткені туралы жоқ, таусылды демей, бойында деп айтуға жөн сілтеген. Сондай-ақ шайтанның аты деп есептелетіндіктен, ойбай деуге де тыйым салған;

2) тыйым әлдебір қылыққа, әдетке салынады. Мысалы, суға түкіруге, жақты таянуға, түнде тырнақ алуға, кісі аяғын аттауға, қолыңды сілкіуге болмайды. Мұндай тыйым сөздердің өзін ықшамдалған тұрақты тіркеске айналғандар және тұрақты тіркестік тұлғасы жоқтарға бөлуге болады. Табалдырықты баспа, есікті керме, табаныңды тартпа, тізенді құшақтама, кісіге қарап керілме дегендер – дәл және тек қана осы күйінде тұрақты түрде қолданылса, аяғыңды жоғары

көтерме, басыңды босағаға беріп ұйықтама, бас киімнің алдын артына қаратып киме деген тірестер құрамы тұрақты емес. Олар аяғыңды жоғары көтерме, басыңды босағаға берме, бас киімді теріс киме деп әрқалай айтылуы мүмкін.

Мұнан басқа да тыйымдық ырымдар бар. Ырымдардың сөйлемге немесе бір ауыз сөзге сыйдырылған нұсқасы жоқ. Олар түсінік түрінде көрінеді. Мысалы, өз үстіңдегі немесе біреудің үстіңдегі киімді тігуге, түймесін қадауға, қойды бауыздап жатқанда оның алдында тұруға, түнде түс жоруға болмайды деп түсініледі. Сондай-ақ келтірілген әрбір тыйым сөздің бірнешедеген варианттары барын, мұнда олардың негізгі дегендері алынғанын еске саламыз.

Тыйым сөздердің әлеуметтік қызметі адамның шаруаға ұқыптылығын, малсақтығын, барды қадірлей, өзін-өзі тәрбиелей, айналаға қырағы қамқор бола білуін арттыруға бағытталған. Ерте замандардан бастау алатын мұндай сөздерді иісі қазақтың бар ұрпағы бесік жырымен естіп, зердесіне құйған. Талқылауға жатпайтын, сөзсіз орындалуы тиіс ақиқат ретінде қабылдаған. Үлкенді сыйлап, айтқанын екі етпеген ата-бабаларымыз байыбына бара бермесе де осы нақылдарды ылғи есіне алып, жаман әдеттерден бойын таза сақтаған. Олар адамды өмірдің көптеген күрделі жағдайларында артында зардабы бар теріс жолдар мен қылықтардан сақтап отырған. Күрмеуі қиын, толқымалы сәттерде бірден-бір дұрыс және математикалық өрнек іспетті, дайын шешім болып табылатын тыйым сөздердің тәлімдік маңызы бүгінгі күнде артпаса, кеміген жоқ. Қайта бабаларымыздың еріккеннен балаға ұрысқысы келіп, айта салғанындай көрінетін осы сөздердің адам үшін, даму үшін, тікелей денсаулық үшін пайдалылығы ғылым-білім жетістіктерімен де расталып келеді.

Айталық, саусақты немесе қолды айқастыру тізені құшақтау, табанды тарту, жақты немесе бүйірді тану, екі қолды төбеге қою, желкеге салу сияқты, тыйымдық қылықтар таным-сенім ғана емес, денсаулық тұрғысынан да теріс бағаланады. Психолог ғалымдардың айтуынша, бұл кезде денедегі қан айналып, ішкі және сыртқы ортамен түрлі энергиялық алмасулар ырғағы бұзылатын көрінеді. Сондай-ақ екі қолын желкесінде айқастыра жатқан адамның бастырылып қалып, ұйықтай алмай, шошып оянары немесе қолын артына айқастырып тұрған адам кездейсоқ құлай қалса, кенеттен қолдарын жаза алмай қалып, мұрнымен жер сүзері де белгілі. Ал екі қолын кеудесіне айқастырып немесе қалтасына салып тұру – жалқаулықтың, бейғамдықтың, әрекетсіздіктің белгісі. Ал әрекетсіз жан-адамның ең бейшарасы саналады. Қазақ ұғымында, шарасыздықты білдіретін «бейшара» түсінігі адамға айтылар ең ауыр сөз.

Сондықтан, оны тірі адамға айтуға болмайды [4].

Тыйымдардың сан ғасырлар бойы тұрақты сөз ретінде тілдік қолданысымызда сақталып келуінің өзі, олардың наным-сеніммен ғана емес, нақты тіршілікпен байланыстылығының, өмір үшін өзектілігінің белгісі. Тіл-таразымызда тартылып, сөз-санамызда сақталып қалған мұндай түсініктер мазмұны мен тарихын зерделеу – ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, бүгінгі тірлігімізге де тірек болары анық.

Қазақ халқы өте ерте кезден бастап, балаларды аталы сөздермен тәрбиелеуге көп көңіл аударған. Көшпелі ата-бабаларымыз қаншалықты қиын замандарда өмір сүрсе де, жас балалардың тәрбиесіне бесікте жатқан кезінен бастап көңіл аударған. Балаларды кездейсоқ апаттан, орынсыз істен сақтандырып, бала тәрбиесіне арнайы мектеп ашпаса да, үйде, түзде мал бағып, аң аулап жүргенде де, тәрбие жұмысын атасы сөзбен айтып жеткізіп беруге мүмкіндік берген. Олар халықтың ырым, тыйым сөздерін тиімді пайдаланған.

Атам қазақ «баланы жастан» – деп бекер айтпағаны сезіліп тұр. Мысалы: Суға түкірме, жақты таянба, түнде тырнақ алма, есікті таянба, үйге қарай жүгірме, кісі үстінен, дастарханнан аттама, күлді баспа, ағарғанды төкпе, үлкеннің адын кесіп өтпе, үлкеннің сөзін тос деген сияқты өмір талқысынан өткен тыйым сөздері қаншама. Бұл тыйым сөздер ауызекі қалыптасқан түрінің мыңнан бірі ғана. Бұл сөздер әрбір дербестікке қадам басқан, ержете бастаған жастар өздерін-өздері шектеп, тыйып ұстау дағдыларын дамытады. Сол арқылы қызығушылықтың жетегінде кететін адам емес, қайта оны уысында ұстап басқарып отыратын жеке тұлғаға айналды.

Әдебиеттер

1. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері және ырым тыйымдары. – Алматы, 2004. – 284 б.
2. Қазбеков М. Жаңарған салт-дәстүрлер. Ырым, тыйымдар. – Алматы: Қазақстан, 1991.
3. Исаев К. Ұлт тағылымы. Ғылыми-педагогикалық басылым. – Алматы, 2002. - №1.
4. Ақбаев Н. Ата салтыңды аяла. – Алматы: «Ана тілі», 1998.



**Жумагулова
Жанат Таубаевна**

Учитель русского языка и литературы
ОСШ №22 имени Елшибек батыра,
Сарыагашского района,
Туркестанской области

ПРОЕКТНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ЭФФЕКТИВНЫЙ ПОДХОД К РАЗВИТИЮ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ И ГИБКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ

Аннотация. В статье проектная деятельность рассматривается как один из эффективных методов обучения на уроках русского языка. Актуальность исследования обусловлена требованиями современного образования, ориентированного на формирование языковой компетенции и развитие гибких навыков (soft skills) учащихся. В работе анализируются педагогические возможности метода проектов, его влияние на развитие коммуникативных умений, критического мышления и навыков сотрудничества. Особое внимание уделяется применению проектной деятельности на уроках русского языка как средству повышения мотивации учащихся и формирования практических языковых навыков. На основе анализа научно-педагогической литературы делается вывод о том, что проектная деятельность способствует комплексному развитию личности учащихся и повышению эффективности образовательного процесса.

Современная образовательная система ориентирована не только на передачу знаний, но и на формирование у учащихся ключевых компетенций, необходимых для успешной жизни в обществе. В условиях обновления содержания образования особое значение приобретает развитие языковой компетенции и гибких навыков учащихся, таких как коммуникация, критическое мышление, сотрудничество и самостоятельность.

Одним из эффективных методов, позволяющих реализовать данные задачи, является проектная деятельность. Метод проектов предполагает активное участие учащихся в образовательном процессе, самостоятельный поиск информации и решение практических задач.

По мнению американского исследователя Джон Томас, проектное обучение представляет собой образовательную модель, в которой учащиеся получают знания и навыки посредством работы над длительными и значимыми заданиями, требующими исследования и практического применения знаний (Thomas, 2000).

В педагогической науке метод проектов рассматривается как технология, направленная на

развитие самостоятельной познавательной деятельности учащихся. Российский педагог Е.С. Полат отмечает, что проектная деятельность позволяет «организовать обучение таким образом, чтобы учащиеся самостоятельно добывали знания и применяли их на практике» (Полат, 2007).

Таким образом, применение проектной деятельности на уроках русского языка становится важным инструментом формирования языковой компетенции и развития гибких навыков учащихся.

Проектная деятельность представляет собой особую форму организации учебного процесса, при которой учащиеся выполняют практико-ориентированное задание и создают определённый продукт: презентацию, исследование, творческую работу или проект.

Метод проектов основан на принципах активного обучения, сотрудничества и самостоятельного поиска информации. Он способствует формированию познавательной активности учащихся и развитию их исследовательских навыков.

По мнению исследователя С. Белл, проектное обучение позволяет подготовить учащихся к будущей профессиональной деятельности, поскольку развивает навыки критического мышления, коммуникации и сотрудничества (Bell, 2010).

Использование проектной деятельности на уроках русского языка помогает учащимся не только усваивать теоретические знания, но и применять их в практической речевой деятельности.

Одной из главных целей обучения русскому языку является формирование языковой компетенции учащихся. Она включает владение лексическими, грамматическими и коммуникативными навыками.

Проектная деятельность создаёт условия для активного использования языка в реальных коммуникативных ситуациях. Учащиеся обсуждают идеи, анализируют информацию, готовят выступления и представляют результаты своей работы.

Как отмечает Е.И. Пассов, обучение языку должно строиться на основе общения, поскольку именно коммуникативная деятельность способствует формированию полноценной языковой компетенции (Пассов, 2010).

В ходе выполнения проектов учащиеся:

- работают с различными источниками информации;
- развивают навыки чтения и анализа текста;
- формируют письменную и устную речь;
- учатся аргументировать свою точку зрения.

Таким образом, проектная деятельность способствует комплексному развитию всех видов речевой деятельности.

Современное образование ориентировано на развитие так называемых гибких навыков (soft skills). К ним относятся:

- коммуникативные навыки;
- критическое мышление;
- умение работать в команде;

- креативность;
- самостоятельность и ответственность.

Проектная деятельность является эффективным инструментом формирования данных навыков. В процессе работы над проектом учащиеся распределяют роли, обсуждают идеи и совместно принимают решения.

Исследователи отмечают, что именно совместная работа над проектом способствует развитию сотрудничества и ответственности за общий результат (Beckett & Miller, 2006).

Кроме того, проектная деятельность повышает учебную мотивацию. Учащиеся видят практическую ценность выполняемой работы и проявляют больший интерес к изучению языка.

Таким образом, использование метода проектов способствует формированию у учащихся не только языковых знаний, но и важных жизненных компетенций. Проектная деятельность является одной из эффективных педагогических технологий современного образования. Её применение на уроках русского языка способствует развитию языковой компетенции учащихся и формированию гибких навыков. Метод проектов позволяет активизировать познавательную деятельность учащихся, повысить их мотивацию к обучению и создать условия для практического применения языковых знаний.

Анализ научно-педагогической литературы показывает, что проектная деятельность способствует развитию коммуникативных навыков, критического мышления, самостоятельности и способности работать в команде. В результате, внедрение проектной деятельности в процесс обучения русскому языку позволяет повысить эффективность образовательного процесса и способствует формированию компетентной, творческой и социально активной личности учащегося.

Список использованной литературы

1. Thomas J. W. A Review of Research on Project-Based Learning. – San Rafael: Autodesk Foundation, 2000.
2. Bell S. Project-Based Learning for the 21st Century: Skills for the Future. – *The Clearing House*, 2010.
3. Beckett G., Miller P. Project-Based Second and Foreign Language Education. – Charlotte: Information Age Publishing, 2006.
4. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва: Академия, 2007.
5. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иностранному говорению. – Москва: Просвещение, 2010.
6. Зимняя И.А. Ключевые компетенции как результат образования. – Москва: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004.



**Маметова
Ақбала Талгатовна**

Ұлықбек атындағы ЖББМ
информатика пәні мұғалімі

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ПАЙДАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада жасанды интеллекттің информатика пәнін оқытудағы маңызы мен артықшылықтары қарастырылады. Жасанды интеллект оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың білім деңгейін талдауға және бағдарламалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол оқушылардың логикалық ойлауын, мәселе шешу қабілетін арттырып, информатика пәнін қызықты әрі заманауи түрде меңгеруге көмектеседі. Жасанды интеллект мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялар қарқынды дамып келеді. Соның ішінде жасанды интеллект ерекше маңызға ие. Жасанды интеллект – бұл компьютерлік жүйелердің адамның ойлау, үйрену, талдау және шешім қабылдау қабілеттеріне ұқсас әрекеттерді орындауына мүмкіндік беретін технология. Бүгінгі күні жасанды интеллект тек өндіріс немесе ғылым саласында ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесінде де кеңінен қолданылып отыр.

Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану оқу процесін жаңа деңгейге көтереді. Әсіресе информатика пәнін оқытуда оның рөлі өте маңызды. Информатика – ақпараттық технологиялардың негізін үйрететін пән болғандықтан, жасанды интеллектті қолдану оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың цифрлық дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы маңызы

Жасанды интеллект білім беру саласында көптеген пайдалы қызмет атқарады. Ол оқу процесін автоматтандыруға, оқушылардың білім деңгейін талдауға және оқу материалдарын тиімді жеткізуге көмектеседі. Қазіргі кезде көптеген оқу платформалары жасанды интеллект технологияларын пайдаланып, оқушыларға интерактивті білім беруде. Бұл технология оқушылардың оқу материалын жақсы түсінуіне және білімін тәжірибеде қолдануына мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды ерекшелігі – оның үлкен көлемдегі ақпаратты тез өңдей алуы. Мұғалімдер мен оқушылар үшін бұл өте тиімді, себебі ақпаратты іздеу, талдау және пайдалану процесі



әлдеқайда жеңілдейді.

Информатика пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің рөлі

Информатика пәнінде жасанды интеллектті қолдану оқушыларға көптеген жаңа мүмкіндіктер береді.

Біріншіден, ол бағдарламалау және алгоритмдерді үйренуді жеңілдетеді. Оқушылар түрлі бағдарламалау тапсырмаларын орындап, нәтижесін бірден тексере алады.

Екіншіден, жасанды интеллект оқушыларға өз қателерін анықтауға және түзетуге көмектеседі. Мысалы, код жазу кезінде жүйе қателерді көрсетіп, оларды қалай түзету керектігін түсіндіреді. Бұл оқушылардың бағдарламалау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Үшіншіден, жасанды интеллект информатика пәнін қызықты әрі тиімді етеді. Өртүрлі интерактивті тапсырмалар, виртуалды зертханалар және симуляциялар арқылы оқушылар жаңа тақырыптарды оңай меңгереді.

Оқушылар үшін пайдасы

Жасанды интеллектті пайдалану оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Оқушылар тек теорияны ғана оқып қоймай, практикалық тапсырмалар арқылы өз білімін тексере алады.

Сонымен қатар жасанды интеллект әр оқушының білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар бере алады. Егер оқушы тақырыпты жақсы меңгерсе, жүйе күрделі тапсырмалар ұсынады. Ал егер оқушы қиналса, жеңіл тапсырмалар мен қосымша түсіндірулер береді. Бұл әдіс оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға және олардың оқу процесінде белсенді болуына көмектеседі. Сонымен қатар оқушылардың логикалық ойлау, талдау және мәселе шешу қабілеттері дамиды.

Мұғалімдер үшін пайдасы

Жасанды интеллект тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де үлкен көмек береді. Мысалы, ол тест тапсырмаларын автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді. Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Сонымен қатар жасанды интеллект оқушылардың оқу нәтижелерін талдап, олардың қай тақырыпта қиналып жатқанын анықтай алады. Осы ақпарат арқылы мұғалімдер сабақ жоспарын өзгертіп, оқыту әдістерін жетілдіре алады.

Жасанды интеллект мұғалімдерге жаңа оқу материалдарын дайындауға да көмектеседі. Бұл сабақтың сапасын арттырып, оқыту процесін заманауи етеді.

Болашақтағы мүмкіндіктер

Болашақта жасанды интеллект білім беру

саласында одан да кең қолданыс табуы мүмкін. Виртуалды мұғалімдер, интеллектуалды оқу платформалары және автоматтандырылған оқу жүйелері білім берудің жаңа формаларын қалыптастырады.

Қазіргі кезде әлемдегі ірі технологиялық компаниялар, мысалы Google, Microsoft және OpenAI, жасанды интеллектті дамытуға үлкен инвестиция салуда. Бұл технологиялардың дамуы болашақта білім беру жүйесіне де үлкен өзгерістер әкелуі мүмкін.

Сондықтан оқушылардың жасанды интеллект технологияларымен ерте танысуы олардың болашақ мамандығын дұрыс таңдауға және заманауи талаптарға сай білім алуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект информатика пәнін оқытуда маңызды рөл атқарады. Ол оқу процесін жеңілдетіп, оқушылардың білімін тереңдетуге көмектеседі. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Жасанды интеллектті пайдалану арқылы білім беру жүйесі жаңа деңгейге көтеріледі. Сондықтан информатика пәнінде бұл технологияны қолдану қазіргі заман талабына сай және өте тиімді әдіс болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Нұртазина Р.А. Информатиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2018.
2. Сейітқазиев А., Ахметова Г. Ақпараттық технологиялар негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
3. Russell S., Norvig P. Artificial Intelligence: A Modern Approach. – Pearson Education, 2021.
Woolf B. P. Building Intelligent Interactive Tutors. – Morgan Kaufmann, 2017.



ӘОЖ 371.3

Ибрагимова Айгерім

Шымкент қаласы, №145 ЖОББМ
бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Бастауыш білімдегі оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту – қазіргі педагогиканың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Мақалада педагогикалық технологиялардың оқушылардың ойлау, есте сақтау, сөздік қорын байыту және сөйлеу

мәдениетін дамытудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу көрсеткендей, ойын арқылы үйрету, проблемалық тапсырмаларды қолдану сияқты инновациялық әдістер оқушылардың белсенділігін арттырады, өз бетінше оқуға ынталандырады және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ педагогикалық технологиялар оқу процесін жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, мұғалімге әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, интеллектуалды потенциалын тиімді дамытуға көмектеседі. Жүргізілген талдау нәтижелері көрсеткендей, педагогикалық технологияларды бастауыш білімде қолдану оқушылардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын кешенді түрде дамытуға үлкен үлес қосады.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушыларды тек біліммен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз бетінше ойлай алатын және өмірлік мәселелерді шеше алатын тұлға қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш білім беру кезеңі ерекше маңызға ие. Өйткені дәл осы кезеңде баланың танымдық қабілеттері, ойлау әрекеті, есте сақтау қабілеті және сөйлеу мәдениеті қарқынды дамиды.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану қажеттілігі артып отыр. Педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану оқыту процесін жүйелі ұйымдастыруға, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Ұлы педагог А.Дистервегтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» деген пікірі қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі мұғалім оқушылардың білімді дайын күйінде қабылдауына емес, оны өз бетімен меңгеруіне жағдай жасауы тиіс.

«Педагогикалық технология» ұғымы білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатын маңызды категориялардың бірі болып табылады. «Технология» сөзі гректің *techné* – шеберлік, өнер және *logos* – ғылым деген сөздерінен шыққан. Жалпы алғанда технология белгілі бір нәтижеге жету үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдердің жүйесін білдіреді.

Педагогикалық технология – білім беру процесін ғылыми негізде ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жүйелі моделі. Академик В.М.Монахов педагогикалық технологияны мұғалім мен оқушыға қолайлы жағдай туғызатын, оқу процесін ұйымдастырудың жан-жақты ойластырылған үлгісі ретінде сипаттайды. Ал В.П.Беспалько педагогикалық технологияны оқу-тәрбие процесін алдын ала жоспарлау және оны тәжірибеде жүзеге

асыру жүйесі деп түсіндіреді.

Қазіргі мектеп жағдайында педагогикалық технологияларды қолдану оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық технологияларды қолданудың негізгі мақсаттары:

- оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру;
- білім сапасын жоғарылату;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушыны оқу процесінің белсенді субъектісіне айналдыру.

Педагогикалық технологияны тиімді жүзеге асыру үшін оның негізгі элементтері анықталуы тиіс. Олар: мақсат қою, оқу нәтижесін болжау, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, оқу материалының логикалық құрылымын жасау және оқыту нәтижесін түзету.

Сонымен қатар педагогикалық технология мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруге ықпал етеді. Мұғалім жаңа технологияларды меңгеру арқылы оқу процесін тиімді ұйымдастырып, оқушылардың білім алу мотивациясын арттыра алады.

Оқушылардың қабілеттерін дамыту білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Қабілет – адамның белгілі бір іс-әрекетті табысты орындауына мүмкіндік беретін жеке қасиеттерінің жиынтығы. Қабілет адамның іс-әрекет барысында қалыптасып, дамиды.

Психология ғылымында қабілеттердің дамуы екі деңгейде қарастырылады: репродуктивтік және шығармашылық. Репродуктивтік деңгейде оқушы білімді дайын күйінде қабылдап, оны белгілі үлгі бойынша қолданады. Ал шығармашылық деңгейде оқушы жаңа идеялар ұсынып, мәселені өз бетінше шешуге ұмтылады.

Педагог Л.С.Выготский оқыту мен дамудың өзара байланысын зерттей отырып, баланың дамуын екі аймақ арқылы түсіндіреді: қол жеткен даму аймағы және жақын даму аймағы. Қол жеткен даму аймағы – оқушының өз бетімен орындай алатын тапсырмалары болса, жақын даму аймағы – үлкендердің көмегі арқылы орындай алатын әрекеттері. Оқыту осы жақын даму аймағын дамытуға бағытталуы тиіс.

Оқушылардың қабілеттерін дамытуда бірнеше факторлар маңызды рөл атқарады. Олар:

- биологиялық фактор (тұқымқуалаушылық);
- әлеуметтік орта;
- баланың белсенді әрекеті.

Бастауыш мектеп кезеңінде оқушылардың танымдық процестері – қабылдау, зейін, ойлау, есте



сақтау және тіл дамуы қарқынды қалыптасады. Сондықтан оқу процесін дұрыс ұйымдастыру оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде шығармашылық қабілеттерді дамыту ерекше маңызға ие. Шығармашылық әрекет – адамның жаңа идеялар тудыруы, мәселені ерекше жолмен шешуі және жаңалық ашуға ұмтылуы. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін сабақ барысында:

- проблемалық тапсырмалар;
- зерттеу элементтері;
- шығармашылық жұмыстар;
- ойын технологиялары қолданылуы тиіс.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың ойлау белсенділігін арттырып, олардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамытуда ойын технологиялары ерекше орын алады. Ойын – баланың табиғи әрекет түрі. Ойын барысында оқушы еркін әрекет етіп, өз ойын білдіруге мүмкіндік алады.

Ойын технологиясын қолдану арқылы:

- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады;
- танымдық белсенділігі күшейеді;
- сөздік қоры дамиды;
- сөйлеу мәдениеті қалыптасады;
- есте сақтау қабілеті жетіледі.

Бастауыш сыныптарда қолданылатын ойын түрлері әртүрлі болады. Олардың ішінде мазмұнды-бейнелі ойындар, сюжеттік-рөлдік ойындар, дидактикалық ойындар, шығармашылық ойындар және ұлттық ойындар кеңінен қолданылады.

Есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында төмендегі тапсырмаларды қолдануға болады:

«10 сөз» әдісі.

Мұғалім бірнеше сөздерді оқиды, оқушылар сол сөздерді есте сақтап айтып береді. Бұл әдіс есту арқылы есте сақтау қабілетін дамытады.

«Сөздер тізбегі» ойыны.

Оқушылар кезекпен сөз айтып, алдыңғы сөздерді қайталап отырады. Бұл ойын зейін мен есте сақтау қабілетін жетілдіреді.

«Әңгіме құрастыру» тапсырмасы.

Оқушылар сурет немесе сөздер арқылы шағын әңгіме құрастырады. Бұл тапсырма сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

«Кім көп сөз біледі?» ойыны.

Берілген тақырып бойынша оқушылар

мүмкіндігінше көп сөз жазады. Бұл тапсырма сөздік қорды байытады.

Осындай тапсырмалар оқушылардың тілін дамытып қана қоймай, олардың ойлау қабілетін де жетілдіреді.

Қорыта айтқанда, педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану бастауыш сынып оқушыларының танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқыту процесінде инновациялық әдістер мен ойын технологияларын қолдану оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенді оқу әрекетін қалыптастырады.

Сонымен қатар педагогикалық технологиялар оқушылардың есте сақтау қабілетін, сөздік қорын және сөйлеу мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, шығармашылық әлеуетінің ашылуына және білім сапасының артуына ықпал етеді.

Қолданылғын әдебиеттер тізімі:

1. Қабатай Б. Әдебиеттік оқу: жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған оқыту әдістемесі / Б. Қабатай, В. Қалиева. – 2 бөлім. – Алматы: Атамұра, 2017.
2. Қойшыбаева А. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы. 2015.
3. Құрман Н.Ж., Тұрлыбекова Ж. Қазақ тілінің коммуникативтік грамматикасы. – Астана, 2013.
4. Өмірбаева К. Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер. – Алматы, 2001.
5. Рахметова С. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 2005
6. Тебегенов Т. Әдебиет сабағының түрлері. – Алматы: ҚазҰПУ, 2003.



UDC 372.881.1

**Sarsenova
Makpal Bekbolatovna**

English language teacher at Ulugbek general secondary school, Shymkent

PRESENT SIMPLE TENSE: USAGE AND TEACHING METHODS

Annotation. This article discusses the Present Simple tense, one of the fundamental grammar structures in the English language, and examines effective methods for teaching it to learners. The Present Simple tense is widely used to describe daily routines, habitual actions, general truths, and permanent situations. Because of its simplicity and frequency in everyday communication, it is usually one of the first grammatical topics introduced to beginner-level students. The paper explains the main functions and structures of the Present Simple tense, including affirmative, negative,

and interrogative forms. Special attention is given to common time expressions and the use of verb endings in the third person singular. In addition, the article explores several teaching methods that help students understand and practice this tense more effectively. These methods include visual aids, communicative activities, interactive games, and written exercises. The use of diverse teaching strategies helps increase student motivation and improves their grammatical and communicative skills. The study concludes that a well-structured approach to teaching the Present Simple tense enables learners to develop confidence in speaking and writing English and provides a strong foundation for further language learning.

Key words: Present Simple tense, English grammar, teaching methods, grammar instruction, communicative approach, language learning, classroom activities, English language teaching.

Learning grammar is an essential part of studying the English language. One of the most important and commonly used tenses in English is the Present Simple tense. This tense is used to describe everyday actions, habits, general truths, and regular activities. Understanding the Present Simple tense helps learners communicate basic ideas and talk about daily life. For beginners, it is often the first tense they learn because it forms the foundation for further language development.

The Present Simple tense is widely used in both spoken and written English. Therefore, mastering this tense allows students to build correct sentences and express their thoughts clearly. Teachers should pay special attention to explaining its structure, usage, and common patterns so that students can apply it effectively in real-life communication.

Usage of the Present Simple Tense

The Present Simple tense is used in several common situations. First, it describes daily routines and repeated actions. These are activities that happen regularly. For example:

I go to school every day.
She drinks coffee in the morning.
They play football after school.

Second, the Present Simple tense is used to express general truths and scientific facts. These are statements that are always true. For example:

The sun rises in the east.
Water boils at 100 degrees Celsius.
The Earth moves around the Sun.

Third, this tense is used to talk about habits and permanent situations. For example:

He works in a hospital.
She lives in a big city.
My father drives to work every day.

In addition, certain time expressions are commonly used with the Present Simple tense. These include words such as always, usually, often, sometimes, never, every day, every week, and on weekends. These words help indicate how often an action occurs.

Structure of Present Simple Sentences

The structure of sentences in the Present Simple tense is relatively simple. There are three main types of sentences: affirmative, negative, and interrogative.

In affirmative sentences, the subject is followed by the base form of the verb. For example:

I work.
You study English.
They play basketball.

However, when the subject is in the third person singular (he, she, it), the verb usually takes -s or -es at the end. For example:

He works in an office.
She reads books every evening.
It rains a lot in spring.

For negative sentences, the auxiliary verbs do not (don't) and does not (doesn't) are used. For example:

I do not like coffee.
They do not watch television every day.
She does not play tennis.

For questions, the auxiliary verbs Do or Does are placed at the beginning of the sentence. For example:

Do you like music?
Do they study English?
Does he play football?

These structures are important for students to practice so they can form correct and meaningful sentences.

Teaching Methods for Present Simple

Teaching the Present Simple tense effectively requires different methods and strategies. One useful method is the visual method, where teachers use pictures, charts, and examples to explain the rules. Visual materials help students understand grammar more easily.

Another effective method is communicative practice. In this approach, students practice speaking by asking and answering questions. For example:

Do you like sports?
Yes, I do.
Do you watch TV every day?

No, I don't.

Teachers can also use games and interactive activities. Grammar games make lessons more interesting and motivate students to participate actively. For instance, the game "Find someone who..." encourages students to ask questions and gather information from their classmates.

Additionally, written exercises help reinforce learning. Students can complete sentences, choose the correct verb forms, or write short paragraphs about their daily routines. These activities strengthen both grammar and writing skills.

Using a combination of these methods can help students better understand and remember the rules of the Present Simple tense.

Conclusion



In conclusion, the Present Simple tense is one of the most important grammar topics in the English language. It is used to describe daily routines, habits, and general truths. Mastering this tense helps students communicate basic ideas and talk about their everyday lives.

Teachers play a key role in helping students understand and practice the Present Simple tense. By using different teaching methods such as visual aids, communicative activities, games, and written exercises, teachers can make grammar lessons more effective and engaging.

When students clearly understand the structure and usage of the Present Simple tense, they gain confidence in speaking and writing English. Therefore, learning this tense is an important step toward developing strong language skills.

References

1. **Murphy, R.** *English Grammar in Use*. – 5th ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2019.
2. **Swan, M.** *Practical English Usage*. – 4th ed. – Oxford: Oxford University Press, 2016.
3. **Harmer, J.** *How to Teach English*. – Harlow: Pearson Education Limited, 2007.
4. **Scrivener, J.** *Learning Teaching: The Essential Guide to English Language Teaching*. – 3rd ed. – London: Macmillan Education, 2011.
5. **Ur, P.** *A Course in Language Teaching: Practice and Theory*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012.
6. **Richards, J. C., Rodgers, T. S.** *Approaches and Methods in Language Teaching*. – 3rd ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2014.



УДК 372.881.1

**Сеитова Айну
Джамбуловна**

Преподаватель русского языка
ГККП «Колледж энергетики и связи»,
г. Шымкент

ОДИН КЛАСС – РАЗНЫЕ МАРШРУТЫ: ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ НА УРОКЕ РУССКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. В статье рассматриваются особенности дифференциации обучения на уроках русского языка в условиях одного класса с разным уровнем подготовки учащихся. Описывается трёхуровневая модель заданий: базовый, основной и продвинутой уровни. Показаны способы адаптации упражнений, позволяющие учитывать индивидуальные способности школьников и повышать эффективность обучения. Также анализируются методические подходы современных исследователей.

Каждый учитель рано или поздно сталкивается с одним и тем же противоречием: в классе сидят тридцать учеников, но усваивают они материал совершенно по-разному. Один ребёнок схватывает правило с первого объяснения, другому требуется несколько повторений, третий и вовсе нуждается в индивидуальном подходе. Именно здесь на помощь приходит **дифференцированное обучение** – педагогическая стратегия, при которой учитель гибко адаптирует содержание, процесс и результат учебной деятельности под потребности каждого ученика. Н.П. Авдеева определяет дифференцированное обучение как форму организации образовательного процесса или технологии обучения, в основе которых лежит разделение обучающихся на группы с учётом их индивидуальных особенностей: возраста, мотивации, интересов, фоновых знаний, уровня владения языком [1]. Как отмечает В.В. Алилуева, занятия с учениками разного уровня подготовки являются основной проблемой для большинства преподавателей, поскольку значительно затрудняют планирование и реализацию планов на уроках [2].

Применительно к урокам русского языка дифференциация особенно актуальна, поскольку языковая компетентность формируется неравномерно. Дети приходят в школу с разным словарным запасом, разным опытом чтения, разным уровнем грамотности. З.С. Тешабаева указывает, что в дидактике обучение считается дифференцированным, если в процессе обучения учитываются индивидуальные различия учащихся, а целью дифференциации учебного процесса является создание условий для максимального развития способностей, возможностей и интересов каждого учащегося [3]. Задача педагога – не усреднить класс до единого шаблона, а создать условия, при которых каждый ученик продвигается вперёд в собственном темпе, не испытывая ни скуки от чрезмерной лёгкости, ни тревоги от непреодолимой сложности.

В основе дифференцированного подхода лежит идея о том, что **зона ближайшего развития** у каждого ребёнка своя. Это понятие, введённое Львом Выготским, описывает разрыв между тем, что ученик умеет делать самостоятельно, и тем, чего он может достичь при поддержке педагога или более компетентного сверстника. З.С. Тешабаева подчёркивает, что без индивидуализации не может быть развивающего обучения, предполагающего формирование обобщённых способов умственной деятельности алгоритмического и эвристического типа [3]. Грамотно выстроенная система заданий разного уровня сложности позволяет одновременно поддерживать слабых учеников и развивать сильных, не оставляя никого за бортом урока.

Как же практически выстраивать задания разного уровня на уроке русского языка? Наиболее

распространённой является **трёхуровневая модель**: базовый, основной и продвинутой уровни. В.В. Алилуева указывает, что самым распространённым методом внутриаудиторной дифференциации является выполнение обучающимся заданий разного уровня сложности, при этом задания дифференцируются по степени самостоятельности, по уровню творчества, по объёму учебного материала и по характеру помощи обучающимся [2]. З.С. Тешабаева дополняет: в педагогической практике материал дифференцируют с учётом уровня сложности, самостоятельной работы и домашних заданий, уровня способностей учащихся и склонностей к предмету [3]. Н.П. Авдеева, в свою очередь, предлагает два конкретных направления адаптации заданий учебника: изменение инструкции выполнения задания с сохранением текста упражнения, а также минимальные изменения самого текста упражнения с сохранением инструкции [1]. Базовый уровень ориентирован на учеников, которым необходима опора: здесь уместны задания с подсказками, частично заполненными таблицами, алгоритмами написания орфограмм, выбором ответа из предложенных вариантов.

Основной уровень предполагает самостоятельную работу с опорой на изученные правила. Ученики этого уровня выполняют стандартные упражнения: списывание с заданием, диктанты, составление предложений по образцу. **Продвинутой уровень** – для тех, кто усвоил материал и готов к интеллектуальному вызову. З.С. Тешабаева отмечает, что при дифференцированной образовательной технологии сильные ученики активно реализуют желание двигаться вперёд и глубже, тогда как слабые ученики с меньшей вероятностью отстают [3]. Н.П. Авдеева предлагает практический инструмент для таких случаев – трансформацию заданий закрытого типа в задания открытого типа, предполагающие бесконечное множество правильных ответов: подобный подход вовлекает разноуровневых студентов в совместный учебный процесс, не разрушая единства урока [1].

Важно подчеркнуть, что **уровни не являются постоянными и фиксированными**. Ученик может выполнять задания базового уровня по одной теме и продвинутого – по другой, в зависимости от своих индивидуальных пробелов. Гибкость – ключевое слово дифференцированного обучения. Как указывает В.В. Алилуева, гибкое распределение учеников по группам является одним из ключевых инструментов педагога: более слабым ученикам полезно работать в одной группе с учениками более высокого уровня, что создаёт естественную среду взаимного обучения [2]. Н.П. Авдеева обращает внимание на то, что в соответствии с уровнем языковой подготовки обучающиеся выполняют разный объём заданий с различной скоростью и требуют надлежщего

внимания преподавателя и целесообразных форм контроля [1].

Отдельного внимания заслуживает вопрос инклюзивности в смешанном классе. В.В. Алилуева предупреждает: если учитель уделяет слишком много времени ученикам высокого уровня, менее подготовленные дети могут почувствовать себя проигнорированными и потерять мотивацию, однако и обратная ситуация столь же рискованна [1]. З.С. Тешабаева также указывает на то, что противники дифференцированного обучения опасаются разделения учащихся на группы с разными условиями, однако основной смысл дифференциации заключается именно в адаптации учебного процесса к познавательным способностям и интересам каждого ученика, а не в создании неравенства [2]. Практика подтверждает: Н.П. Авдеева апробировала предложенные способы адаптации заданий на занятиях по русскому языку как иностранному и установила, что они позволяют организовать коллективную аудиторную работу обучающихся разного уровня и значительно сократить временные затраты преподавателя на подготовку к занятию [1].

Практическая реализация дифференциации требует от учителя серьёзной подготовки: необходимо заранее разработать несколько вариантов одного и того же задания, подготовить раздаточные материалы, продумать критерии оценивания. З.С. Тешабаева обращает внимание на то, что дозировка помощи педагога учащимся с низкими результатами – разбиение теста или отрывка на самостоятельные части, работа с наглядным подкреплением в виде опорных схем и чертежей – позволяет добиться эффективности учебного процесса за счёт подготовительных упражнений [3]. Н.П. Авдеева предлагает конкретное решение проблемы временных затрат: адаптировать уже существующие задания учебника, не разрабатывая новые с нуля, – это позволяет обеспечить дифференциацию с минимальными усилиями [1]. Именно здесь на помощь приходят современные **технологии искусственного интеллекта**, которые становятся незаменимым инструментом в руках педагога.

Искусственный интеллект (ИИ) открывает принципиально новые возможности для персонализации обучения, во многом решая проблему, на которую указывает В.В. Алилуева: в больших классах предоставление по-настоящему дифференцированного содержания крайне трудоёмко [2]. Современные ИИ-системы способны анализировать результаты диагностических работ, выявлять типичные ошибки каждого ученика и автоматически формировать индивидуальные наборы заданий, соответствующие его уровню. Это напрямую согласуется с тем, что З.С. Тешабаева называет технологией поэтапной дифференциации обучения на основе обязательных результатов – вариантом, направленным на обучение каждого



ушащегося на уровне его индивидуальных возможностей и способностей [3]. Кроме того, ИИ способен в считанные секунды генерировать именно те варианты адаптации заданий, которые Н.П. Авдеева описывает как трудоёмкие для ручной разработки: задания открытого типа, варианты с изменёнными инструкциями, упражнения с убранными или добавленными подсказками [1].

Кроме того, ИИ-ассистенты способны давать мгновенную обратную связь: они не просто указывают на ошибку, но и объясняют правило, приводят примеры, задают наводящие вопросы. Это особенно ценно при самостоятельной работе учеников, когда учитель физически не может уделить внимание каждому одновременно. **Интеллектуальные системы обратной связи** снижают уровень тревожности у слабых учеников, поскольку те не боятся «показаться глупыми» перед одноклассниками. Это согласуется с идеей В.В. Апилуевой о важности создания спокойной и безопасной среды обучения [2], а также с тезисом З.С. Тешабаевой о том, что дифференцированное обучение стимулирует развитие познавательных интересов и открывает широкие возможности для самореализации, самопознания и самосовершенствования учащихся [3].

Вместе с тем важно понимать, что ИИ – это инструмент, а не замена учителя. Живое педагогическое взаимодействие, эмоциональная поддержка, умение заметить усталость ребёнка или заечь в нём интерес к предмету – всё это остаётся исключительной прерогативой человека. Наиболее продуктивная модель – **симбиоз учителя и технологий**: педагог формулирует образовательные цели и создаёт доверительную атмосферу в классе, а ИИ берёт на себя рутинную часть – генерацию вариативных заданий, проверку типовых ошибок, ведение статистики прогресса.

Дифференцированное обучение на уроке русского языка – это не дань моде и не усложнение работы учителя ради усложнения. Это осознанный профессиональный выбор в пользу каждого конкретного ребёнка. В.В. Апилуева справедливо замечает, что вышшим достижением дифференциации является поощрение автономии учащихся: дифференциация будет по-настоящему достигнута тогда, когда отдельные учащиеся возьмут на себя ответственность за собственное обучение [2]. З.С. Тешабаева подчёркивает, что дифференцированное обучение открывает учащимся широкие возможности для самореализации [3], а Н.П. Авдеева напоминает: предложенные способы адаптации могут быть использованы при подготовке заданий не только по русскому языку как иностранному, но и по другим иностранным языкам в условиях дифференцированного обучения [1]. Именно к этому и стремится современная педагогика: не к одинаковому результату, а к равным возможностям для роста каждого.

Список литературы

1. Авдеева Н.П. Дифференцированное обучение русскому языку как иностранному: способы адаптации учебных заданий // Иностранные языки сквозь призму лингводидактики. – Саратов: Саратовский государственный медицинский университет имени В.И. Разумовского, 2021. – С. 100–106.
2. Апилуева В.В. Дифференцированное обучение английскому языку учеников с разным уровнем языковой подготовки // Мир науки. Педагогика и психология. – 2025. – Т. 13. – №4. – URL: <https://mir-nauki.com/PDF/100PDMN425.pdf>.
3. Тешабаева З.С. Дифференцированное обучение как фактор повышения эффективности образовательного процесса // Экономика и социум. – 2025. – № 9 (135). –



ӘОЖ 372.881.1

**Жиенқожа Жансұлу
Орынқожақызы**

Шымкент қаласы, №54 ЖОББМ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілін оқыту барысында мәтіндер мен тапсырмаларды тиімді қолданудың маңызы қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда мәтінмен жұмыс ерекше орын алады. Мақалада мәтіндердің түрлері, оларды сабақта қолдану жолдары, мәтінге негізделген тапсырмалар жүйесі және олардың оқушылардың тілдік дағдыларын дамытудағы рөлі талданады. Сонымен қатар мәтіндік материалдарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту мүмкіндіктері көрсетілген. Зерттеу нәтижелері мәтіндік тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың тілдік белсенділігін арттырып, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдейді.

Кілт сөздер: ағылшын тілін оқыту, мәтінмен жұмыс, тілдік дағдылар, коммуникативтік әдіс, тапсырмалар жүйесі, мәтіндік технология.

Қазіргі таңда шет тілін оқыту білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе ағылшын тілі халықаралық қатынас құралы ретінде үлкен маңызға ие. Сондықтан оқушылардың ағылшын тілінде еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын

қалыптастыру – тіл мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі.

Ағылшын тілін оқыту барысында мәтіндер мен тапсырмаларды тиімді қолдану оқушылардың тілдік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мәтін – тіл үйренудің негізгі құралы, өйткені ол оқушыларға жаңа сөздерді меңгеруге, грамматикалық құрылымдарды түсінуге және тілдік үлгілерді қолдануға көмектеседі.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушылар тек тілдік білім ғана алып қоймай, сонымен қатар олардың сыни ойлау, талдау және қорытынды жасау дағдылары да дамиды. Сондықтан қазіргі әдістемеді мәтіндік материалдарды сабақта жүйелі түрде қолдану маңызды болып саналады.

Зерттеу барысында келесі педагогикалық әдістер қолданылды:

- ғылыми әдебиеттерді талдау;
- педагогикалық бақылау;
- салыстырмалы талдау;
- тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыру;
- оқушылардың оқу жетістіктерін талдау.

Бұл әдістер мәтіндер мен тапсырмаларды қолданудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Ағылшын тілін оқытудағы мәтіндердің рөлі

Мәтін – тіл үйренудің негізгі дидактикалық материалы. Ол оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Мәтіндердің негізгі қызметтері:

Ақпараттық қызметі – оқушылар жаңа ақпарат алады.

Тілдік қызметі – жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды меңгереді.

Коммуникативтік қызметі – сөйлеу әрекетін дамытуға ықпал етеді.

Танымдық қызметі – оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді.

Ағылшын тілін оқытуда мәтіндердің бірнеше түрлері қолданылады:

- көркем мәтіндер;
- ақпараттық мәтіндер;
- диалогтық мәтіндер;
- ғылыми-танымдық мәтіндер;
- публицистикалық мәтіндер.

Әр мәтін түрі оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға әртүрлі деңгейде әсер етеді.

Мәтінге негізделген тапсырмалар жүйесі

Мәтінмен жұмыс жасау барысында тапсырмалар бірнеше кезеңге бөлінеді.

1. Мәтінге дейінгі тапсырмалар (Pre-reading)

Бұл кезеңде оқушылардың мәтінге деген қызығушылығы оянып, тақырып бойынша бастапқы білімдері анықталады.

Мысалы:

- тақырып бойынша сұрақтар қою;
- суреттер арқылы болжам жасау;
- жаңа сөздерді түсіндіру.

Мысал тапсырма:

Look at the picture and answer the questions:

What do you see in the picture?

What do you think the text will be about?

2. Мәтінмен жұмыс (While-reading)

Бұл кезеңде оқушылар мәтінді оқып, оның мазмұнын түсінеді.

Мысал тапсырмалар:

- мәтіндегі негізгі ойды анықтау;
- дұрыс немесе бұрыс ақпаратты табу;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.

Мысалы:

Read the text and choose the correct answer.

What is the main idea of the text?

Who is the main character?

What happened at the end of the story?

3. Мәтіннен кейінгі тапсырмалар (Post-reading)

Бұл кезеңде оқушылар мәтін бойынша өз ойларын айтып, талдау жұмыстарын жүргізеді.

Мысалы:

- мәтінді қысқаша мазмұндау;
- пікір айту;
- диалог құрастыру;
- эссе жазу.

Мысал тапсырма:

Discuss the following questions in pairs:

Do you agree with the author?

What lesson can we learn from the text?

Мәтіндік тапсырмалардың тілдік дағдыларды дамытудағы рөлі

Мәтінге негізделген тапсырмалар оқушылардың төрт негізгі тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді:

Оқу дағдысы (Reading). Оқушылар мәтінді түсініп оқуға, негізгі ақпаратты табуға үйренеді.

Тыңдау дағдысы (Listening). Мәтіннің аудио нұсқасын тыңдау арқылы тыңдалым дағдылары дамиды.

Сөйлеу дағдысы (Speaking). Мәтін бойынша пікір алмасу және диалог құрастыру сөйлеу қабілетін дамытады.

Жазу дағдысы (Writing). Мәтін негізінде эссе немесе қысқаша мазмұндама жазу жазу дағдыларын жетілдіреді.

Тиімді мәтіндерді таңдау критерийлері

Мәтінді таңдау барысында мұғалім келесі талаптарды ескеруі қажет:

- оқушылардың жас ерекшелігі;
- тілдік деңгейі;
- тақырыптың қызықтылығы;
- мәдени және тәрбиелік маңызы.

Сонымен қатар мәтіндер оқушылардың өмірімен байланысты болуы қажет. Бұл олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Практикалық ұсыныстар

Ағылшын тілі сабақтарында мәтіндерді тиімді қолдану үшін мұғалімге келесі ұсыныстар беріледі:

- Сабақта әртүрлі мәтін түрлерін қолдану.
- Мәтінге байланысты шығармашылық



тапсырмалар беру.

- Топтық және жұптық жұмыстар ұйымдастыру.
- Мәтіндерді өмірлік жағдаяттармен байланыстыру.
- Цифрлық ресурстар мен мультимедиялық материалдарды пайдалану.

Бұл тәсілдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың тілдік дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, мәтіндер мен тапсырмаларды тиімді қолдану ағылшын тілін оқыту үдерісінің маңызды бөлігі болып табылады. Мәтіндер оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға, сөздік қорын кеңейтуге және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мәтінге негізделген тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтереді. Сондықтан мәтіндік материалдарды сабақ барысында тиімді пайдалану қазіргі тіл оқыту әдістемесінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Harmer J. How to Teach English. – London: Longman, 2007.
2. Scrivener J. Learning Teaching. – Oxford: Macmillan Education, 2011.
3. Richards J., Rodgers T. Approaches and Methods in Language Teaching. – Cambridge University Press, 2014.
4. Nunan D. Language Teaching Methodology. – London: Prentice Hall, 2003.
5. Brown H.D. Principles of Language Learning and Teaching. – New York: Pearson Education, 2007.
6. Щукин А.Н. Методика преподавания иностранных языков. – Москва: Академия, 2011.



ӘОЖ 372.882

**Аманжолова
Акнур Бегилдаевна**

Шымкент қаласы, «М.Горький атындағы №12 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚУ МАҚСАТЫНА САЙ ТАЛДАЙ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиеті сабағында оқу мақсаттарына сәйкес әдеби шығармаларды талдаудың тиімді әдістері қарастырылған. Оқушылардың әдеби-теориялық білімін дамытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, сыни

тұрғыдан ойлауын дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Көркем шығармаларды оқытуда қолданылатын заманауи педагогикалық әдістер мен тәсілдер талданады. Әдеби шығармалардың мазмұнын, композициясын, лингвистикалық талдаудың тиімді тәсілдері ұсынылған.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың рухани дүниесін байытуда және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде қазақ әдебиеті пәнінің маңызы ерекше. Әдеби шығармаларды оқу мен талдау арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, эстетикалық талғамы қалыптасады. Сондықтан әдебиетті оқыту барысында көркем шығармаларды тек мазмұндап қана қоймай, оқу мақсатына сәйкес талдай оқыту маңызды болып табылады.

Көркем шығарманы талдау – оқушының мәтінді терең түсінуіне, автор идеясын ұғынуына және әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне сыни көзқараспен қарауына мүмкіндік береді. Әдеби шығарманы тиімді талдау әдістері оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді [1].

Көркем шығармаларды талдай оқытудың маңызы

Көркем мәтінді талдау – әдебиетті оқытудағы негізгі әдістемелік бағыттардың бірі. Бұл әдіс оқушылардың мәтінді жан-жақты түсінуіне, оның көркемдік ерекшеліктерін анықтауына көмектеседі. Әдеби шығарманы талдау барысында оқушылар автордың идеясын, кейіпкерлер жүйесін, сюжет пен композициясын, тілдік ерекшеліктерін анықтайды.

Ғалымдардың пікірінше, әдеби шығарманы талдау оқушылардың әдеби білімін жүйелеуге және олардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [2].

Сонымен қатар бұл үрдіс оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Көркем шығарманы талдаудың негізгі бағыттары

Әдеби шығарманы тиімді талдау бірнеше бағытта жүзеге асады.

1. Мазмұндық талдау

Бұл талдау түрінде шығарманың негізгі тақырыбы мен идеясы қарастырылады. Оқушылар мәтіндегі негізгі ойды анықтап, автордың көзқарасын түсінуге тырысады. Мұндай талдау оқушылардың мәтінді түсіну қабілетін дамытады.

2. Кейіпкерлер жүйесін талдау

Көркем шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, психологиялық ерекшеліктерін талдау арқылы оқушылар адамгершілік құндылықтарды түсінеді. Кейіпкерлерді салыстыру, олардың әрекеттерін бағалау оқушылардың сыни ойлауын дамытады.

3. Композициялық талдау

Композициялық талдау барысында шығарманың құрылымы қарастырылады.

Оқушылар оқиға желісін, шиеленіс, шарықтау шегі және шешім сияқты элементтерді анықтайды.

4. Тілдік-көркемдік талдау

Бұл бағытта көркем шығармадағы бейнелеу құралдары, троптар, көркем сөздер талданады. Мұндай жұмыс оқушылардың тіл байлығын арттыруға ықпал етеді.

Қазақ әдебиеті сабағында қолданылатын тиімді әдістер

Қазіргі педагогикада әдеби шығармаларды талдауда түрлі инновациялық әдістер қолданылады. Соның ішінде төмендегілер тиімді болып саналады:

1. Сұрақ-жауап әдісі

Бұл әдіс оқушылардың мәтінді түсіну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

2. Дебат және пікірталас

Кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беру арқылы оқушылар өз пікірін дәлелдеуге үйренеді.

3. Топтық жұмыс

Оқушыларды топқа біріктіріп, әр топқа шығарманың белгілі бір бөлігін талдату – тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

4. Инсерт әдісі

Оқушылар мәтінді оқу барысында маңызды тұстарды белгілеп, өз ойларын жазады.

5. Салыстырмалы талдау

Бұл әдіс арқылы оқушылар әртүрлі шығармаларды немесе кейіпкерлерді салыстырып, ортақ және айырмашылықтарын анықтайды.

Зерттеушілердің пікірінше, осындай әдістерді қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың әдебиетке деген қызығушылығын күшейтеді [3].

Көркем мәтінді оқытудағы мұғалімнің рөлі

Әдебиетті оқытуда мұғалімнің кәсіби шеберлігі маңызды рөл атқарады. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың рухани дамуына бағыт беретін тұлға. Ол оқушыларды көркем мәтінді дұрыс түсінуге, оның эстетикалық құндылығын бағалауға үйретеді.

Мұғалім сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі әдістерді тиімді қолдануы тиіс. Сонымен қатар шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушылардың әдеби қабілетін дамыту қажет.

Әдеби шығарманы талдаудың педагогикалық негізі

Қазақ әдебиетін оқытуда көркем шығарманы талдау – оқушының мәтінді саналы түрде қабылдауын қалыптастыратын маңызды педагогикалық үдеріс. Әдебиетті оқыту әдістемесінде көркем мәтінді талдау оқушының танымдық белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

Ғалымдардың пікірінше, көркем мәтінді талдау барысында оқушылар мәтіндегі негізгі идеяны, авторлық позицияны және кейіпкерлер жүйесін түсінуге үйренеді. Сонымен қатар мәтінді талдау оқушылардың логикалық ойлауын, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын

қалыптастырады [1].

Көркем шығармаларды талдау барысында оқушы тек ақпарат қабылдаушы емес, мәтінмен белсенді жұмыс жасайтын тұлға ретінде қалыптасады. Бұл қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі болып табылады.

Көркем шығарманы талдаудың кезеңдері

1-кезең. Мәтінді қабылдау

Бұл кезеңде оқушылар шығармамен алғаш рет танысады. Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқып немесе аудиожазба арқылы тыңдата алады.

2-кезең. Мазмұнын түсіну

Оқушылар шығарманың негізгі оқиғаларын анықтап, қысқаша мазмұнын айтып береді.

3-кезең. Терең талдау

Бұл кезеңде шығарма жан-жақты талданады:

- тақырыбы
- идеясы
- кейіпкерлер жүйесі
- көркемдік ерекшеліктері

4-кезең. Қорытынды жасау

Оқушылар шығармадан алған әсерін айтып, автор идеясын бағалайды.

Қазақ әдебиетін оқытудағы ұлттық құндылықтар

Қазақ әдебиеті арқылы оқушылар ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді және тарихи мұраны танып біледі. Көркем шығармаларды талдау барысында оқушылар халқымыздың рухани құндылықтарын түсінеді.

Әдеби шығармаларда көрініс тапқан адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық сияқты қасиеттер жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасуына үлкен әсер етеді [3].

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті сабағында көркем шығармаларды оқу мақсатына сай талдай оқыту – оқушылардың әдеби білімін тереңдетудің маңызды жолдарының бірі. Көркем мәтінді мазмұндық, композициялық, образдық және тілдік тұрғыдан талдау арқылы оқушылар шығарманың идеялық мәнін түсінеді.

Сабақ барысында түрлі әдістер мен инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытып, әдебиетке деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан қазақ әдебиетін оқытуда көркем шығармаларды жан-жақты талдау әдістерін тиімді қолдану – білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.
3. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы: Жазушы, 1986.
4. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.
5. Беспалько В. Педагогические технологии. – Москва, 1989.



УДК 372.881.1

**Бекмамбетова
Мадина Сундетовна**

учитель английского языка
КГУ «Общеобразовательная средняя
школа №4 имени Х. Досмухамедова»,
г. Шымкент

**АВТОРСКАЯ ПРОГРАММА ЭЛЕКТИВНОГО КУРСА
«TRAVEL ENGLISH: PLANNING YOUR DREAM TRIP» КАК
СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ
КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ 8 КЛАССА**

Аннотация. В статье представлена авторская программа элективного курса «Travel English: Planning Your Dream Trip», разработанная для учащихся 8 класса общеобразовательных школ. Рассматриваются цели, содержание, методические подходы и ожидаемые результаты курса. Особое внимание уделяется практико-ориентированному и проектному характеру обучения, использованию аутентичных материалов и развитию коммуникативной, социокультурной и цифровой компетенций учащихся. Программа может быть использована как эффективное дополнение к основному курсу английского языка.

Ключевые слова: элективный курс, Travel English, коммуникативная компетенция, проектная деятельность, английский язык, межкультурная коммуникация.

В условиях глобализации и роста международной мобильности владение английским языком приобретает особую практическую значимость. Для современных школьников английский язык перестает быть исключительно учебной дисциплиной и становится инструментом реального общения, особенно в сфере путешествий и туризма. Однако базовая школьная программа не всегда позволяет в достаточной мере сформировать навыки, необходимые для уверенного общения в типичных туристических ситуациях.

В связи с этим особую актуальность приобретают элективные курсы, ориентированные на практическое использование языка. Одним из таких курсов является авторская программа «Travel English: Planning Your Dream Trip», разработанная для учащихся 8 класса.

Цели и задачи курса

Основной целью курса является формирование практической коммуникативной компетенции учащихся, необходимой для использования английского языка в реальных ситуациях, связанных с планированием и осуществлением путешествий.

Для достижения данной цели в программе определены следующие задачи:

- ✓ расширение активного и пассивного

словарного запаса по туристической тематике;

- ✓ закрепление и актуализация грамматических структур в условиях реального общения;
- ✓ развитие навыков говорения, аудирования, чтения и письма;
- ✓ формирование социокультурной компетенции и навыков межкультурного общения;
- ✓ развитие самостоятельности, критического мышления и навыков решения проблем.

Содержание и структура программы

Курс рассчитан на 34 часа (1 час в неделю) и включает четыре логически взаимосвязанных раздела:

1. Planning the Journey
2. Accommodation and Food
3. Sightseeing and Culture
4. Finalizing and Sharing

Содержание курса выстроено по принципу постепенного погружения учащихся в процесс планирования путешествия — от выбора направления и бронирования билетов до решения проблемных ситуаций и защиты итогового проекта.

Особенностью программы является ее интегрированный характер: каждая тема представляет собой отдельный этап большого учебного проекта «Planning Your Dream Trip». Таким образом, обучение носит целостный и осмысленный характер.

Методические особенности и инновационность

- ✓ программа основана на коммуникативно-деятельностном подходе и активно использует интерактивные методы обучения;
- ✓ ролевые игры и симуляции (в аэропорту, отеле, ресторане);
- ✓ кейс-стади и проблемные ситуации;
- ✓ проектную и групповую работу;
- ✓ использование аутентичных материалов (меню, карты, сайты бронирования, электронные письма).

Новизна курса заключается в системном применении «simulation-based learning» и ориентации на реальные жизненные сценарии. Учащиеся не заучивают готовые фразы, а учатся гибко использовать язык в изменяющихся ситуациях, что способствует развитию функциональной грамотности.

Результаты и педагогическая ценность

По окончании курса учащиеся демонстрируют:

- ✓ повышение уровня владения английским языком (A2–B1);
- ✓ уверенность в устной коммуникации;
- ✓ умение пользоваться англоязычными цифровыми ресурсами;
- ✓ сформированные навыки планирования, презентации и командной работы.

Итоговой формой контроля является защита

проекта «7 Days Abroad», который позволяет комплексно оценить языковые, коммуникативные и метапредметные результаты обучения.

